Сорбция ячеистого бетона плотностью 800 кг/м^3 протекала при влажности воздуха 98% и достигла 8-10%. Как показали эксперименты, сорбционное увлажнение ячеистого бетона зависит от его плотности и температурно-влажностных условий окружающей среды. Проанализировав полученные данные, можно заключить, что водопоглощение наиболее интенсивно происходит в течение первых двух часов эксперимента и через 144 часа значение последнего достигает 35% при плотности материала 800 кг/м^3 . Таким образом, для неавтоклавного ячеистого бетона на основе тонкомолотых смесей с добавкой ПАВ и нефтешлама характерно меньшее значение водопоглощения.

Усадку устанавливают на образцах-призмах размером $40 \times 40 \times 160 \text{ мм}$. Значения усадочных деформаций образцов ячеистых бетонов составило $2,20 \text{ мм/м}$.

Морозостойкость определяли по методике ГОСТ 10060.1 - 95 "Бетоны. Базовый метод определения морозостойкости". Для испытания образцы после 28-суточного твердения в нормальных влажностных условиях подвергали попеременному замораживанию и оттаиванию. В результате проведенных испытаний ячеистого бетона установлены, что через первые 25 циклов попеременного замораживания и оттаивания прочность всех образцов снизилась на 2-3%, через 35 циклов – 8% и через 50 циклов прочность снизилась на 13,5%.

Для определения степени влияния влагосодержания на теплопроводность ячеистого бетона, эксперимент проводили на высушенных и увлажненных образцах. Анализируя экспериментальные данные, можно отметить, что теплоизоляционная эффективность ячеистого бетона характеризуется низкими значениями коэффициентов теплопроводности, чем ячеистый бетон той же плотности на основе тонкомолотых сухих смесей с добавкой ПАВ. Это обусловлено макропористой структурой газобетонов, преобладанием в структуре мелких замкнутых пор. Коэффициент теплопроводности для образца из неавтоклавного ячеистого бетона на основе ТМС составило $0,217 \text{ Вт}/(\text{м} \cdot ^\circ\text{C})$.

Долговечность ячеистого бетона очень тесно связана с его структурой. Структура ячеистого бетона неоднородна. Затвердевший ячеистый бетон состоит из замкнутых и открытых макропор и межпоровых стенок, содержащих, в свою очередь, микропоры и микрокапилляры (рис 1а).


В идеале поры должны иметь правильную сферическую форму, должны быть закрытыми и равномерно распределяться в объеме бетона. Однако, обычно в ячеистых бетонах наряду со сферическими присутствуют макропоры неправильной формы, с рваными краями, встречаются цепочки из 2-3 пор длиной 5-6мм.

Равномерное распределение частиц алюминия в бетонной смеси способствует образованию более однородной поровой структуры, а возросшая реакционная способность алюминиевого порошка - увеличению объема выделяющегося газа и, как следствие, снижению плотности ячеистого бетона (рис 1б).

Создание более однородной поровой структуры, а также стабилизация стенок газовых пор с помощью пены, позволяющая ячеистобетонной массе достичь такой пластической прочности, при которой уже невозможна ее осадка, способствуют небольшому (на 15%) повышению прочности ячеистого бетона (рис 1в).

Для того чтобы предотвратить процесс поглощения водяных паров из воздуха и взаимодействие их с тонкомолотой смесью, необходимо обеспечить герметичное хранение полученных сухих смесей. Как показывают проведенные испытания, при соблюдении условия хранения, основные показатели качества сухой смеси не изменяются в течение длительного времени.

Исследование свойств сухой смеси после 6 месяцев хранения показали, что вспениваемость растворной смеси снижается на 3%, а прочность ячеистого бетона уменьшилась на 3%. Следует отметить, что вопрос о недостаточном объеме ячеистой массы в данном случае снимается при увеличении продолжительности приготовления ячеистого бетона.



а – неавтоклавный ячеистый бетон;

б – неавтоклавный ячеистый бетон с добавкой ПАВ;

в - неавтоклавный ячеистый бетон на основе ТМС

Рисунок 1 – Макроструктура образцов неавтоклавного ячеистого бетона

Литература:

1. Ахметов Д.А.. Пути сокращения тепло и энергозатрат в строительстве./Ахметов Д.А., Ахметов А.Р. и др.//Вестник КГУ им.Коркыт Ата./Кызылординский государственный университет им. Коркыт Ата – 2012. - №4 (36). – С. 90-91. – Ежегод.
2. Бисенов К.А. Ресурсосберегающая технология монолитного газобетона на основе барханных песков. // Жилищное строительство. – 1995. - №7. – С.18-20. – Ежемес.
3. Красникова Н.М. Сухая механоактивированная смесь для получения неавтоклавног пенобетона. Т.1. Кн.1/ Красникова Н.М., Хохряков О.В.//Материалы международного конгресса «Наука и инновации в строительстве», «Современные проблемы строительного материаловедения и технологии». – Воронеж: ВГАСУ, 2008. – 400 с.: ISBN 5-8123-3471-6.
4. Сактаганова Н.А. Неавтоклавног ячеистый бетон на основе гидрофобизирующей добавки.// Вестник Кызылординского государственного университета им.Коркыт Ата./ Кызылординский государственный университет им.Коркыт Ата – 2012. - №1 (42). – С. 9-15. – Ежегод.
5. Хозин В.Г., Красникова Н.М., Магдеев У.Х. Сухая смесь для получения пенобетона. // Строительные материалы, оборудование, технологии XXI века. -2008.-№2 – С.32-33. – Ежемес.

ӨОЖ 37.016:547.29:661.733:001.895

МИКРОТОЛҚЫНДЫҚ ХИМИЯ-ЗЕРТХАНАЛЫҚ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ: КАРБОН ҚЫШҚЫЛДАРЫНЫҢ КҮРДЕЛІ ЭФИРЛЕРІН МИКРОТОЛҚЫНДЫҚ АКТИВАЦИЯЛАУ АРҚЫЛЫ АЛУ

А.ЛЮБЧИК, қауымдастырылған профессор,
Жаңа Лиссабон университеті, Ресей Федерациясы

А.С.ШИГЕНОВА, магистрант,

Г.М.АБЫЗБЕКОВА, Н.О. АППАЗОВ, химия ғылымының кандидаттары
Қоркыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Андатпа

Микротолқындық химия микротолқындық сәуле қуатын (аса жоғары жиілікті) қолдану арқылы қатты диэлектрик және сұйық заттардың қатысуымен жүретін химиялық өзгерістерді қарастырады. Микротолқындық сәулелендіруді химиялық практикада сынама дайындауда, химиялық препараттарды кептіру мен гидратсыздандыруда, бейорганикалық синтезде, сонымен қатар органикалық синтезде кеңінен қолданылуда. Химиялық синтезде қысқа толқынды сәулелендіруді көптеген химиялық реакциялардың ұзақтығын бірнеше ондаған, жүздеген есе қысқартуға мүмкіндік беріп сұйық және қатты сынамаларды жылдам қыздыратын қабілетіне байланысты қолданады. Химияда зор мүмкіндіктер ашатын микротолқындық сәулелендіруді пайдалану микротолқынды әсер ету эффектілерін зерттеуге деген үлкен қызығушылық туғызды. Бұл мақалада микротолқындық активациялауды қолдану арқылы карбон қышқылдарының күрделі эфирлерін синтездеуге қолдану мүмкіншіліктері зерттелді, өз кезегінде изоамилацетатты синтездеу көрсетілген және әрекеттесуші заттардың оңтайлы 1:1,1 мольдік ара қатынасы анықталған. Алынған өнімдер Shimadzu (Жапония) фирмасының IR-Prestige 21 ИҚ-спектрометрі және Agilent 7890A/5975C хромато-масс спектрометрі (АҚШ) көмегімен идентификацияланды және зерттеу нәтижелері осы бағыттағы микротолқындық активациялау әдістері зертханалық оқыту процесіне енгізу негізінде жоғары оқу орындарының 5B011200 – «Химия», 5B060600 – «Химия», 5B072100-«Органикалық

заттардың химиялық технологиясы» мамандықтарына «Химиялық синтез» пәнінен элективті курсының лабораториялық практикумына енгізу қарастырылған.

Кілт сөздер: микротолқындық химия, изоамилацетат, этерификация, микротолқындық сәулелендіру, карбон қышқылдарының күрделі эфирлері, элективті курс, инновациялық дамытушы зерттеуші сабақ.

Аннотация

Микроволновая химия включает химические превращения с участием твёрдых диэлектриков и жидкостей, связанные с использованием энергии микроволнового поля (сверхвысокочастотного облучения). Микроволновое облучение широко применяется в химической практике, а именно в пробоподготовке, сушке и дегидротации, в неорганическом синтезе и в органическом синтезе. Применение микроволнового облучения в химическом синтезе связано на его способности в десятки и сотни раз ускорить многие химические реакции, вызывать быстрый и объемный нагрев жидких и твердых образцов. Предлагается синтез изоамилацетата реакцией прямой этерификации уксусной кислоты изоамиловым спиртом в условиях сверхвысокочастотного облучения в присутствии кислотного катализатора. Найдены оптимальные условия проведения процесса: мощность сверхвысокочастотного облучения, продолжительность процесса, соотношение катализатора от общей массы реагирующих веществ, соотношение реагирующих веществ. Найдено, что оптимальным при проведении процесса является молярное соотношение уксусная кислота: изоамиловый спирт 1:1,1, продолжительность 3 мин., соотношение катализатора от общей массы реагирующих веществ 1%, мощность облучения 450 Вт. Выход целевого продукта при этих условиях составляет 76,17%. При проведении реакции наряду с изоамилацетатом (3-метилбутилацетат) образуется 2-метилбутилацетат. Полученные продукты идентифицированы с помощью газовой хромато-масс спектрометрии фирмы Shimadzu (Япония) Agilent 7890/5975C и ИК-спектрометрии на ИК-Фурье спектрометре Prestige 21. Рассмотрены введение микроволновых методов активации в виде элективного курса к предмету "Химический синтез" в высших учебных заведениях на основе процесса лабораторного образования по специальностям 5B011200 - «Химия», 5B060600 - «Химия», 5B072100- "Химическая технология органических веществ".

Ключевые слова: микроволновая химия, изоамилацетат, этерификация, микроволновое облучение, сложные эфиры карбоновых кислот, элективный курс, инновационный развивающий исследовательский урок.

Annotation

Microwave chemistry involves chemical transformations involving solid dielectrics and fluids associated with the use of microwave field (microwaved). Mikrovolonovoe irradiation is widely used in chemical practice, namely, sample preparation, drying and degidrotatsii in inorganic synthesis and organic synthesis. Application of microwave irradiation in the chemical synthesis due to its ability to tens and hundreds of times to accelerate many chemical reactions and cause rapid volumetric heating of liquid and solid samples. Proposed synthesis isoamyl direct esterification reaction of acetic acid isoamyl alcohol under microwave irradiation in the presence of an acid catalyst. Optimum process conditions: power of microwave irradiation, the duration of the process, the ratio of the catalyst to the total weight of the reactants, the ratio of the reactants. We found that optimal for carrying out the process is the molar ratio of acetic acid: isoamyl alcohol 1: 1.1, the duration of 3 min., the ratio of the catalyst to the total weight of reactants of 1%, the irradiation power of 450 watts. Yield of the desired product under these conditions composes 76.17%. When the reaction along with isoamyl acetate (3 metilbutilatsetat) 2 metilbutilatsetat formed. The resulting products were identified by gas chromatography-mass spectrometry company Shimadzu (Japan) Agilent 7890 / 5975S and IR spectrometry spectrometer Prestige 21. We consider the introduction of microwave activation methods as an

elective course in the subject "Chemical synthesis" in higher education on the basis of laboratory education in the specialties 5B011200 - «Chemistry», 5B060600 - «Chemistry», 5B072100- "Chemical technology of organic substances".

Key words: microwave chemistry, isoamyl acetate, esterification, microwave irradiation, carboxylic acid esters, elective course, which develops innovative research lesson.

Қазіргі уақытта химия саласында жаңа энергоұтымды және тиімді технологияларға, сонымен қатар экологиялық таза, яғни қоршаған ортаға, адамзатқа зиянсыз үдерістерде жүргізіліп жатқан зерттеулерге және зерттеу нәтижелерін оқу процесіне енгізу жұмыстарына көп көңіл бөлінуде. Химиялық үдерістерді белсендірудің жаңа жолдарын іздестіру маңыздылығы күннен- күнге артып, соңғы жиырма жыл ішінде микротолқындық сәулелендіру жағдайында жүргізілетін химиялық реакцияларға деген қызығушылық өсуде. Микротолқындық сәулелендіруді қолдану дәстүрлі қыздыру әдістерімен салыстырғанда реакция жылдамдығын (мыңдаған есеге дейін) арттырады, соның нәтижесінде бірнеше сағат немесе бірнеше күн өтетін үдерісті бірнеше минут ішінде жасауға мүмкіндік берумен қатар таза өнімнің шығымы да жоғары болып, жалпы тәжірбиеге жұмсалатын уақыт та анағұрлым азаяды. Микротолқындық химия физика мен химияның тоғысқан шағында жуырда ғана пайда болды. Микротолқындық химия микротолқындық сәуле қуатын (аса жоғары жиілікте) қолдану арқылы диэлектрик қатты және сұйық заттардың қатысуымен жүретін химиялық өзгерістерді қарастырады. Химиялық синтезде қысқа толқынды сәулелендіруді көптеген химиялық реакциялардың ұзақтығын бірнеше ондаған, жүздеген есе қысқартуға мүмкіндік беруіне, яғни сұйық және қатты сынамаларды жылдам қыздыратын қабілетіне байланысты қолданады. Химияда зор мүмкіндіктер ашатын микротолқынды сәулелендіруді пайдалану микротолқынды әсер ету эффектілерін зерттеуге деген үлкен қызығушылық туғызды.

Бұл мақалада микротолқындық активациялау мүмкіншіліктерін карбон қышқылдарының күрделі эфирлерін синтездеуге қолдану жолдары зерттелді және зерттеу нәтижелері негізінде ЖОО-ның 5B011200 – «Химия», 5B060600 – «Химия», 5B072100- «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандықтарына «Химиялық синтез» пәнінен элективті курсының лабораториялық практикумына енгізу қарастырылған.

Білім беру тәжірбиесінде зерттеушілік жұмысқа бағыттаудың, шығармашылық сипаттағы жеке тұлғаны тәрбиелеудің маңызы арта түсуде. Әрбір студенттің қызығушылығы мен қабілетін ескере отырып оқытудың іс-әрекетік мәнділігін арттыру, білімнің практикалық бағытталуын күшейту, оқу материалдарының мазмұнын өмір тәжірбиесіне жақындату, оның өз бетінше оқу және ізденушілік қызметін кеңейтетін жағдайлар туғызу мақсатында карбон қышқылдарының күрделі эфирлерін алуды микротолқындық активациялау және зерттеу нәтижелерін «Химиялық синтез» пәнін оқытуда пайдалану үшін элективті курс енгізудеміз.

Тәжірибелік бөлім

«Карбон қышқылдарының күрделі эфирлерін этерификация реакциясымен микротолқындық активациялау жағдайында алу» тақырыбын түсіндіру үшін карбон қышқылының күрделі эфирлеріне мысал ретінде изоамилацетатты алып отырмыз. Изоамилацетатқа тоқталар болсақ, изоамилацетат тағам өнеркәсібінде табиғиға ұқсас ароматизатор ретінде сусындар, карамельдер, нан-тоқаш және т.б. өндірістерде кеңінен пайдаланылады, алмұрт иісіне және дәміне ұқсас, алмадан алынған эфир майларының құрамына кіреді, лак, бояу, тері илеу, киноплёнка, целлулоид, парфюмерия және т.б. өнеркәсіптерде қолданыс табады [1,2,3,4].


Изоамилацетатты сірке қышқылын изоамил спиртімен мольдік қатынаста этерификациялау арқылы күкірт қышқылы қатысында (реакцияға түсетін заттардың жалпы массасынан ~5%) 61,7 % шығыммен алады [5]. Изоамилацетатты алудың тағы бір әдісі: изоамил спиртіні сірке қышқылының артық мөлшерінде құрғақ газ тәрізді хлорлы сутегін 1-1,5 сағат бойы бөлме температурасында өткізіп, осы қоспаны 12 сағатқа

қалдырып, кейін 5-6 сағат қайнатады, осындай жағдайда алынатын өнімнің шығымы 51,6% құрайды [6].

Микротолқындық сәулелендіру жағдайындағы синтез органикалық химияда қарқынды дамып келе жатқан әдіс болып табылады. Классикалық конвекциялық қыздыру әдісінен микротолқындық сәулелендірудің ерекшелігі өте қысқа уақытта жүргізілуінде [7]. Карбон қышқылдарының күрделі эфирлерін синтездеуді микротолқындық сәулелендіру жағдайында тура этерификациялау арқылы алу әдістері белгілі [8,9,10].


Біз ұсынып отырған изоамилацетатты микротолқындық активациялау арқылы алу әдісі реакция ұзақтығын бірнеше ондаған, жүздеген, ал кей жағдайларда мыңдаған есе қысқартуға мүмкіндік береді және сол арқылы электр және жылу энергиясын үнемдеп, осы қасиеттері арқасында «жасыл химия» аймағына жатқызуға болады. Біз бұрын карбон қышқылдарының күрделі эфирлерін соның ішінде изоамилацетатты сәйкес қышқыл мен спиртті күкірт қышқылы қатысында этерификациялау арқылы микротолқындық сәулелендіру жағдайында алдық [11,12,13].

Изоамилацетатты алудың реакция теңдеуін қарастырсақ:



Бастапқы реагенттер сірке қышқылы мен изоамил спиртінің, катализатор-концентрленген күкірт қышқылы қатысында этерификация реакциясымен микротолқындық активация жағдайында изоамилацетатты синтездеуде микротолқындық сәулелендірудің мүмкіншілігі көрсетіліп отыр.


Өр ерітіндіні құйған сайын әбден араластырып отырып, катализаторды, яғни концентрленген күкірт қышқылын (H_2SO_4) Agilent фирмасының микрошприцінің көмегімен сынамаға енгізе отырып толығымен ерігеніне көз жеткізіп тура этерификациялау реакциясы арқылы аса жоғары жиілікті тұрмыстық пеште микротолқындық сәулелендіру жағдайында синтезделді. Микротолқындық сәулелендіру жүргізіп болған соң алынған өнімдер Shimadzu (Жапония) фирмасының IR-Prestige 21 ИҚ-спектрометрі және Agilent 7890A/5975C хромато-масс спектрометрі (АҚШ) көмегімен идентификацияланды. Алынған өнімнің масс-спектрі және ИҚ-спектрі 1,2-суреттерде көрсетілген.



Сурет1 -Микротолқындық активтеу арқылы алынған изоамилацетаттың масс-спектрі.

Хроматографиялау жағдайлары: Agilent фирмасының 5975C масс-селективті детекторлы 7890 А газды хроматографы; қозғалмалы фаза (газ тасымалдағыш) – гелий;


буландырғыш температурасы 160⁰С, ағынды бөлу (Split) 100:1; бағана термостатының температурасы, басталуы 40⁰С (1 мин), температураның жоғарылауы минутына 5⁰С, аяқталуы 150⁰С, осы температурада 1 мин тұрады; зерттеуге жұмсалатын жалпы уақыт мөлшері 24 мин, масс-детектордың иондану режимі электронды соққы арқылы. HP-5MS капиллярлы хроматографиялық бағанасы, ұзындығы 30 м, ішкі диаметрі 0,25 мм, қозғалмайтын фаза диметилполисилоксан.



Сурет 2 - Микротолқындық активтеу арқылы алынған изоамилацетаттың ИҚ-спектрі.

Нәтижелер мен оны талқылау

Үдерісті жүргізудің оңтайлы жағдайларын анықтау үшін бірқатар тәжірибе жұмыстары жүргізілді, яғни өнім шығымына сәулелендіру қуатының, үрдіс ұзақтығының, әрекеттесетін заттардың жалпы массасына катализатордың қатынасы мен әрекеттесетін заттардың қатынасының әсері зерттелді.



№	Әрекеттесуші заттардың мольдік қатынасы		Сәулелендіру қуаты, Вт	Үдерістің ұзақтығы, мин	Катализатор, жалпы әрекеттесетін заттардың массасынан%	Шығым, %		
	Сірке қышқылы	Изоамил спирті				3-метил бутил-ацетат	2-метил бутил-ацетат	Жалпы шығым
1	1	1	450	2	1	72,10	23,07	95,17
2	1	1	450	3	1	76,07	20,31	96,38
3	1	1	450	4	1	75,75	20,69	96,44
4	1	1	450	5	1	73,94	21,08	95,02
5	1	1	300	3	1	71,85	22,69	94,54
6	1	1	600	3	1	73,64	21,10	94,74
7	1	1	450	3	0,5	75,64	20,33	95,97
8	1	1	450	3	1,5	72,28	21,48	93,76
9	0,9	1	450	3	1	73,44	21,07	94,51
10	1	1,1	450	3	1	76,17	20,64	96,81
11	1	1,2	450	3	1	75,85	21,23	97,08
12	1	1,3	450	3	1	75,70	22,11	97,81

Әрекеттесуші заттардың оңтайлы қатынасы сірке қышқылы: изоамил спирті – 1:1,1; реакция ұзақтығы 3 мин, әрекеттесуші заттардың жалпы массасына катализатордың қатынасы 1% , сәулелендіру қуаты 450 Вт болды. Осындай жағдайда мақсатты өнімнің шығымы 76,17% құрады (кесте). Көңіл аудартатын жағдай хроматографиялық зерттеулер бойынша бастапқы реагент ретінде алынған спиртіміз тек изоамил спиртінен тұрса да мақсатты өнім изоамилацетатпен (3-метилбутилацетат) қатар екінші өнім 2-метилбутилацетат та түзілген. Синтездеген өнімнің жалпы 3-метилбутилацетат пен 2-метилбутилацетатшығымы бойынша анағұрлым жоғары көрсеткішін көрсеткен әрекеттесуші заттардың мольдік ара-қатынасы сірке қышқылы: изоамил спирті – 1:1,3; реакция ұзақтығы 3 мин, әрекеттесуші заттардың жалпы массасына катализатордың қатынасы 1% , сәулелендіру қуаты 450 Вт жағдайында 97,81% құрады. Микротолқындық сәулелендіру жүргізіп болған соң, алынған өнімді Shimadzu (Жапония) фирмасының IR-Prestige 21 ИҚ-спектрометрі және Agilent 7890A/5975C хромато-масс спектрометрі (АҚШ) көмегімен идентификациялау жүргізілген.

Қазіргі таңда химиялық өнеркәсіп қоршаған ортаға өзінің экологияға кері әсерін тигізуде. Біздің негізгі мақсатымыз энергияны аз пайдаланатын, қоршаған ортаға, адамзатқа зиянын мейлінше аз тигізетін синтез әдістерін жасау өзекті мәселе болып отырғандықтан жоғарыда аталған әдістерді химиялық синтез пәнін оқытуда пайдаланып, патенттер алып өндіріске енгізу. Жасалған синтез әдістері «Химиялық синтез» пәнінің карбон қышқылдарын алу тақырыбындағы тиімсіз қосымша ыдыстар мен қондырғыларды қажет ететін, ұзақ уақыт алатын үрдісті қысқа уақытта өткізіп, білім алушылардың сабақ өту барысындағы уақытын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді деп ойлаймыз. Инновациялық дамытушы зерттеуші сабақтың тиімділігін анықтау мақсатында және

ері байланыс орнату мақсатында студенттермен сауалнама жүргізіліп студенттердің ұсыныс талаптары қарастырылды.

Әдебиеттер:

1. Antonio de la Hoz, Angel Diaz-Ortiz, Andres Moreno. Review on non-thermal effects of microwave irradiation in organic synthesis // Journal of microwave power & electromagnetic energy. – 2007. – Vol.41. - №1/ - P.41-1-45-41-1-66.

2. Madhvi A. Surati, Smita Jauhari, K.R. Desai. A brief: Microwave assisted organic reaction.// Archives of Applied Science Research. – 2012. - №4(1). – P.645-661

Pelle Lidstrom, Jason Tierney, Bernard Wathey, Jacob Westman. Microwave assisted organic synthesis – a review.// Tetrahedron. – 2001. – №57. – P.9225-9283.

3. Аппазов Н.О. Синтез этилбензоата в условиях сверхвысокочастотного облучения. Фундаментальные исследования. Ч.8 – 2014 – № 97. – С.1721-1725.

4. Аппазов Н.О. Синтез изопропилацетата в условиях сверхвысокочастотного облучения. // Химический журнал Казахстана. – 2014. – №2(46). – С.237-243.

5. Аппазов Н.О. Синтез изоамилацетата в условиях сверхвысокочастотного облучения. // Фундаментальные исследования. Ч.5. – 2014. – №8. – С. 1075-1079.

6. Бердонос С.С. Микроволновая химия.// Соросский образовательный журнал. – 2001. – Т.7. -№1. – С.32-38.

7. Гигиенические требования по применению пищевых добавок. Санитарно-эпидемиологические правила и нормативы СанПИН 2.3.2. 1293-03 от 18.04.2003. Минздрав РФ.

8. Гитис С.С. Практикум по органической химии/С.С.Гитис, А.И.Глаз, А.В.Иванов – М.: Высшая школа, 1991. – 303с.- ISBN 5-06000-668-9.

9. Исагулянц В.И. Синтетические душистые вещества. – Ереван: Изд-во АН АрмССР, 1946. – 831 с.; 25 см. – Библиогр.: с. 829-830. – Предм. указ.: с. 725-726. – 20000 экз. – ISBN 1-78231-256-1 (в пер.).

9.Пешекерова М.С. Практические работы по органической химии. –Л.: Госхимтехиздат, 1932. – 80с.; 60х80.-5000 экз.- ISBN 4-75623-725-2.

10.Хейфиц Л.А., Дашунин В.М. Душистые вещества и другие продукты для парфюмерии. – Москва: Химия, 1994. – 256 с. Бердосов С.С. Микроволновая химия.// Соревновательный образовательный журнал. – 2001. – Т.7. - №1. – С.32-38

11.Химический энциклопедический словарь.–М.: Советская энциклопедия, 1983. – 212с.; 27 см. – Библиогр.: с. 210-211. – Предм. указ.: с. 205-206. – 10000 экз. – ISBN 4-75623-725-2.

ӘОЖ 631.585.633.2.033:636.083.314 (574.54)

**ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ЖАЙЫЛЫМДЫҚ ЖЕРЛЕРІН
ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ**

С.З.РАХАТОВ, техника ғылымдарының докторы, доцент,
М.Х.ДІЛІМБЕТОВ, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты,
Б.А.ОРАЗАЛИЕВ, магистрант

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Андатпа

Республикадағы мал шаруашылығы өнімдерін өндіретін аймақтардың бірі Қызылорда облысы болып табылады. Нарықтық экономикаға көшу, ауыл шаруашылығында жүргізілген реформалар облыстағы мал өсірумен айналысатын мемлекеттік ірі ауылшаруашылық құрылымдарының тарап, мал мен жерді жекешелендіруге мәжбүрледі. Сол кездегі жағдай, қаржының жетіспеуі, одақтас республикалар және аймақтар арасындағы шаруашылық байланыстарының үзілуі мал басының күрт азаюына, мал шаруашылығының өнімділігінің төмендеуіне әкеп соқтырды.

Мал басының және ауылшаруашылық жерлерінің техникамен жарақтану деңгейі төмен жеке тұлғалар мен шағын шаруа қожалықтарына берілуі, сондай-ақ жайылымдардың жүйелі түрде тиімді пайдалануын қадағаламау, олардың деградацияға ұшырап, мал жаюға жарамай қалуына әсер етті. Қазіргі уақытта облыс деңгейінде мал басын көбейту, асылдандыру мен жем-шөп даярлаудың түрлерін жетілдіру жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Қызылорда қаласы және облыс аудандары бойынша жалпы жер көлемі туралы мәліметтер келтірілген, бұл көрсеткіш 2015 жылы 24 041 438 гектар болғаны белгілі болып отыр. Аудандар ішінде ең үлкен жер көлемі Арал және Сырдария аудандарының үлесіне тиіп, тиісінше 24% және 17%. құрады. Жайылымдық жер барлық ауыл шаруашылығы жерлерінің 89,9% құрады. Көп жылдық екпе шөптер егіс көлемі небәрі 2639 га, яғни ауыл шаруашылық малдарының жем-шөп азығын даярлауды жетіспейтіндігін көрсетеді. Жайылымдық жерлердің басым бөлігі шөл және шөлейтті табиғи аймақтарда орналасқан. Оның үстіне соңғы 10-15 жылдықта жайылымдық жерлер деградацияға ұшырап, өнімділігі төмендеді.

Зерттеудің негізгі мақсаты шөлейттелген жайылым жерлерге өсімдіктер егіп, соның негізінде мал шаруашылығы өнімдерін сапалы өндіру болып табылады.

Кілт сөздер: төрт түлік, асылдандыру, жайылым, деградацияға ұшыраған, протеин, клетчатка, жусан.

Аннотация

Қызылординская область одна из основных сельскохозяйственных регионов нашей республики. Перевод экономики на рыночные рельсы и проводимые в связи с этим реформы в сельском хозяйстве повлекли приватизацию основных средств в сельском хозяйстве, в том числе скота и земли. Потеря налаженных каналов сбыта в этом процессе были причиной резкого падения объема сельскохозяйственного производства, и снижение поголовья скота. Резко снизилась фондовооруженность сельскохозяйственных предприятий и крестьянских хозяйств. Земли сельскохозяйственного назначения перестали использоваться планоно, что привело к их деградации и непригодности. В настоящее время в области проводится большая работа по увеличению поголовья скота, улучшению его породности, и улучшению его кормовой базы. Общая площадь Кызылординской области 24 041 438 гектаров, самые большие районы – Аральский и

Сырдарьинский, соответственно 24 и 17 % от общей площади области. В исследовании приводятся кормовая ценность произрастающих и культивируемых в области кормовых трав.

Цель исследования: выявление кормовой ценности дикорастущих трав и кормовых культур производимых в регионе, и определение норм использования естественных и искусственных пастбищ.

Ключевые слова: животные, племенная работа, пастбища, деградированная пастбища, протеин, клечатка, полынь

Annotation

Kyzylorda region is one of main agricultural regions of our republic. Diversion of the economics to market railings, and carried out due to this fact reforms in agriculture involved privatization of capital assets, also number of cattle and lands. Lost of strong links of sale in this process was the reason of agricultural production sharp decrease, and reduction of cattle head. Capital-labour ratio of agricultural enterprises decreased. Agricultural lands are not carried out by plan, which involved to their degradation and uselessness. Currently big work is carried out on increasing cattle head, improvement of its breed, and its food supply. Gross area of Kyzylorda region is 24 041 438 ga, most large regions are Aralsk and Syrdaria, agreeably 24 and 17 % of region's gross area. In the research there is feeding value of vegetating and cultivating areas of forage grass. The research purpose is determination of feeding value of wild grass and forage cultures in the region, determination of norms for natural and artificial cattle runs.

Key words: animals, tribal, works, pasture, degraded pasture, protein, cellnlose, wormwood.

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында елімізде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ол үшін ауыл шаруашылығы өндірісін дамытудың маңызы зор екенін атап көрсетті. Оның ішінде мал шаруашылығын дамыту, онан өндірілетін мал өнімдерін тек ішкі нарықта ғана тұтыну емес, экспортқа бағытталған өнімдер шығарылу қажеттілігі басып айтылды [1]. Мал шаруашылығы саласына мемлекет тарапынан қаржылық және субсидиялар бөлінуде, сондықтан, төрт түлік мал басы тұқымын асылдандырып, санын арттыру және оларды сапалы мал азығымен қамтамасыз ету өзекті мәселе болып табылады.


Арал өңіріндегі қоршаған ортаға түскен антропогендік жүктемелер өсімдіктер мен жануарлардың тіршілігіне ғана емес, сондай-ақ тұрғындардың денсаулығына да қауіп төндіруіне байланысты қоршаған ортаның ластану зардаптарын жою мәселелері туындап отыр.

Республикадағы мал шаруашылығы өнімдерін өндіретін аймақтардың бірі Қызылорда облысы болып табылады. Нарықтық экономикаға көшу, ауыл шаруашылығында жүргізілген реформалар облыстағы мал өсірумен айналысатын мемлекеттік ірі ауыл шаруашылық құрылымдарының тарап, мал мен жерді жекешелендіруге мәжбүрледі. Сол кездегі жағдай, қаржының жетіспеуі, одақтас республикалар және аймақтар арасындағы шаруашылық байланыстарының үзілуі мал басының күрт азаюына, мал шаруашылығының өнімділігінің төмендеуіне әкеп соқтырды.

Мал басының және ауыл шаруашылық жерлерінің техникамен жарақтану деңгейі төмен жеке тұлғалар мен шағын шаруа қожалықтарына берілуі, сондай-ақ жайылымдардың жүйелі түрде тиімді пайдалануын қадағаламау, олардың деградацияға ұшырап, мал жаюға жарамай қалуына әсер етті.


Қазіргі уақытта облыс деңгейінде мал басын көбейту, асылдандыру мен жем-шөп даярлаудың түрлерін жетілдіру жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. 1-ші суретте 2015 жылдың Қызылорда қаласы және облыс аудандары бойынша жалпы жер көлемі туралы мәліметтер келтірілген, бұл көрсеткіш 2015 жылы 24 041 438 гектар болғаны белгілі болып

отыр. Аудандар ішінде ең үлкен жер көлемі Арал және Сырдария аудандары болып табылады, тиісінде 24% және 17% [2,3].



Сурет 1- Қызылорда облысы жалпы жер көлемінің аудандар бойынша бөлінуі.

Оның ішінде тыңайған, жайылымдық, шабындық, егістік және бақшалық жерлердің аудандары 2-ші суретте көрсетілген [3].



Сурет 2- Қызылорда облысы бойынша жалпы жер көлемінің бөлінуі.

Жайылымдық жер барлық ауыл шаруашылығы жерлерінің 89,9% құрады. Көп жылдық екпе шөптер егіс көлемі небәрі 2639 га, яғни ауыл шаруашылық малдарының жем-шөп азығын даярлауды жетіспейтіндігін көрсетеді.

Жайылымдық жерлердің басым бөлігі шөл және шөлейтті табиғи аймақтарда орналасқан. Оның үстіне соңғы 10-15 жылдықта жайылымдық жерлер деградацияға ұшырап, өнімділігі төмендеді. Бұл территорияларда мал жемейтін, азықтық бірлігі мен жем-шөптік бағалылығы төмен арам және улы шөптер көптеп өседі. Бұлардың барлығы

малдың өнімділігі мен қасиеттерін төмендетеді. Сондықтан жайылымдық жерлерде өсетін өсімдіктер түрлері көрсетілген [5].

Қызылорда облысы жағдайында жайылымдық жерлерде келесі өсімдіктер өседі.

1. Қоңыр жусан;
2. Итсигек ;
3. Бұйырғын;
4. Күйреуік;
5. Еркекшөп;
6. Сексеуіл;
7. Жүзген;
8. Қаражусан.

Соңғы жылдары аталған өсімдіктер арасына мал жемейтін өсімдіктер көп араласып кеткен және уақытымен егілмеуіне байланысты олардың өнімділіктері төмендеген 1-кестеде аталған өсімдіктердің Қызылорда облысы жағдайындағы химиялық құрамы берілген. Ауыл шаруашылығы малдарының өсіп-жетілуі үшін сыртқы ортадан зат алмасу үдерісіне қажетті заттармен қамтамасыз етілуі керек. Ол заттар организмге қоректену арқылы азықпен бірге енеді. Сондықтан мал азығының құрамында май, минералдық заттар, протеин, клетчатка және де тағы басқа заттар болуы тиіс. Майлар өсімдік құрамында липидтер түрінде кездеседі де, негізінен оның дәнінде көптеп жиналады. Сонымен қатар майлар энергияның қайнар көзі болып саналады. Организмде босаған 1 г көмірсудан 17,2 кДж энергия пайда болатын болса, 1 г майдан орташа 38,0 кДж энергия босайды. Олар организмдердің өсуіне, терінің қызметіне әсер етеді.

Мал азығын жоғары температурада қыздырғанда олар күлге айналады. Осы күлдің құрамында минералдық заттар болады. Олардың азық құрамындағы мөлшері грамдап есептелінетіні макроэлементтер деп аталады. Макроэлементтердің төртеуі- кальций, калий, натрий және магний алмасу барысында сілтілік қасиеттер көрсеткендіктен сілтілік деп, ал қышқылдық қасиеттер көрсететін-фосфор, күкірт, хлор-қышқылдық макроэлементтер деп аталады. Мал организмдерінде жүретін биохимиялық үдерістерге ыңғайлы әлсіз сілтілік орта туғызу үшін қышқылдық-сілтілік ара қатынас 0,8-0,9 аралығында болуы тиіс.

Протеиндер - мал азығындағы азотты қосындыларды біріктіретін ең маңызды қоректік зат. Мал организмінің құрғақ затының 45% протеиннен тұрады. Өсімдіктердегі протеиннің көлемі біршама төмен. Тек бұршақ тұқымдастарда, оның ішінде соя дәндерінде, протеин көлемі 30-45 пайызға жетеді. Қоректік заттар ішінде протеиннің тіршілік үшін маңызы өте зор. Протеин мал азығының үзіліссіз енбесе мал организмінің тіршілігіне қауіп төнеді, тіпті тоқтауыда мүмкін. Протеиндер мал организмінде ферменттік қызмет атқарып немесе гармондар, иммундық қосындылар құрамында зат алмасу, денсаулық сақтау функцияларына белсене қатысады. Қажетті жағдайда энергия көзі ретінде пайдаланылады.

Ауыл шаруашылығы малдарын клетчаткасыз азықтандыруға болмайды, өйткені эволюция барысында белгілі клетчатка мөлшері жем шөппен түсіп тұратынына бейімделген. Мал желінген азықтың қоректелігімен қатар оның көлемді болуын қалайды. Сонда ғана мал тойынғанын сезініп, асқорыту жолдарында орналасқан рецепторлары дұрыс қоздырылып, ондағы азықтың белгілі жылдамдықпен жылжып, асқорыту бездерінің сөлімен жеткілікті ылғалдануына жағдай туғызылады.

Азотсыз экстрактивті заттар (АЭЗ) құрамына түрлі қарапайым және күрделі көмірсулар кіреді. Олар қанттардан, декстриндерден, крахмалдан, пентозандардан, гемицеллюлозалардан, пектиндерден тұрады. Азотсыз экстрактивті заттар малдардың организмінде ас қорыту барысында суда тез еріп ішек арқылы қанға еш өңдеусіз – өзгеріссіз-ақ сіңіріліп, энергия көзі ретінде пайдаланылады. Кейбіреулері мал организмін уландырушы заттардан қорғайды.

Жоғарыда айтылған тұжырымдарды ескере отырып облыс аумағындағы жайылымдарда өсетін өсімдіктердің қоректілігі мен химиялық құрамын зерттеу нәтижелері 1-ші кестеде көрсетілген.

Кесте1- Қызылорда облысы жайылымдарында өсетін өсімдіктердің құрамы.

Түрі	Май	Күл	Протеин	Клетчатка	АЭЗ
Жусан	4,5	15,1	16,2	24,8	41,2
Күйреуік	2,1	18,5	9,4	25,3	44,7
Бұйырғын	2,2	5,2	14,1	35,6	45,3
Еркек шөп	2,57	18,0	9,8	24,9	45,1
Жүзген	3,1	17,3	11,7	30,1	37,8
Сексеуіл	1,7	13,5	7,6	28,1	48,2
Итсигек	2,3	4,7	16,1	34,4	41,8

Келесі 2-кестеде Қызылорда облысында өсетін өсімдіктердің азықтық бірлігі мен өнімділігі келтірілген. Кестеде өсімдіктердің мал түрі мен жайылым типі (шөл, шөлейт, далалық және т.б.) бойынша деградацияға ұшыраған және қайтадан қалпына келтірілген жайылымдардағы 1 бас малға келетін жүктемесі көрсетілген.

Кесте 2-Қызылорда облысында өсетін өсімдіктердің азықтық өнімділігі мен қоректілігі.

	Мал түрлері	Жайылымдағы өсімдіктердің жалпы өнімділігі мен артық бірлігі		Жануарлардың 1 га жүктемесі	
		U, ц/га	q а.б	Қалпына келтірілген алқап	Деградацияға ұшыраған алқап
Қызылорда	Ірі қара	1,7	2,5	15,0	25,4
	Жылқылар			16,8	25,6
	Түйелер			25,5	32,4
	Қой мен ешкілер			3,25	4,8

Кестедегі мәліметтер облыс көлеміндегі жайылымдарында өсетін өсімдіктердің орташа өнімділігі 1,7 ц/га көрсетіп 2,5 азықтық бірлік құрады.

Қорыта айтқанда, Қызылорда облысында табиғи жайылымдық жерлердің жағдайы төмендеп, көп бөлігі деградацияға ұшыраған. Сол себепті нарықтық экономика жағдайында оларды қалпына келтіру, екпе шөптер тұқымдарын сеуіп өнімділігін арттыру мал шаруашылығын қарқынды дамытуға оң әсерін тигізетіні сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Абдраймов Ж.С. Агробιοлогические основы сеяных пастбищ в условиях пустынь юга Казахстана./ Автореферат диссертации на соискание уч. степени канд с-х. наук.- Алматы, 2010. -29 с.
2. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Хабаршысы. - 2014. - №1[42]. -53 б.
- 3.Қызылорда облыстық статистикалық басқармасы.- 2014.-10 б.
- 4.Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: Өсім, Реформалар, Дамуы.//Егемен Қазақстан.-2015.-16 қараша.-3 б.
- 5.Таугенов И.А., Тодерич К.Н., Нурғалиев Н.Ш., Бекжанов С.Ж. Forage production and nutritional value of sorghum and pearl millet on marginal lands in priaralie.//Материалы Международной научно-практической конференции «Развитие зеленой экономики. Актуальные вопросы, правовое обеспечение». КГУ имени Коркыт Ата, 2014.-15 с.

КҮРІШ АУЫСПАЛЫ ЕГІСІ ЖАҒДАЙЫНДА ҚҰМАЙ ДАҚЫЛЫН ЖАЛҒА ЖҮЙЕКТЕП ЕГУДІҢ ТИІМДІЛІГІ

А.Ч.УДЖУХУ – ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор

Бүкілресейлік күріш институты, Ресей Федерациясы,

И.А.ТАУТЕНОВ, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы,

С.Ж.БЕКЖАНОВ, PhD докторант, **С.Д.ЗАЙРОВ**, магистрант

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Андатпа

Мақалада танаптық тәжірибе жағдайында жүргізілген құмай тұқымын жалға жүйектеп себу әдісінің үш тұқым себу мөлшері бойынша тиімділігі дәстүрлі әдіс – тұқымды қатарлап себумен салыстырыла көрсетілген. Соңғы жылдары ауыл шаруашылық дақылдарын жалға жүйектеп егу технологиясы қарқынды дамып келеді. Бұл әсіресе, кең қатарлы әдіспен себілетін отамалы дақылдар үшін тиімді екендігі дәлелденген. Танаптық зерттеулер Қызылорда облысының орталық аймағында орналасқан Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының егіс танаптарында жүргізілді. Танаптық тәжірибеде құмайды үндістандық тұқымсепкішпен жалға жүйектеп себу әдісі дәстүрлі әдіспен, тұқымды тегіс егістік жер бетіне сіңіре сеуіп, өскіндер шыққан соң, қатар аралығын өңдеп, культивациялайтын нұсқамен салыстырыла зерттелді. Қазақстандық Арал өңіріндегі күріш жүйелерінің топырақтары төменгі құнарлылықпен ерекшеленгендіктен зерттеулерге алынған құмай дақылына нұсқалар бойынша учаскені мөлдектерге бөлмей тұрып, $N_{60}P_{60}$ мөлшерінде азот-фосфор тыңайтқыштары енгізілді. Нәтижесінде, құмай тұқымын жалға жүйекте себу әдісі дәстүрлі әдіске қарағанда көк балауса өнімділігін тұқым себу мөлшеріне қарай 3,1-5,0 т/га-ға дейін арттырды. Тиімді тұқым себу мөлшері 8 кг/га екендігі анықталды.

Кілтті сөздер: жалға жүйектеп егу, құмай, минералдық тыңайтқыштар, тұқым өңгіштігі, өнімділік, көк балауса

Аннотация

В статье представлены результаты полевого опыта по изучению гребневой технологии посева сорго с использованием трех норм высева семян, в сравнении с традиционным посевом – широкорядным посевом семян. В последнее время интенсивно развивается технология гребневого посева сельскохозяйственных культур. Эффективность данной технологии проявляется в основном для пропашных культур, где семена высеваются рядовым способом. Полевые исследования проведены на полях Казахского научно-исследовательского института рисоводства имени И.Жахаева в центральной земледельческой зоне Кызылординской области. В полевом опыте изучался гребневой способ посева семян индийской гребневой сеялкой в сравнении с традиционным способом. Заделка семян производилась на ровную поверхность, после появления всходов с помощью культиватора нарезаались борозды. Так как почвы Казахстанского Приаралья отличаются низким плодородием, на участки, где исследовались сорговые культуры, перед разбивкой их на делянки вносились азотно-фосфорные удобрения в дозе $N_{60}P_{60}$. В результате исследований установлено, что гребневой посев сорго способствовал увеличению урожайности зеленой массы на 3,1-5,0 т/га в зависимости от норм высева семян. Определена оптимальная норма высева семян сорго при гребневом способе посева сорго 8 кг/га.

Ключевые слова: гребневой посев, сорго, минеральные удобрения, всхожесть семян, урожайность, зеленая масса.

Annotation

The results of the field experience on the study of ridge technology of sorghum sowing with the use of three norms of seed sowing are presented in the article, by comparison to the traditional sowing - wide row sowing of seed. In recent years the ridge technology of sowing planting crops are intensively developing. The effectiveness of this technology is manifested mainly for row crops, where the seeds are sown by an ordinary way. Field studies have been conducted on the fields of the Kazakh Research Institute of Rice after I.Zhahaev in the central agricultural zone of the Kyzylorda region. In the field experience the ridge method of sowing of seed was studied of Indian ridge seed drill in comparison to a traditional method. Seed embedment was performed on a flat surface after shoots appearance with the tiller furrows were cut. Since the soils of Kazakhstan Aral Sea region have low fertility, and areas where sorghum crops were studied, nitrogen-phosphorus fertilizer in the dose of N60P60 were added before their broken down on the plots. It has been determined as the result of investigations that ridge technology of sorghum sowing promoted yield of green mass to 3,1-5,0 increasing t / ha in depending on seeding rates. It has been determined the optimum seeding sorghum rate in ridge technology of sorghum sowing of 8 kg / ha.

Key words: ridge sowing, sorghum, mineral fertilizers, germination of seed, yield, green mass.

Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше болған елімізде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағдарламасына сәйкес көптеген жұмыстар атқарылып, өнімдердің экспорттық әлеуетін арттыру, оның ішінде мал шаруашылығы өнімдері – ет пен сүт өндірісін дамыту қолға алынып отыр.

Жер шарындағы жаһандық жылынуға байланысты климаттың өзгеруі, табиғи және топырақ қорларының азып-тозуы, шөлейттену, егіс суаратын судың жетіспеуі және қуаңшылықтың жиілеуі сияқты үдерістер Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігіне қатер туғызады.

Жайылымдық жерлердің деградацияға ұшырауы отарлы мал шаруашылығын дамытуға кедергі келтіріп отыр. Нәтижесінде мал шаруашылығы елді мекендер маңына топтастырылып, мал азығы проблемалары туындап, мал шаруашылығы өнімдерінің өзіндік құны шамадан тыс артып кеткен. Кедендік Одақ жағдайында бұл өнімдердің бәсекеге қабілеттігі төмендеп, пайдасыз, тиімсіз болып қалуы ғажап емес. Сол себепті, тұрақты мал кешендерінде, сүт өндірісіне бағытталған фермалар мен бордақылау алаңдарын арзан мал азығымен қамтамасыз ететін егіншілік жемшөп өндірісін қалпына келтіру маңызды мәселе болып табылады. Ол үшін дәстүрлі дақылдар көлемін азайтып, орнына мал азықтық дақылдар егу және маргинальді жерлерді игеру сияқты жұмыстар қолға алынуы тиіс. Еліміз бойынша пайдаланбай жатқан егістік жерлер көлемі бірнеше миллион гектарды құрайды [1].

Ауылшаруашылық өнімдерін өндіруді қарқынды дамыту ел экономикасын көтеруге, халықтың әл-ауқатын жақсартуға серпін беретіні сөзсіз. Сол себепті егіншілікті, өсімдік шаруашылығын өркендетуге, дақылдардан мол және сапалы өнім алуға мүмкіндік беретін технологияларды зерттеп, олардың нәтижелерін өндіріске енгізу бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады.

Қазақстандық Арал өңірі, оның ішінде Қызылорда облысы табиғи-климат жағдайы бойынша ерекше аймақ. Облыс территориясын қақ жарып ағатын Сырдария өзенінің суы бұл аймақта суармалы егіншілікті дамытудың басты көзі.

Облыстағы Түгіскен, Жаңақорған-Шиелі, Қызылорда, Қазалы суармалы алаптарындағы ауыл шаруашылығына жарамды жерлер инженерлік жүйеге келтіріп, негізінен 8 танапты күріш ауыспалы егістері жобаланған. Соңғы жылдары облыс көлеміндегі 270 мың га-дан астам суармалы егістік жерлердің 165 мың га шамасындағы бөлігінде ауыл шаруашылық дақылдары егіліп жүр, қалғаны, яғни 50 мың га жерге су жарамайтын болса, 60 мың га жер әртүрлі себептермен – қайта тұздану, сорлану,

батпактану әсерінен айналымнан шығып қалған. Осындай жерлерді игеріп, тиімді пайдаланып, ауыл шаруашылық айналымына қосудың экологиялық және экономикалық маңызы зор [2].

Аталған мәселелерге байланысты ауыл шаруашылығы өндірісіне қуаңшылыққа, топырақ тұздылығына төзімді, жоғары өнімділік көрсететін ауыл шаруашылық дақылдарын жеделдетіп енгізу қолға алынды. Сондай дақылдардың бірі – Арал өңірінің күріш ауыспалы егістерінде әртараптандыру дақылы ретінде өсіріліп жүрген құмай дақылы.

Құмай астық тұқымдастарына жататын бір жылдық азықтық және малазықтық дақыл. Дәнінен азықтық жарма және ұн өндіріледі, дән қалдықтары жем, көк балаусасы малға жасыл азық, сүрлем және кептірілген шөп ретінде пайдаланылады [3,4].

Ауыл шаруашылығы дақылдары өсірілетін танаптардың қайта тұздану үдерісі Арал өңірінің күріш ауыспалы егістері жағдайында айқын көрініс табады. Тұзданудың басты себептерінің бірі – егістік жерлердің мелиоративтік жағдайларының нашарлауы және суару кезінде суды дұрыс пайдаланбау.

Негізінен құмай Азияның және Африканың ауа райы ыстық қуаңшылық аудандарында кеңінен таралған дақыл, оның транспирациялық коэффициент 132-ге тең, яғни күріш жүйелерінде суды мейлінше аз пайдалануға мүмкіндік береді.

Соңғы жылдары ауыл шаруашылық дақылдарын жалға жүйектеп егу технологиясы қарқынды дамып келеді. Бұл әсіресе, кең қатарлы әдіспен себілетін отамалы дақылдар үшін тиімді екендігі дәлелденген. Дәстүрлі әдіс бойынша, дақыл тұқымы арасы 45, 60, 70 см-лік қатарларға себіліп, кейін қатар аралықты культиватормен өңдеу арқылы жүйектер жасалатын болса, жаңа, жалға егу тәсілі бойынша үндістандық жалға сепкіш арқылы себу кезінде жал жасалып, тұқым бірден жалға себіледі, бұл әдістің тиімділігі ауыл шаруашылық дақылдарының барлығының бірдей өсіру технологияларында зерттелген жоқ [5].

Жүргізілген зерттеулердің мақсаты – қалыптасқан жағдайда бар мүмкіншілікті пайдаланып, тұзды жерде өсе алатын, қуаңшылыққа төзімді құмай дақылының жоғары өнімділікті қамтамасыз ететін технологиялық элементтерін нақтылау, танап топырағының тұздылығын төмендету арқылы, ауыспалы егістегі негізгі дақыл – күріштің өнімділігі мен сапасын арттыру.

Танаптық зерттеулер Қызылорда облысының орталық аймағында орналасқан Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының егіс танаптарында жүргізілді. Аймақтың климаты шұғыл континентті, қысы суық, жазы ыстық, +15⁰С-тан жоғары температура жиынтығы 3300⁰С-тан асады. Атмосфералық жауын-шашынның жылдық мөлшері 90-140 мм-ді құрайды, оның басым бөлігі көктем және күз айларында түседі.

Тәжірибе танабының топырағы – шалғынды-батпақты, ертеден жыртылып, суарылып келе жатқан күріш жүйесіне тән, орташа саздылау. Топырақтың беткі қабатындағы қарашірік мөлшері 0,7-0,9 % шамасында, бұл топырақ құнарлығының төмендігін көрсетеді. Топырақтағы жылжымалы фосфор мөлшері 12-15 мг/кг, алмаспалы калиймен қамтамасыз етілуі де әлсіз. Тұздану деңгейі орташадан күштіге дейін ауытқиды, суда еритін тұздар жиынтығы тығыз қалдық бойынша 1,35%-дан 1,58%-ға дейін. Тұздану типі хлоридті-сульфатты (1-кесте).

Зерттеу нысаны болып құмайдың орта мерзімде пісетін Өзбекстан-18 сорты қолданылды.

Танаптық тәжірибеде құмайды үндістандық тұқымсепкішпен жалға жүйектеп себу әдісі дәстүрлі әдіспен, тұқымды тегіс егістік жер бетіне сіңіре сеуіп, өскіндер шыққан соң, қатар аралығын өңдеп, культивациялайтын нұсқамен салыстырыла зерттелді.

Тәжірибе үш жыл күріш егілген танапқа орналастырылды. Тәжірибе мөлдегінің ауданы 100 м², нұсқалар қайталануы 3, әр нұсқа бойынша үш тұқым себу мөлшері таңдалып алынды (4; 8 және 12 кг/га).

Кесте 1 - Тәжірибе учаскесі топырағының сипаттамасы.

Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Мөлшері
Топырақ ертіндісі реакциясы	pH	7,7-7,9
Мачигин әдісі бойынша анықталған жылжымалы фосфор (P_2O_5)	мг/кг	12-15
Мачигин әдісі бойынша анықталған алмаспалы калий мөлшері, (K_2O)	мг/кг	120-140
Нитратты азот	мг/кг	13-15,3
Хлоридтер	%	0,041
Суда еритін сульфаттар	мг/кг	340-550
Қарашірік	%	0,7-0,9

Танап топырағын өңдеу күзде сүдігер жыртудан басталды (25-27 см). Көктемде егіс танабының бетін мала арқылы тегістеу, минералды тыңайтқыштар енгізу және оларды топыраққа сіңіру үшін БДТ-2,2 дискілі тырмамен қопсыту, тырмалау жұмыстары екі нұсқаға да бірдей жүргізілді.

Бірінші дәстүрлі нұсқа бойынша дақыл тұқымы тегіс егістік жері бетіне 3 см-ге сіңіріліп егілді. Екінші жалға жүйектеп егу нұсқасы бойынша дақыл тұқымы үндістандық жалға сепкішпен жал жасалып, тұқым себілді. Бірінші нұсқа бойынша өскіндер толық көрініп, жер бетіне шыққан соң, 3-4 жапырақ кезінде КРН-4,2 культиваторымен қатараралық өңделіп, арамшөптер жойылды.

Қазақстандық Арал өңіріндегі күріш жүйелерінің топырақтары төменгі құнарлылықпен ерекшеленеді, сондықтан аймақта егілетін кез келген дақыл азотты-фосфорлы минералды тыңайтқыштар беруді қажет етеді. Сондықтан нұсқалар бойынша учаскені мөлдектерге бөлмей тұрып, $N_{60}P_{60}$ мөлшерінде азот-фосфор тыңайтқыштары енгізілді.

Тәжірибе барысында нұсқалар бойынша зерттелген факторлар өсімдіктің қандай көрсеткіштеріне әсер ететіні айқындалды.

Өнімді құрауға қатысатын егістік ауданының бірлігіндегі өсімдік саны көп жағдайда топырақ температурасы мен ылғалдылығына байланысты. Сондықтан, өскіндердің өсуіне қолайлы жағдай жасау, өсімдіктің әрі қарай дамуына және сол арқылы өнімділіктің артуына өз әсерін тигізді.

Тұқымның өнгіштігіне қарай өскіндердің жағдайы, қалыпты өсімдік тығыздығы және жалпы өнімділік қалыптасады.

Тәжірибе нұсқалары бойынша құмай тұқымының далалық өнгіштігі және өсімдіктің сақталуы немесе өміршеңдігі 2-ші кестеде көрсетілген.

Кесте 2– Себу әдісі мен себу мөлшерінің құмай тұқымының далалық өнгіштігі мен өсімдік сақталуына әсері.

Тәжірибе нұсқалары		Далалық өнгіштік, %	Өсімдіктің сақталуы, %
себу әдісі	себу мөлшері, кг/га		
Дәстүрлі әдіс	4	60,3	83,5
	8	57,6	89,8
	12	51,4	85,4
Жалға жүйектеп себу	4	63,9	90,1
	8	61,5	95,8
	12	53,2	89,7

2-ші кестеде көрсетілгендей, тұқымның далалық шығымдылығы 51,4-63,9 % аралығында болды. Дәстүрлі әдіспен себу кезінде, бұл көрсеткіш тұқым себу мөлшері 4 кг/га 60,3 %, 8 кг/га болғанда – 57,6%, ал үлкен мөлшерде - 12 кг/га болғанда 51,4 %-ды құрады. Тұқым себу мөлшері жоғарылаған сайын далалық шығымдылық төмендей берді. Екінші, яғни тұқымды жалға жүйектеп үндістандық тұқымсепкішпен сепкенде далалық

шығымдылық бірінші нұсқаға қарағанда тұқым мөлшері бойынша 3,6; 3,9 және 1,8 %-ға артық болды.

Жалға жүйектеп себу кезінде далалық шығымдылық тұқым себу мөлшері 4 кг/га болғанда 63,9 %, 8 кг/га болғанда 61,5 %, ал 12 кг/га болғанда - 53,2 %-ды құрады. Бұл көрсеткіш бойынша жалға жүйекте егу дәстүрлі әдіске қарағанда тиімді тұқым себу мөлшері 8 кг/га болғанда 3,9 %-ға артты. Құмай өсімдіктерін жасыл азыққа жинау мерзімі шашақбастардың 50 % көрінген кезде жүргізілді және өнімділігі анықталды. Осы мерзімге өсімдіктердің сақталуы 83,5-95,8 % аралығында болды. Екінші нұсқада, яғни жалға жүйектеп егу әдісі бойынша өсімдіктердің сақталуы дәстүрлі нұсқаға қарағанда 4,3-6,6 %-ға артық болды. Себебі, дәстүрлі әдіс бойынша КПН-4,2 культиваторымен қатараралықты өңдеу кезінде өсімдіктердің механикалық зақымдану нәтижесінде сиреуі байқалды. Жалға жүйектеп өсіру нәтижесінде тұқым себу мөлшері 4 кг/га болғанда - өсімдіктердің 90,1 %, тұқым себу мөлшері 8 кг/га болғанда – 95,8%, ал тұқым себу мөлшері 12 кг/га болғанда – 89,7 %-ы сақталды.

Кесте 3– Құмай тұқымын себу әдісі мен себу мөлшерінің көк балауса өнімділігіне әсері (2014-2015 жж.).

Тәжірибе нұсқалары		Көк балауса өнімділігі, %
себу әдісі	себу мөлшері, кг/га	
Дәстүрлі әдіс	4	29,4
	8	36,7
	12	34,1
Жалға жүйектеп себу	4	32,5
	8	41,7
	12	38,3
ЕКЕА ₀₅		3,6

Құмайдың көк балауса өнімділігі жоғарыда айтылғандай, өсімдіктерде шашақбастардың 50 %-ы шыққанда анықталды. Дәстүрлі әдіс бойынша егілген нұсқада тұқым себу мөлшеріне қарай көк балауса өнімділігі 29,4-36,7 т/га-ны құрады. Яғни, тұқым себу мөлшері 4 кг/га болғанда 29,4 т/га болса, 8 және 12 кг/га болғанда көк балауса өнімділігі тиісінше 36,7 және 34,1 т/га-ны құрады. Статистикалық талдаулар соңғы екі тұқым себу мөлшерінде өнімділік бірқатар шамада болғанын дәлелдеді (ЕКЕА₀₅). Сондықтан тиімді тұқым себу мөлшері 8 кг/га деген қорытынды жасалды (3-кесте).

Дақылды жалға жүйектеп егу дәстүрлі әдіске қарағанда тиімдірек болды. Бұл нұсқада тұқым себу мөлшеріне қарай көк балауса өнімділігі 32,5-41,7 т/га аралығында болды. Тұқым себудің төменгі мөлшерінде (4 кг/га) көк балауса өнімділігі 32,5 т/га болса, ең жоғары өнімділік 41,7 т/га тұқым себу мөлшері 8 кг/га болғанда байқалды. Тұқым себу мөлшерін онан әрі 12 кг/га дейін жоғарлатқанда көк балауса өнімділігі біршама төмендеді (38,3 т/га).

Қорыта айтқанда, құмай тұқымын жалға жүйекте себу әдісі дәстүрлі әдіске қарағанда көк балауса өнімділігін тұқым себу мөлшеріне қарай 3,1-5,0 т/га-ға дейін арттырды. Тиімді тұқым себу мөлшері 8 кг/га екендігі анықталды. Жалға жүйектеп себуда еңбек өнімділігі төмендегенмен, дәстүрлі әдіс кезіндегі қатараралық екі рет культиватормен өңдеу болғандықтан, энергия шығыны азайғаны белгілі болды.

Әдебиеттер:

1. Бакирулы К., Ертуов К. Изучение гребневого метода возделывания.//Материалы V-ой Международной конференции «Проблемы экологии АПК и охраны окружающей среды».-Кызылорда, 2008. -С.98-100.

2. Бәкірұлы Қ., Мырзабек К.А., Жакеева М.Б. Қазастандық Арал өңірі жағдайында күріш дақылының шетелдік селекция сорттары мен экологиялық сортсынау.//Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Хабаршысы. -2013.-№1(40).-125 б.

3. Тодерич К.Н., Таутенов И.А., Нургалиев Н.Ш., Бекжанов С.Ж. Forage production and nutritional value of sorghum and pearl millet on marginal lands in Priaralie.//Материалы международной научно-практической конференции «Развитие зеленой экономики. Актуальные вопросы, правовое обеспечение». -КГУ имени Коркыт Ата, 2014. – С.60-68.

4. Шепель Н.А. Сорго. -Волгоград, 1994. - 448 с.; 25 см.– Библиогр.: с. 445-446. – Предм. указ.: с. 215-216. – 2000 экз. – ISBN 2-24562-523-8 (в пер.).

5. Шекун Г.М. Культура сорго в СССР и ее биологические особенности. – М.: Колос, 1964 . –С.3-14.- 2000 экз. – ISBN 4-27892-351-5 (в пер.).

ӨОЖ: 66.046.5

ҚАТЫРЫП БАЛҚЫТУДЫҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ПАРАМЕТРЛЕРІН НЕГІЗДЕУ

Е.Н.ЫСҚАҚ, техника ғылымдарының кандидаты,

Л.К.МҰСТАФА, А.ЕДІЛ, магистранттар

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Қазіргі таңда машина құрылысының өнімдерінің сапасын жақсарту, оның техникалық дәрежесін, техникалық- экономикалық және өндірістік пайдасын едәуір көтеру - олардың сенімділігі мен пайдалану мерзімін арттыру болып табылады. Алайда, жер жырту техникасы қазіргі заман талабына сәйкес емес.

Жер жырту құралдарының элементтері өте тез істен шығып, жұмыс істеу мерзімін төмендетеді. Олардың қолдану мерзімін ұлғайту қазіргі таңда шешуші проблемаға айналып отыр. Осыны шешу ауыл шаруашылығы үшін маңызды шаруа. Бұл дегеніміз-материалдық, еңбек және энергия ресурстарын үнемдеу, ауыл шаруашылығындағы еңбек үлесін арттыру болып табылады.

Пайдалану процесі кезінде жер аудару машиналарының жұмыс бөлшектері негізінен екі факторға байланысты: абразивтік істен шығу және ұрма күштері. Ауыл шаруашылық машина құрылысында көбіне осы бөлшектерді дайындау үшін 45, 65Г, 70Г маркалы конструкциялық болаттарды қолданады, бірақ олар көп мерзімде жұмыс істей алмайды.

Тез құратын бөлшектерді жасау үшін жылына 20 мың т. аса профильдік прокат жұмсалады. Жаңа бөлшектер жетіспейді, сұраушылардың қажеті жыл сайын өтелмей тұр. Теория және практикада абразивтік ортада жұмыс істейтін бөлшектердің жұмыс мерзімін арттыруды зерттеудің маңызы зор.

Кілт сөздер: қатырып балкыту, машина құрылысының өнімдері, ауыл шаруашылық машиналарының құрылысы, абразивтік істен шығу, ұрма күштер.

Аннотация

Одним из важнейших факторов интенсификации производства является усиление режима экономии, при этом предусматривается превратить ресурсосбережение в решающий источник удовлетворения растущих потребностей республики сельскохозяйственной продукцией, дальнейшего укрепления материально-технической базы агропромышленного комплекса и социального переустройства села.

Надежной основой успешного решения поставленных задач является обеспечение всемирного ускорения научно-технического прогресса, повсеместное применение его результатов в производстве и управлении, сферу обслуживания и в быту. Одним из важных направлений современного научно-технического прогресса является повышение долговечности почворезущих элементов сельскохозяйственной техники наплавкой, обеспечивающей их высокопроизводительную и экономичную работу. Об этом свидетельствуют данные практического использования результатов ряда исследований в этой области.

Ключевые слова: ресурсосбережение, агропромышленный комплекс, научно-технический процесс, почворезущие элементы.

Annotation

At present there is a problem to increase the technical level and the quality of machine-building production, to raise the economy and technique productivity, its reliability and longevity. But soil cultivating technique doesn't meet the up-to-date requirements. Especial rapidly wearied parts of soil cutting elements reduce the efficiency of its using. The problem of increasing of their longevity is urgent problem. Its solving is very important for national economy, this will effect a saving of material, labour and power resources and it also will raise the labour productivity in agriculture.

The wide using of meet from wearresisting materials allows to get layers of metal practically of any thicknesses on the working surface, different chemical compound with high hardness and wearresistance.

Key words: technical level, technique productivity, soil cutting elements, labour and power resources, wearresisting materials.

Бөлшекті балқымаға батырып қалпына келтіру үшін қолданылатын қатырып балқыту тәсілінің ерекшелігі бөлшек беттеріне пайда болатын қатты қорытпаның керекті қалыңдығын алуға балқыманың және беттік флюстеудің алғашқы температурасы, бөлшектердің балқымада батырылып тұру ұзақтығы, оның қызу кинетикасы және тағы да басқа факторлар әсер етеді. Сонымен қатар, бөлшектердің шектеулі өлшемдері мен қалыңдығына байланысты зерттеу барысында максимальды балқымада болу ұзақтығы анықталды. Жоғарыда айтылған факторлармен қатырып балқытудың негізгі параметрлері арасындағы өзара байланысты анықтау үшін беттікте пайда болатын қажалуға төзімді қорытпа қалыңдығы мөлшерін анықтауға фазалар шекарасындағы жылу балансының теңдеуін құрамыз. Пайда болған қатты қорытпаның теориялық ерекшелігін ескере отырып, оны төмендегідей түрде жазамыз.

$$Q = Q_{пер} + Q_{кр}, \text{ Дж} \quad (1)$$

Мұндағы: Q - балқыманың I және II кезеңінде балқымадан үлгі арқылы кететін жылу мөлшері, Дж

$Q_{пер}$ - балқыманы қыздыру кезіндегі жылу ауысу үдерісіндегі сәйкесінше I және II кезеңдерде әсер ететін жылу мөлшері, Дж

$Q_{кр}$ - қаптаманың қалыптасуы кезіндегі кристалдану үшін кететін I және II кезеңдегі жылу мөлшері, Дж

Қыздырылған бөлшектер және балқыма сұйығының температураларын сәйкестендіру арқылы олардың айырмасын мынадай түрде жіктейміз:

$$T - T_0 = \Delta T$$

осыдан балқытып қатыру тәсілі кезінде, балқымадағы температура айырмасын, былай жазамыз

$$-_{col} = \Delta$$

ал ондағы айырманы

$$-_{col} = \Delta$$

Егерде үлгі беттігіндегі қалыптасқан температура белгілі болса, жылу өткізгіштіктің жалпы теориясына сәйкес [1] балқыту үдерісінің I-кезеңіндегі үлгі беттігінің жылуды жұту мөлшерін анықтау үшін төмендегі теңдеуді жазамыз

$$= \sqrt{\quad} (\quad_{ol} - \quad) \sqrt{\quad} , \text{ Дж} \quad (2)$$

Мұндағы: α - үлгі материалының жылуды сіңіру коэффициенті;

F - балқытылатын үлгі беттігінің ауданы, m ;

Балқытып қатырудың екінші кезеңін ескере отырып, үлгі беттігімен балқымадан кететін жылу шығыны мөлшері [2] ұсынысы бойынша төмендегі теңдеуді құрайды

$$= \{1 - 0.615 \cdot \quad \cdot [-2.6(\quad - 0.12)]\} Дж \quad (3)$$

Мұндағы: $= F \cdot x \cdot \quad \cdot c (\quad_{ol} - \quad)$ - барлық көлемі бойынша $\quad_{ol}$ деп $\quad_{ol}$ аралығында X қалыңдықты үлгіні қыздыруға кететін жылу мөлшері, Дж

ρ - үлгі материалының тығыздығы, $кг/м$

c - үлгі материалының жылу сиымдылығы, $Дж/кг \cdot K$

Егерде (3) теңдеуіндегі көрсеткіш мәндерін алып орындарына қоятын болсақ, өте үлкен және күрделі болып кететінін көреміз, осыны ескере отырып, ол теңдеуді crf теңдеуімен ауыстырсақ, есептеулер көрсеткендей ешқандай айырмашылық байқалмайды және өте күрделі теңдеу қарапайым түрге түседі. Осы өзгерістерді ескере отырып, (3) теңдеуін төмендегідей жазуға болады:

$$= \quad_o \cdot crf \quad , \text{ Дж} \quad (4)$$

Бөлшектің беткі қабатының температурасын анықтай отырып, балқыту кезіндегі түйісу беттіктері арқылы үлгіге балқыма арқылы берілетін қыздыру мөлшерін төмендегі өрнек арқылы анықтаймыз

$$q_{ыз} (\quad) = \sqrt{\quad} (\quad - \quad_{col}) \quad (\quad) , \text{ Дж}$$

мұндағы λ - балқыма материалының жылуды өткізу коэффициенті, $Дж/м \cdot c \cdot K$

Балқыманың кату кезіндегі бөлінетін кристалданудың ішкі қызулығы пайда болған қатты фазаның көлеміне тік пропорционалды екені белгілі. Оның мөлшерін мына теңдеумен өрнектеуге болады

$$V_{кр} (\quad) = \quad \cdot \quad \cdot \quad (\quad) , \text{ Дж}$$

Мұндағы: $\lambda_{кр}$ - қорытпаның ішкі кристалдану жылулығы, $Дж/кг$

$\rho_{кр}$ - кристалдану температурасына жақын қатты күйдегі қорытпаның тығыздығы $кг/м^3$

h () - () уақытындағы қорытпаның қатты қабатының қалыңдығы, m

Балқыту үдерісінің бастапқы кезеңінде (1) теңдеуін талдаймыз, ол үшін оның оң бөлігін сол бөлігіне бөлеміз.

$$\frac{\text{пер } I}{I} \cdot \frac{\kappa p}{I} = 1 \quad (5)$$

$Q_{\text{гтI}}$, $Q_{\text{крI}}$, Q_{2I} мәндерін (2.5) теңдеуіне қойғаннан кейін теңдеу келесідей болып түрленеді.

$$\frac{\frac{B}{\sqrt{\pi}} \cdot \left(\frac{\text{сол}}{\text{сол}} \right) \sqrt{I} \cdot \rho \cdot \xi}{\frac{B}{\sqrt{\pi}} \cdot \left(\frac{\text{сол}}{\text{сол}} \right) \sqrt{I}}; \quad (6)$$

I мөлшеріне сәйкес қысқартулар жүргізе және (6) теңдеуін шығара отырып, балқыту үдерісінің алғашқы кезеңіндегі беттікке қатқан қорытпа қалыңдығын анықтайтын теңдеуді келесі түрде жазамыз.

$$I = 1,122 \sqrt{I} \frac{B \left(\frac{\text{сол}}{\text{сол}} \right) \cdot B \left(\frac{\text{сол}}{\text{сол}} \right)}{\rho \cdot \xi} \quad (7)$$

(7) теңдеуіндегі дробуі R_I қату коэффициентімен ауыстырғаннан кейін оны келесі түрде жазуға болады.

$$I = R_I \sqrt{I}$$

(2.7) теңдеуінен коэффициент нақты физикалық мәнге ие екенін көреміз. Оның мөлшері ΔT_1 және T_2 температуралар ауытқуларына, материалдар мен қорытпалардың жылу жинау ерекшелігіне сәйкес ауысу температурасы аймағындағы физикалық балқытылған қорытпаның жасырылған кристалдану жылуына және қатты күйдегі тығыздығына тәуелді.

B_2 коэффициентінің температураға тәуелді екені белгілі, бірақ жүргізілетін есептеулерде онша үлкен қате болмауына байланысты оны ескермесек болады және бірінші жуықтауда оны тұрақты мөлшер деп санауымызға болады. Осындай тұжырымдар есебінен R_I коэффициенті мөлшерін балқытудық қатыру тәсілінің алғашқы кезеңі кезіндегі барлық уақыт бойы тұрақты мөлшер деп санауымызға болады. Бұл дегеніміз балқыту үдерісінің алғашқы кезеңінде қатырылған қорытпа қабатының қалыңдығы уақытқа тәуелділігіне байланысты көрсеткіш дәрежесі 0,5 тең парабола болып қала береді. Бастапқы тұрақталған мөлшері көрсеткішінің мәні эксперименттермен дәлелденді. Уақыттың шектеулі мәніне дейін балқыту мерзімін көтерсек, қорытпаның қатқан қабат қалыңдығы да өседі.

Бірінші кезеңдегі қорытпаның қатқан қабатын ескере отырып, екінші кезеңдегі қорытпаның қатқан қабатының қалыңдығының өзгеруін төмендегідей етіп жазамыз.

$$II = \frac{X \cdot C \cdot \dots \cdot T \cdot e \cdot \dots}{\dots \cdot \sqrt{\dots}}$$

Келесі теңдеумен анықтаймыз.

$$= - = 1 - + \dots, Дж \quad (8)$$

Бөлшек беттігін тазалау үшін, 1123K температурада жүретін Q_2 және $Q_{\text{перII}}$ арасындағы мөлшерлер теңесуі 4,5 сек кейін, ал 1173K температурада - 4,8 сек болады. Осы уақыт аралығы қатырып балқыту тәсілінің максимальды ұзақтығын сипаттайды және осыны алдында келтірілген нәтижелермен салыстырсақ, олар бір-бірімен жақсы сәйкес келеді, [2] келтірілген мәліметтер бойынша, аппроксимацияланған теңдеулермен алынған зерттеулер нәтижелері тәріздес критерияларымен тәуелді және тәуелсіз айнымалы қатынастар арасындағы функционалды байланыс орнатылады және осы нәтижелерді ұқсас физикалық топтар үдерістеріне қолдануға қол жеткізеді. Осы ережелерді ескере отырып (6 және 8) теңдеулері балқыма металдары арқылы беттікті қатайту үдерісінің

нақтыланып ұсынылған математикалық теңдеу деп санауымызға болады. Оларды балқыту арқылы қалпына келетін бөлшектер беттігін қалыңдығын анықтау кезіндегі инженерлік есептеулерге қолдануға болады. Тегіс дайындаманың беттігін балқытып қатыру үдерісінің ұзақтығын анықтау кезінде (5, 6, 7 және 8) теңдеулерін қолдануымыз керек. Біз бұны қажалуға төзімді материалдарды бөлшек беттігіне балқытып қатыру кезінде (II) үдеріс ұзақтығын анықтаймыз.

Бөлшектер беттіктерін флюстармен тазарту кезіндегі физика-химиялық процестер

Бөлшектер бетін флюспен қақтан тазарту үдерісі бірнеше тізбекті қатар жүретін кезеңдерден тұрады. Өзара әрекет фазааралық беттің пайда болуынан, шайудан және жайылудан басталады. Қаралатын зат ретінде кеуектілік пен бүдірлікке ие болатындықтан фазааралық беттің пайда болу үдерісі сіңірілуімен ұштастырылады. Шайылу мен сіңіру үдерістері жоғары жылдамдықтармен өтеді және олар аяқталғаннан кейін жаңа (келесі) кезең, яғни қақтың еруімен байланысты химиялық өзара әрекет басталады.

Шайылудың әр түрлі салмақты шеткі бұрышы θ (термодинамикалық шама) немесе шайылудың динамикалық бұрышы θ^g (кинетикалық шама) шайылу критерийі болып табылады. θ нөлге ұмтылуы және θ^g өзгерісінің жоғары жылдамдығы қатты дененің сұйықпен жақсы немесе толық шайылуының нәтижесі. Бұл жағдайда $\cos\theta$ өседі. $\delta_{Т-Ж}$ фазааралық энергия өзгерісі бұл өсуге өзінің елеулі үлесін қосады $\cos\theta = (\delta_{Т-Г} - \delta_{Т-Ж}) / \delta_{Т-Г}$. Анықталғандай, фазааралық энергияның ең жоғарғы төмендеуі химиялық потенциал $\Delta\delta_{Т-Ж} = M\Delta\theta$ градиентінің шамасы жоғары жүйелерде байқалады, ол қатты және сұйық фазалар компоненттерінің күшті химиялық өзара әрекеттері бар жүйелер үшін тән.

Шайылудың шеткі бұрыш шамасына беттің бұдырлік әсері келесі теңдеуімен сипатталады:

$$\cos\theta = r\cos\theta^g$$

Мұнда r – қатты дененің нақты бетінің жазықтыққа оның проекциясына қатысы. $r > 1$ болғандықтан, онда $\cos\theta^g > \cos\theta$ және $\theta^g < \theta$, бірақ кері арақатынас та мүмкін $\theta^g > \theta$. Жалпы көптеген зерттеулермен қатты дененің тегіс емес бетінің сұйықпен шайылатын қабілетіне теріс әсері көрсетілген.

Дайындама жүйелерінде балқыма ағудың үш кезеңінде жүзеге асырылады: кинетикалық, инерциялық және тұтқырлы. Кинетикалық режим - дайындамамен сұйықтың химиялық байланыстарының пайда болуы, онда екі беттің атомдары қатысады. Ол қатты дайындамалар бойынша тұтқырлығы аз балқымалардың ағуының бастапқы кезеңіне тән. Уақыт бойынша ағудың инерциялық режимі кинетикалық режимнен кейін келеді. Бұл кезеңде ағуға негізгі кедергіні сұйықтың инерция күштері және ағу периметріне сұйықты жеткізу тудырады. Ағудың тұтқырлы режимі процестің қорытынды кезеңі болып табылады және сұйықтың ішкі үйкеліс күштерімен анықталады.

Ағу жылдамдығының тұтқырлықтан жалпы тәуелділігі $\lg \theta^g = A(U\theta / \delta_{Ж-Г})$ теңдеумен көрсетіледі, мұнда θ - динамикалық тұтқырлық, A, B - константалар, U - сұйықтың ағу жылдамдығы, ерітумен ұштастырылған ағу үшін $U = K_{эф} * \Delta\theta$ өрнек берілген. Ағудың сәйкес кезеңдерінде қиыншылықтардың болмауы $\Delta\delta$ шамасында қамтамасыз етіледі, яғни компоненттердің өзара әрекеті мен балқыма тұтқырлығының төмендеуінде.

Кеуектерге флюстың ену жағдайлары оның диаметріне, кеуектің бет пішініне және капиллярлық қысымға байланысты. Басқа да тең параметрлері кезінде капиллярлық қысым өседі $\cos\theta$, флюс балқымасының капиллярларға ену тереңдігі мен флюс арақатынасымен байланысты $I^2 = \delta_{Ж-Г} \cos\theta r_{эф} \tau / 2\theta$, демек сіңірілу кезеңінде қиыншылықтар аз болады.

Фазааралық шекарадағы өзара әрекет пайда болған молекуланың электрондық тығыздығының асимметриялық үйлестірілуіне соқтырады. Фазааралық шекарада өзара әрекет есебінен қосарланған электр қабатының пайда болуы беттік процестердің қарқындалуына ықпал етеді.

Қарастырылған процестер үшін жүйенің өзара әрекет ететін фазаларының химиялық потенциалдардың тепе-тең болуына ұмтылуы ерудің қозғаушы күші болып табылады. Олардың химиялық потенциалдарының айырмашылықтары көп болған сайын еру де жоғары термодинамикалық арынмен сипатталады. Қатты дененің сұйықта еруі екі негізгі кезеңдерден құралады: қатты дене атомдарының бөлінуі мен өтуі және шекара қабатына өтуі /кинетикалық кезең/; шекара қабатынан балқыма массасына өту /диффузиялық кезең/. Ерудің қорытынды жылдамдығы осы кезеңдер жылдамдықтарынан құралады, ал баяу кезеңі шектеуші болып табылады.

Ерудің кинетикалық кезеңі химиялық өзара әрекет жылдамдығымен анықталады. Бұл кезеңдегі қиыншылықтарды өзара әрекеті күшті жүйелерде күтуге болады. Жалпы алғанда мұндай өзара әрекет жылдамдығы концентрацияградиентінің әсерінен атомдардың араласу жылдамдығынан жоғары және өте жылдам өтеді.

Диффузиялық шектеу жағдайында еру жылдамдығы диффузия коэффициентіне D , тазартылатын бет ауданына S және шекара қабатының қалыңдығына δ байланысты және төмендегідей жазылады:

$$— = \frac{D}{\delta} * S (C_H - C) \quad (9)$$

D және δ сұйық флюстың тығыздығы ρ мен тұтқырлығы r төмендегі арақатынас пен байланысты. $D = RT / \pi \rho r$ $\delta \sim (— * \eta)^n$ Бұл тәуелділіктерді (9) өрнегіне қойып,

$$\text{аламыз: } \frac{—}{\tau} = \frac{\sqrt{—}}{\pi /} * (C_H - C) S.$$

Сонымен, флюстың қақпен өзара әрекеті кезінде өтетін процестер негізі ортақ, ал тазартудың максималды жылдамдығын алу үшін химиялық потенциал градиентінің үлкен шамасын қамтамасыз ету қажет.

Өткізілген сараптамада функция өзгерісіне ең жоғары үлесін қосатын мүшелер ғана қарастырылған, сонымен қатар ол флюс құрамын іздеудің негізгі жолдарын белгілеуге мүмкіндік береді. Химиялық потенциал градиентінің максималды шамасы жүйеде балқымадағы қақ компоненттерінің белсенділігінің төменгі мәндерімен жүзеге асырылады. Тотық-флюс жүйесінде күшті химиялық қосылыстарының пайда болуының еркін энергиясы өзгерістерінің мәліметтері, күйдің диаграммалар түрлері бойынша жобаланады: сұйық күйінде әртүрлі аттас компоненттерінің өзара әрекеті химиялық қосылыстарымен эвтетикалық типті диаграммалар үшін тән.

Дайындамаға биметалл бұйымдарды балқымамен дайындау процесінің металдарды дәнекерлеумен ұқсастығы көп. Дәнекерлеу кезінде негізгі металл балқымайды, ол қатты күйде болады. Негізгі металл түйіспелерінде пайда болатын байланыстар нәтижесінде біріктіру пайда болады. Сондықтан балқытылатын беттің активизациялау процесін сараптау үшін дәнекерлеу кезіндегі физика-химиялық процестердің зерттеулер мәліметтері қолданылды.

Дәнекерлеу теориясы мен тәжірибесінен белгілі болғандай сұйық және қатты металдардың өзара әрекеттесу кезінде байланыстың пайда болуы үшін ең алдымен балқытылған металл атомдары қатты металдың беттік атомдарымен тікелей байланысқа түсуі қажет, яғни шайылуы керек.

Демек, биметалда тұтас біріктірудің пайда болу шартының бірі бір металдың екінші металмен шайылуы болып табылады.

Беттікті шаю теориясы бойынша әр түрлі қатты денелер бойымен беттік энергиясы жоғары заттардың сұйық металдардың ағуы бөліну шегінде мықты химиялық байланыстар қалыптасқан жағдайда мүмкін. Олардың энергиясы сұйық фазаның беттік энергиясымен салыстырылады. Сұйық фаза химиялық өзара әрекетпен, химиялық атомаралық күштер әсерімен қамтамасыз етіледі. Яғни, металдар арасында байланыстар пайда болу үшін екі металдар атомдарының жақындасуы қажет, қашықтығы атомаралық

энергетикалық өзара әрекет пайда болатындай болуы керек. Балқыма мен негіз атомдары 10 м қашықтыққа жақындаған кезде молекулярлық өзара әрекет күштері пайда болуы мүмкін. Егер атомдарды $3 \cdot 10^{-10}$ м қашықтыққа жақындатса, онда металл байланыстары пайда болады.

Қатырып балқыма мәні оксид пленкасынан тазартылған дайындама бетінде қорытпаның біртіндеп қатуында. Балқыма (T_1) мен дайындаманың (T_2) бастапқы температуралар айырмашылығынан дайындама бетімен түйісетін балқыманың локалды көлемі фазалық өту температурасына дейін суиды. Таза металдардың рекристаллизациялану температурасы балқыту температурасына тәуелді: $T_p = (0,35.....0,45) T_b$, металға қоспалардың негізі (легірлеу) рекристаллизация температурасын арттырады.

Соңғы кездері өткізген зерттеулері көрсеткендей, негіз температурасын 0,2.....0,4-ке дейін төмендетуге болады. Сонымен қатар, беттердің сәйкес жоғары тазартылуын қамтамасыз ету қажет.

Дайындама температурасының мәндері төмен болған жағдайда процесс тиімді болады және негізгі металл құрылымының аз бүлінуіне ықпал етеді.

Қырларды балқытудың оптималды температураларын анықтау мәселелерінің маңызы зор. Шайылу процесімен тікелей байланыста қату процесі болады. Шайылуды қамтамасыз ету- негізбен қатқан қорытпаның тұтас біріктірілуін алудың маңызды шарты. Қатыру шартын жүзеге асыру процесін белгілі ұзақтығында қатқан қорытпа қабатының сәйкес қалыңдығын алуды қамтамасыз етеді. Т.ғ.к. Е.Н.Ысқақтың зерттеулері көрсеткендей көрсетілген шарттардың тым болмаса біреуі бұзылса (шайылу немесе қату) балқыту процесі мүмкін болмайды.

Металдардың беттік қабат атомдарының энергиясы жоғары. Газды ортамен, органикалық немесе органикалық емес заттармен түйісу кезінде металл емес байланыстары бар қабаттар пайда болады: Вандер-Вааль байланыстары бар адсорбталған қабаттар, ионды немес ковалентті байланыстары бар хемосорбты қабаттар. Мұндай қабаттар металмен мықты ілініспеген, сондықтан нашар суланады және сұйық қорытпалармен суланбайды. Металдар бетінде металл емес қабаттар пайда болған кезінде металдардың беттік қабат энергиясы төмендейді.

Мәліметтер бойынша беттегі қышқылдардың мономолекулярлық қабатының пайда болуы 10^{-8} с-ке тең.

Температура көбейген сайын қышқылдану процесі күшейеді, ауа оттегі металдар бетімен өзара белсенді әрекеттеседі, окись қабығы пайда болады, ол температура мен қыздыру ұзақтығы көбейген сайын артады.

Балқытылатын бетте тотық және басқа да металл емес қабықтар металды оқшаулайды, оның физикалық түйіспесіне және сұйық қорытпамен өзара әрекеттесуіне кедергі келтіреді.

Қабықты тотықты алып тастау арқылы балқытылатын металдың беттік қабатын белсендіреді, оның атомдарының еркін байланыстарын босатады.

Түйіспеге сұйық қорытпаны енгізу үшін балқытылатын металл бетіндегі металл емес қабаттарын жояды.

Әдебиеттер:

1. Исаков Е.Н. Повышение износостойкости рабочих органов сельскохозяйственной техники с использованием диффузионного намораживания. // Диссертационная работа на соискание ученой степени кандидата технических наук. - Алматы, 1998. - 119 с.

2. Казаков Н.Ф. Диффузионная сварка в вакууме – М.:Машиностроение, 1988, - 332с.; 22 см.– Библиогр.: с. 330-331. – Предм. указ.: с. 321-323. – 5000 экз. – ISBN 4-42783-548-3.

УДК: 379.85(574)

**ПЕРСПЕКТИВЫ КЛАСТЕРНОГО ПОДХОДА ДЛЯ РАЗВИТИЯ
ИНДУСТРИИ ТУРИЗМА В КАЗАХСТАНЕ****Н.Г.БАКАНОВ**

АО «КазАвиаспас» КЧС МВД РК, г.Астана, Республика Казахстан

Аннотация

Данная статья демонстрирует краткий анализ потенциала кластерного подхода для развития индустрии туризма в Казахстане. В свою очередь, структура статьи показывает дедуктивный метод данного анализа: от концепций общего характера в сфере туризма к более специфичным для казахстанской индустрии данным. Например, в вводной части статьи приводится определение понятия «индустрия туризма», в том числе с точки зрения фундаментальной экономики. Далее, описываются такие основные элементы туристской характеристики страны, как, например, ее транспортно-географическое положение. В данной статье, также описаны эволюция индустрии туризма, как в глобальном, так и в казахстанском контекстах. В национальном контексте эволюционные процессы казахстанской индустрии туризма освещены в вопросах формирования и развития национальной законодательной и институциональной баз. Помимо этого, национальная статистика в данной отрасли (в ретроспективе), приведенная в приложении к данной статье, дает возможность кратко проанализировать соответствующую ситуацию в РК в отрасли туризма. Также, посредством анализа данной статистики выявляется определенный потенциал для формирования национального туристического кластера. При этом подчеркивается важность комплексного анализа структуры въездного и выездного туристических потоков в Казахстане.

В заключительной части статьи рассматриваются возможности использования кластерных инструментов для решения масштабных проблемных вопросов в индустрии туризма. В свою очередь, для эффективного применения кластерных подходов в индустрии туризма немаловажна государственная поддержка. В частности, меры государственной поддержки могут включать в себя как организационно-финансовые пакеты, так и инновационные инициативы.

Ключевые слова: Туризм в Казахстане, индустрия туризма, кластерный подход, развитие туризма, структура.

Аннотация

Бұл мақалада Қазақстандағы туризм индустриясын дамытудағы кластерлі тәсілдеменің мүмкіндіктерінің қысқаша талдауы көрсетіледі. Өз кезегінде мақаланың құрылымы туризм саласындағы жалпы мазмұндағы концепциядан Қазақстанның туризм индустриясындағы арнайы мазмұнға бағытталған талдаудың дедуктивті әдісіне негізделгенін көрсетеді. Мысалы, мақаланың кіріспе бөлімінде «туризм индустриясы» ұғымының анықтамасы іргелі экономика көзқарасымен келтіріледі.

Сонан соң туризм саласының негізгі элементтерінің бірі, мысалы транспорттық-географиялық жағдайы сипатталады. Бұл мақалада сонымен қатар дүниежүзілік және қазақстандық туризм индустриясының эволюциясы сипатталады. Ұлттық контекстте қазақстандық туризм индустриясының эволюциялық процестері ұлттық заңдық және институционалдық базаларды қалыптастыру және дамыту сұрақтарында қарастырылады.

Сонымен қатар, мақаланың қосымшасында келтірілген осы саладағы ұлттық статистика мәліметтері (ретроспектива) Қазақстан Республикасындағы туризм саласындағы қазіргі жағдайды қысқаша талдауға мүмкіндік береді. Осы статистиканы

талдау барысында ұлттық туристік кластерді қалыптастырудың мүмкіндіктері анықталады. Сонымен қатар Қазақстандағы туристік ағындардың кіру және шығу құрылымдарын кешенді талдаудың маңыздылығы атап көрсетіледі.

Кілт сөздер: Қазақстандағы туризм, туризм индустриясы, кластерлі тәсілдеме, туризмнің дамуы, құрылым

Annotation

This article demonstrates the brief analysis of cluster approaches for the development of tourism industry in Kazakhstan. In turn, the article structure shows the use of deductive method for this analysis, by proceeding from common concepts (in tourism) to more specific data in tourism industry. For instance, in article introduction a definition for the “tourism industry” is provided, also from the point of fundamental economics.

Further, the core elements of country touristic characteristics as its transportation-geographical location. In this article, the evolution of tourism industry is described both in global and national contexts. On national level, the evolutionary processes of Kazakhstani tourism industry were highlighted through issues of establishing and developing the national and institutional bases in this field.

Moreover, the national statistics in retrospect (provided in attachment) gives opportunity to analyze briefly the current situation in this industry. In addition, through this analysis a definite potential to establish the national touristic clusters. In this case, the significance of complex analysis of the structure of inflow and outflow touristic streams is also highlighted in this analytical section.

In article conclusion the perspectives of using the cluster tools are discussed to solve the large-scale problems in tourism industry. In turn, the involvement of public sector (government) is important for effective use of cluster approaches. Particularly, the maintenance measures from public sector (government) can include the financial measures and innovation projects.

Key words: Tourism in Kazakhstan, tourism industry, cluster approaches, tourism development, structure.

В современном мире с интенсивным уровнем глобализации индустрия туризма является одной из наиболее динамично развивающихся отраслей многих национальных экономик. Более того, за столь быстрые темпы роста данная индустрия признана экономическим феноменом 21-го века. В свою очередь, интерес субъектов предпринимательства к индустрии туризма можно объяснить рядом основных факторов. Во-первых, по сравнению с другими капиталоемкими отраслями начальные проекты в сфере туризма не требуют масштабных инвестиций. Во-вторых, текущая ситуация на многих различных рынках туристской индустрии показывает возможности эффективного взаимодействия крупных, средних и малых субъектов предпринимательства. Вместе с тем, бизнес-проекты в индустрии туризма обычно имеют свойство динамичного оборота капитала, а также выгоды при соответствующих операциях с валютами [1].

Индустрия туризма, рассматриваемая в рамках фундаментальной экономики, это – экономический комплекс, развитие которого зависит в большей степени от глобальных/международных (мирохозяйственных), чем от внутренних (имманентных) процессов/отношений. Данная индустрия, выступая также средством перераспределения ВВП между странами (без вывоза/импорта товаров и услуг), является одним из главных ускорителей экономического роста ряда динамично развивающихся стран. В свою очередь, туристы создают таким образом в данных странах новые рабочие места [2]. На сегодняшний день, индустрия туризма представляет собой совокупность организаций (как производственных, так и непроизводственных предприятий), которая обеспечивает производство, распределение, обмен и потребление продуктов индустрии туризма. Вместе с тем, данная индустрия осваивает и использует ресурсы туризма, и создает МТБ для данной сферы [3].

Как известно, изначальным и основным пунктом плана туристской характеристики страны является ее географическое положение. Поэтому, необходим строгий отбор материалов и сведений об окружении страны, избегая перегрузки информацией, характеристик ее географического положения [4]. Для данного жесткого информационного фильтра главным критерием может выступать отбор таких материалов и сведений, которые создают свойства уникальности и оригинальности географической характеристики страны. В свою очередь, данный процесс информативного отбора дает дополнительный импульс для использования всех возможностей рекреационного потенциала, развития национальных объектов рекреации и освоения новых региональных территорий.

Вместе с тем, характеристика транспортно-географического положения страны также является одним из главных элементов туристской характеристики страны. При этом, основной фокус обычно концентрируется на классификации (видов) транспорта, которые обеспечивают международные перевозки и связи в сфере туризма [5]. Таким образом, это, в свою очередь, дает возможность анализировать потенциал положения (центральное, периферийное, окраинное, удаленное, изолированное и т.д.) страны в континентальных транспортных системах. Дополнительно, экологическая ситуация, окружающая страну, также влияет на ее национальную туристскую характеристику. Соответственно, положительные или отрицательные свойства окружающей экологической ситуации также формируют общую картину туристской характеристики страны.

На основе вышеизложенного, можно сделать предварительный вывод, что Казахстан с ее уникальным географическим расположением располагает множеством предпосылок для развития индустрии туризма. Например, с учетом наличия в Казахстане разнообразных географических ландшафтов, а также богатого культурно-исторического наследия. Более того, ее исторически известное транспортно-географическое положение на трассе Великого Шелкового пути также повышает туристскую привлекательность данного региона. Поэтому, для казахстанской индустрии туризма актуальными остаются вопросы ландшафтного анализа рекреационного потенциала. Также, важным является анализ степени функциональной пригодности и эстетичности пейзажей определенных территорий (регионов) внутри страны для организации туризма и отдыха. В настоящее время, индустрия туризма в Казахстане рассматривается как полноправная отрасль национальной экономики.

История формирования и развития индустрии туризма (по Зорину И.В. и Квартальнову) разделена на 4 основных этапа [6]:

- 1 этап (до начала XIX в.) – предыстория туризма;
- 2 этап (начало XIX в. - начало XX в.) – элитарный туризм (становление специализированных предприятий по производству туристических услуг);
- 3 этап (начало XX в. – до Второй мировой войны) – социальный туризм;
- 4 этап (после Второй мировой войны – по настоящее время) – массовый туризм (формирование индустрии туризма как межотраслевого комплекса по производству туристических товаров и услуг).

В свою очередь, современный этап индустрии туризма в Казахстане начинает свое становление с конца 80-х годов 20-го века. Казахстанская сфера туризма в данный период представляла собой социально направленную автономную отрасль. Следовательно, субъекты в данной сфере не имели коммерческих целей в своей деятельности, и данная отрасль отличалась рекреационным характером. Вопросы регулирования охватывались нормативными актами Советов по туризму и экскурсии (и ВАО «Интурист»), поскольку до 1992 г. отсутствовал отраслевой закон (о туризме) [7]. Вместе с тем, дальнейшее развитие индустрии туризма в Казахстане не имела динамичного характера в связи с отсутствием системы подготовки кадров для данной

отрасли. Также, отсутствие практического опыта автономной работы субъектов данной сферы тоже препятствовало динамике развития отрасли.

Далее, после обретения Казахстаном независимости в 1991 г. начались процессы формирования национальных компонентов (законодательного, институционального и др.) для системы регулирования отечественной индустрии туризма. Например, для формирования законодательной базы в 1992 г. был принят Закон РК «О туризме», новая редакция которой была принята в 2001 г. В свою очередь, становление институциональной базы для государственного регулирования отрасли берет свое начало в 1993 г. с создания Министерства по делам молодежи, туризма и спорта. В настоящее время, вопросы разработки государственной политики для развития индустрии туризма находятся в ведении Министерства инвестиций и развития РК, где имеется соответствующий отраслевой департамент. Текущими программными документами по развитию индустрии туризма являются Концепция развития туристской отрасли РК до 2020 г., и соответствующие планы мероприятий по ее реализации.

Ретроспективная статистика, предшествовавшая современному состоянию индустрии туризма в Казахстане (за период с 2003 по 2012 гг.), представлена на соответствующих графиках и таблицах в Приложении. Анализ данной статистики показывает, что развитие индустрии туризма в Казахстане не было однородным процессом. Например, в начальные годы (отчетного периода) становления национальной рыночной экономики можно отметить повышение активности въездного туризма, а затем наблюдается и последующее увеличение доли выездного туризма. В последние годы также повысились индикаторы увеличения доли внутреннего туризма в Казахстане. Таким образом, анализ структуры данного рынка демонстрирует значительный потенциал для формирования национального туристического кластера. Более того, при разработке соответствующей национальной стратегии по формированию и развитию данного кластера немаловажным является комплексный анализ структуры въездного и выездного туристических потоков в Казахстане.

Выводы и рекомендации

Применение кластерного подхода в данном случае может нуждаться в государственной поддержке различного уровня в зависимости от масштаба и значимости каждого конкретного проекта. Модель государственного управления в Казахстане способствует тому, что роль инициатора кластерных подходов будет выполнять именно исполнительная власть. В свою очередь, наиболее экономически важные кластерные проекты могут получать организационную и финансовую поддержку государства посредством интеграции данных проектов с другими текущими государственными программами. Вместе с тем, учитывая огромный финансовый, научно-исследовательский и др. потенциал государственных институтов, необходимо также рассмотреть возможности разработки и внедрения инноваций в казахстанской индустрии туризма. Инновации для индустрии туризма необходимо рассматривать как системные меры, демонстрирующие качественную новизну и позитивные сдвиги в данной индустрии [8].

Действительно, использование кластерных инструментов для индустрии туризма способствует решению многих основных текущих проблем в этой сфере. Например, в данном контексте могут найти свое решение такие проблемные вопросы, как нединамичное развитие инфраструктуры туризма, слабый интерес инвесторов, недооценка туристского потенциала территории (региона), а также несовершенство методов и механизмов реализации государственных программ развития индустрии туризма. Таким образом, формирование туристского кластера может привести к созданию конкурентоспособного и высокоэффективного туристского комплекса. В свою очередь, данный комплекс может обеспечивать значительные возможности для удовлетворения потребностей туристов в соответствующих услугах. Более того, возможно будет положительная динамика в увеличении количества рабочих мест, притока иностранной валюты и налоговых поступлений в бюджет. В социальном

контексте, могут быть значительно расширены возможности для рационального использования и последующего сохранения культурно-природного наследия.

Приложение




Рисунок 1 – Динамика показателей выездного туризма в Казахстане за 2003–2011 гг.¹




Рисунок 2 – Динамика показателей въездного туризма в Казахстане за 2003–2011 гг.²

Таблица 1 – Структура показателей обслуженных посетителей за 2008-2011 гг.³

Вид туризма	Года			
	2008	2009	2010	2011
Выездной	261 070	193 951	261 709	375 923
Въездной	37 937	31 246	39 640	36 096
Внутренний	174 940	122 216	157 988	189 502

¹ Источник: Данные Комитета по статистике Министерства национальной экономики РК

² Источник: Данные Комитета по статистике Министерства национальной экономики РК

³ Источник: Данные Комитета по статистике Министерства национальной экономики РК



Рисунок 3 – Динамика изменений количества турфирм в РК с 2008 по 2012 гг., ед.⁴




Рисунок 4 – Распределение объектов размещения по категориям.⁵

Литература:

1. Вуколов В.Н. История и теория международного туризма. – Алматы, 2002. – 222с.; 27 см.– Библиогр.: с. 220-221. – Предм. указ.: с. 215-218. – 10000 экз. – ISBN 2-35684-654-5.
2. Ердаuletов С.Р. История туризма. Развитие и научное изучение. 2-е изд. доп. и перераб./С.Р.Ердаuletов -Алматы: Казах. ун-т, 2010. -302 с.; 70x108.-30000 экз.- ISBN 5-625-00176-6.
3. Забаева Ю.В. Экономика и организация туризма: международный туризм./ Ю.В.Забаева, Е.Л.Драчева, И.А.Рябов – М.: КНОРУС, 2010. – 565 с.; 60x70. – 3000 экз. – ISBN 978-5-85971-809-2.
4. Зорин И.В., Квартальнов В.А. Энциклопедия туризма: Справочник/И.В.Зорин, В.А.Квартальнов, -М.: Финансы и статистика, 2000. -368 с.; 60x88.-2000 экз.- ISBN 5-279-02264-0.
5. Кусков А.С. Туристское ресурсоведение./А.С.Кусков. – М.: Издательский центр «Академия», 2008. – 208 с.; 84x108.-5000 экз.- ISBN 5-222-05232-Х.

⁴ Источник: Данные Комитета по статистике Министерства национальной экономики РК

⁵ Источник: Данные Комитета по статистике Министерства национальной экономики РК

6. Лухманова Г.К. Оценка туристско-рекреационного потенциала и развитие инфраструктуры туризма в Алматинской области.// Вестник КГУ имени Коркыт Ата. - 2012.- № 4(36).-45 с.

7. Николаенко Д.В. Рекреационная география: учеб. пособие./Д.В.Николаенко – М.: ВЛАДОС, 2003. – 279 с.; 60х88.-5000 экз.- ISBN 5-691-00683-5.

8. Новиков В.С. Инновации в туризме: Учеб. пособие для вузов/В.С.Новиков – М.: Изд.Центр «Академия», 2007.-279 с.; 60х70.-2500 экз.- ISBN 2-546-32564-7.

9. Чудновский А.Д. Управление индустрией туризма./А.Д.Чудновский, М.А.Жукова, В.С.Сенин. – М.: КНОРУС, 2005. – 448 с.; 70х100.-3000 экз.- ISBN 5-279-02534-8.

ӘОЖ 342.25

МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

А.К.БЕКХОЖАЕВА, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент,
А.Е.БАЗЫЛ, магистрант

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Мемлекеттік қызмет мемлекеттік құрылымының қажетті және маңызды элементі болып табылады. Авторлар «А» корпустағы мемлекеттік қызметшілерінің қызметтік нұсқауларын ұсынған. Екі компоненттің болуын– мемлекеттік қызмет персоналының өзіндік кәсіби қызметін және мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби дамуын ішкі ұйымдастырушылықпен басқаруын бөліп көрсетуге болады. Бұл компоненттер бір-бірімен тығыз байланысты, себебі мемлекеттік қызмет тиімділігі персонал сапасына байланысты, олардың басқаруына да тәуелді. Әсіресе бұны мемлекеттік қызмет жүйесіндегі кадр саясатын жүзеге асыруда және дайындауда есепке алу маңызды, өйткені мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби дамуы оның элементтерінің бірі ретінде анықталады. Мемлекеттік қызмет кең мағынасында мемлекеттік органдардағы, кәсіпорындардағы, мекемелер мен ұйымдардағы кез-келген қызметкердің қызметін білдіреді. Өйткені, ол тұтасымен мемлекеттік міндетті шешуге, оның функцияларын атқаруға бағытталған. Алайда, әкімшілік-құқықтық мағынада мемлекеттік қызметті, тікелей материалдық құндылықтар жасаушы жұмысшының функциясынан айыра білу керек. Тар мағынасында – бұл қызметшілердің өз міндеттерін мемлекеттік органдарда орындаулары. Мемлекеттік орган қызметінің мәселелері бойынша көпшілік алдында оның басшысы немесе мемлекеттік органның бұған уәкілеттік берген лауазымды тұлғалары сөйлейді. Мемлекеттік қызметкер мемлекеттік қызметінің беделіне нұқсан келтірмей, пікір-таласты әдепті түрде жүргізуі тиіс.

Кілт сөздер: мемлекеттік қызмет, мемлекеттік басқару жүйесі, «А» корпусы, мемлекеттік қызметкер, әкімшілік лауазым

Аннотация

Государственная служба является необходимым элементом государства в целом. Авторами предложены рекомендации для государственных служащих корпуса «А». Выделены два компонента профессиональной деятельности государственного служащего и внутреннее управление персоналом. Эти два компонента находятся в тесном взаимодействии, т.к. государственная служба зависит от качества персонала и влияет на государственное управление. Это нужно учесть при разработке кадровой политики, т.к. профессиональное развитие государственных служащих является одним из её элементов. В широком смысле государственная служба – это определенная деятельность в

государственных органах, организациях, предприятиях. Потому что она полностью направлена на исполнение функций государства. Но нужно уметь различать административно – правовые функции. В узком смысле – это исполнение обязанностей непосредственно в государственных органах. Государственный служащий исполняет свои обязанности в соответствии с занимаемой должностью. Государственный служащий должен соблюдать репутацию без ущерба государственной службе.

Ключевые слова: государственная служба, система государственного управления, корпус «А», государственный служащий, административная должность

Annotation

Public service is a necessary element of the state in general. Authors offered recommendations for public servants of the case "A". As the performer of public service, it is possible to allocate two components as a part of the public servant – professional activity of the public servant and internal human resource management. These two components are in close interaction since public service depends on quality of the personnel and influences public administration. It needs to be considered when developing personnel policy since professional development of public servants is one of its elements. In a broad sense public service is a certain activity in government bodies, the organizations, the enterprises. Because it is completely directed on execution of functions. In narrow sense is a fulfillment of duties directly in government bodies. The public servant fulfills the duties according to a post. The public servant has to observe reputation without damage to public service. But it is necessary to be able to distinguish administratively – legal functions.

Key words: public service, system of public administration, case "A", public servant, administrative position

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту жөніндегі шаралар туралы Жарлығында жүйені реформалаудың негізгі қағидаттарын белгілеп берді. Мемлекеттік органдар құрылымын жетілдіру барысында Үкімет кейбір аралық буындарды алып тастау арқылы биліктің барлық деңгейіндегі лауазымдық сатыларды қысқартуы тиіс. Басқару шешімдерін қабылдаған кезде мемлекеттік органдар жұмысының кешенділігі қамтамасыз етілгені жөн. Мемлекет басшысы Әкімшілік реформа мәселелеріне қатысты Парламентте сөйлеген сөзінде: «Мемлекеттік басқаруды жаңарту, саяси реформаларды жүргізу біздің қоғамымыздың топтасуына, Қазақстанның әлемдік қауымдастық алдындағы беделі мен абыройын өсіре түсуге жәрдемдесетіні сөзсіз» деген болатын. Елбасының осы айтқаны мемлекеттік қызметшілердің саяси беделінің артуы үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік органдардың өкілеттілігін орындаудың кәсіби қызметшісі ретінде мемлекеттік қызметті қарастыра отырып, оның құрамындағы екі компоненттің болуын бөліп көрсетуге болады – мемлекеттік қызмет персоналының өзіндік кәсіби қызметі және мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби дамуын ішкі ұйымдастырушылықпен басқару. Бұл компоненттер бір-бірімен тығыз байланысты, себебі мемлекеттік қызмет тиімділігі персонал сапасына байланысты сәйкес олардың басқаруына да тәуелді. Әсіресе, бұл мемлекеттік қызмет жүйесіндегі кадр саясатын жүзеге асыруда және дайындауда маңызды, өйткені мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби дамуы оның элементтерінің бірі ретінде анықталады.

Мемлекеттік қызмет мемлекеттік құрылымының қажетті және маңызды элементі болып табылады. Ол мемлекет пен қоғам арасындағы байланыстырушы буын рөлін атқарады.

Кәсіби қызметшілер институтының қалыптасуын Тәуелсіз Қазақстанның саяси жүйесінің стратегиялық реформалауының мақсаты ретінде қарастыруымыз қажет. Бұл мақсат ең алғаш Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың қол қоюымен «Мемлекеттік қызмет туралы» 1995 жылғы 26 желтоқсанда №2730 заңдық күші бар

Жарлығында нормативті бекітілуге ие болды. Бұл нормативтік құжат ең алғаш мемлекеттік қызметті кәсіби іс-әрекеттік ерекше саласы ретінде қарастырды. Мемлекеттік қызметті институционалды рәсімделуінің жаңашылдығы болып, біріншіден, мемлекеттік қызметшілердің заңмен бекітілген ерекше мәртебесі мен олардың құқықтық ережесі; екіншіден, мемлекеттік қызметші лауазымының жіктелуін ендіру және мемлекеттік қызмет институты жүйесіндегі олардың градациясы; үшіншіден, партиялық және кеңестік жолын ұстаушылық қағидаларын демократизмнің мемлекеттік қызметке қолжетімділік, алқалық пен дара басшылық; мемлекеттік қызметшіге қойылатын талаптардың біртұтастығы сияқты қағидалары ауыстырды [1, 156.].

Олар, Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызмет институтын ұйымдастырудың жалпы концепциясының құқықтық бекітілуі болған, «Мемлекеттік қызмет туралы» заңды жасау мен қабылдау процесінде анықтаушы факторлар болды.

Мемлекеттік қызмет туралы қазіргі заңнама мемлекеттік қызметтің жаңа үлгісіне негіз қалады. 1998 жылғы 18 қыркүйекте Мемлекет басшысының шешімімен мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттік және оның аумақтық органдары құрылды, сондай-ақ Президенттің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы құрылды.

1999 жылы қабылданған ҚР «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңында мынадай ұғымдар пайдаланылады:

- мемлекеттік әкімшілік қызметші – мемлекеттік саяси қызметшілердің құрамына кірмейтін, мемлекеттік органда тұрақты кәсіби негізде лауазымдық өкілеттікті жүзеге асыратын мемлекеттік қызметші;

- мемлекеттік қызмет - мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік органдардағы мемлекеттік биліктің міндеттері мен функцияларын іске асыруға бағытталған лауазымдық өкілеттілігін атқару жөніндегі қызметі;

- мемлекеттік қызметші – мемлекеттік органда заңдарда белгіленген тәртіппен республикалық немесе жергілікті бюджеттен не ҚР Ұлттық Банкінің қаржысынан ақы төленетін қызметті атқаратын және мемлекеттің міндеттері мен функцияларын іске асыру мақсатында лауазымдық өкілеттікті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматы.

Мемлекеттік қызмет кең мағынасында мемлекеттік органдардағы, кәсіпорындардағы, мекемелер мен ұйымдардағы кез-келген қызметкердің қызметін білдіреді. Өйткені, ол тұтасымен мемлекеттік міндетті шешуге, оның функцияларын атқаруға бағытталған. Алайда, әкімшілік-құқықтық мағынада мемлекеттік қызметті тікелей материалдық құндылықтар жасаушы жұмысшының функциясынан айыра білу керек. Тар мағынасында – бұл қызметшілердің өз міндеттерін мемлекеттік органдарда орындаулары.

Осылайша, олардың бірінші кезектегі міндеттердің бірі – мемлекеттік қызметті ұсынудың халықаралық, сервистік тәртібіне көшу. Қатаң бәсекелестік жағдайында үнемі өз қызметтерінің сапасын арттыратын жеке меншік секторлардан мемлекеттік органдардың айырмашылығы - өздерінің даралығынан бұл мәселелерге аз көңіл бөлінді.

Осы кезге дейін еліміздің заңнамасында «мемлекеттік қызмет» және «мемлекеттік қызметтердің стандарттары» деген түсініктер болған жоқ, сол себепті қызметтерді мемлекеттік органдардың міндеттерімен шатастырады. Сондықтан Елбасы мемлекеттік органдардың рейтингтік бағалауының негізгі критерийінің арасынан ұсынылатын мемлекеттік қызмет сапасын ерекше белгіледі.

Еліміздегі мемлекеттік қызметкерлер жұмысының өзіндік кәсіптік ерекшеліктері бар:

- биліктік және басқарушылық құрылымдарға қатысу;
- заңды білу мен құқық нормаларын сақтау;
- мемлекеттік тәртіптің талаптарын орындау;
- аппараттық жұмысты қадағалау;
- қабылданатын шешімдер мен іс-әрекеттерге жауапкершіліктің жоғарғы деңгейі;
- нақты ситуацияға байланысты ерекше шешімдер таба білу;

– қызмет жағдайына байланысты моральдық-психологиялық (күшке) жүктемеге бейім болу.

ҚР «Мемлекеттік қызмет туралы» жаңа заңы мемлекеттік қызметтегі қызмет түрлерін саяси және әкімгершілік етіп екі түрге бөледі. Заң бойынша саяси тағайындаулардың шекарасы оның белгіленген, министрліктер деңгейіндегі саяси мемлекеттік қызметкерлерге: министр мен оның орынбасарлары, аймақтық деңгейде – облыс әкімдері мен орынбасарлары, қала, аудан, ауыл әкімдері жатады. Атқарушылық органдағы қалған барлық қызметтер - әкімгершілікке жатады. Олар мемлекеттік қызметкерлердің 96-97% құрайды және де саяси тағайындаулар ауысқан жағдайда негізсіз жұмыстан босатудан заңмен қорғалған.

Мемлекеттік қызмет әкімгершілік қызмет ретінде келесі функцияларды орындайды: ақпараттық-талдаушылық; ұйымдастырушылық-техникалық, эксперттік, басқарушылық шешімдердің орындалуын қадағалау, қаржылық-шаруашылықтық, құқықтық, кадрлық.

Мемлекеттік қызметтің жұмыс істейтін құрылымын талдау оның өзгешелігін анықтауға мүмкіндік береді, оларға жанама және тікелей бойынша биліктің бөліну қағидасынан туындайтын, мемлекеттік қызмет жүйесінің дифференциациясы; қызметкерлік қатынастарды реттеу мен зорлық пен заңсыз жұмыстан шығаруға жол бермейтін мемлекеттік қызмет жүйесіндегі тұрақтылық; лауазымдар, дәрежелер, атақ, мамандық дәрежелер мен талаптар біртұтас номенклатурасын болжайтын, мемлекеттік қызметке қойылатын талаптар бірлігі; құқық пен заңдылықтың, кәсібилік, мемлекеттік қызметшілердің біліктілігі мен жауапкершілігінің үстемдігі жатады.

ҚР мемлекеттік қызметі мынадай қағидаларға негізделеді (ҚР «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңы, 3 бап):

- 1) заңдылық;
- 2) қазақстандық патриотизм;
- 3) мемлекеттік өкіметтің заң шығарушылық, атқарушылық және сот тармақтарына бөлінуіне қарамастан, мемлекеттік қызмет жүйесінің біртұтастығы;
- 4) азаматтар құқықтарының, бостандықтарының және заңды мүдделерінің мемлекет мүдделері алдындағы басымдығы;
- 5) жалпы қол жетімділік, яғни Республика азаматтарының мемлекеттік қызметке қол жеткізуге және өз қабілеттері мен кәсіби даярлығына сәйкес мемлекеттік қызмет бойынша жоғарлатылуға тең құқығы;
- 6) азаматтың мемлекеттік қызметке кіруінің еріктілігі;
- 7) мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігі және жоғары біліктілігі;
- 8) мәні бірдей жұмыстарды орындағаны үшін еңбекке ақыны тең төлеу;
- 9) жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз өкілеттігі шегінде қабылдаған шешімдерді орындаудың бағынышты мемлекеттік қызметшілер мен төменгі мемлекеттік органдардың қызметшілері үшін міндеттілігі;
- 10) мемлекеттік қызметшілердің бақылауда болуы мен есептілігі;
- 11) мемлекеттік құпиялар немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып есептелетін қызметті қоспағанда, қоғамдық пікір мен жариялылықты ескеру;
- 12) мемлекеттік қызметшілердің құқықтық және әлеуметтік қорғалуы;
- 13) мемлекеттік қызметшілерді қызметтік міндеттерін адал, ынталы атқарғаны, ерекше маңызды және күрделі тапсырмаларды орындағаны үшін көтермелеу;
- 14) мемлекеттік қызметшілердің қызметтік міндеттерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны және өздерінің өкілеттілігін асыра пайдаланғаны үшін жеке жауаптылығы;
- 15) мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыруды үздіксіз жүргізу принциптеріне негізделеді.

Мемлекеттік қызметшілер өз қызметінде:

- 1) ҚР Президенті саясатын қолдауға және оны дәйекті жүзеге асыруға, өзінің іс-әрекетімен мемлекеттік биліктің беделін нығайтуға, мемлекет мүдделерін қорғауға;

2) азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін сақтау мен қорғауды қамтамасыз ету;

3) мемлекет және еңбек тәртібін бұлжытпай сақтауға, өзінің қызметтерін адал, әділ де сапалы атқаруға;

4) өзінің іске көзқарасымен және жеке мінез-құлқымен ұжымда орнықты және жағымды, моральдік-психологиялық жағдай туғызуға ықпал етуге;

5) басқа мемлекеттік қызметшілер тарапынан қызмет этикасы нормаларын бұзу фактілеріне жол бермеуге және жолын кесуі т.б. жалпы саны 18 пункттен тұратын міндеттерді орындауға міндетті.

Ал, азаматтармен және заңды тұлғалармен қарым-қатынастарда мемлекеттік қызметшілер:

- азаматтардың мемлекет институттарына сенімін нығайтуға ықпал етуге;

- қарапайымдылық танытуға, өзінің лауазымдық жағдайын, соның

ішінде көлік, сервис және өзге де қызметтерді алу кезінде баса көрсептеуге және пайдаланбауға;

- өзінің іс-әрекеттерімен және шешімдерімен қоғам тарапынан негізді сынға ұшырамауға, сынағаны үшін қудалауға жол бермеуге, оған төзімділікпен қарауға, оң сын-ескертпелерді кемшіліктерді жою мен өзінің кәсіби қызметін жақсарту үшін пайдалануға;

- өтініштерді қарау кезінде төрешілдік пен сөзбұйдаға салу көріністеріне жол бермеуге, олар бойынша белгіленген мерзімде қажетті шаралар қолдануға;

- шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайларына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге қарым-қатынасына, сеніміне, тұрғылықты жеріне немесе кез-келген өзге де жағдайларға қарамастан адамның және азаматтың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

- жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауға, мемлекеттік тілге және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлеріне құрметпен қарауға;

- сыпайы және әдепті болуға тиіс.

Мемлекеттік қызметшілердің «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңында белгіленген негізгі міндеттерінен туындайтын нақты міндеттері үлгі біліктілік талаптар негізінде айқындалады және тиісті мемлекеттік органдардың басшылары бекітетін қызметтік нұсқаулықтарда көрсетіледі (Сурет 1).

Мемлекеттік орган қызметінің мәселелері бойынша көпшілік алдында оның басшысы немесе мемлекеттік органның бұған уәкілеттік берген лауазымды тұлғалары сөйлейді. Мемлекеттік қызметкер мемлекеттік қызметінің беделіне нұқсан келтірмей, пікір-таласты әдепті түрде жүргізуі тиіс.

Стратегиялық, жалпы мемлекеттік мақсаттар мен мәселелерді мемлекеттік қызметтің саяси құраушысы қамтамасыз етуі міндетті. Ол мемлекеттің функциялары мен құзыреттерін тәжірибе жүзінде іске асыру, мемлекеттік билік органдарын ұйымдастырушы-әкімшілік қамтамасыз ету, мемлекеттік аппараттың азаматтық қоғам мен саяси элита арасындағы байланысты орнату функцияларын атқарады [3, 276 б.].

Мемлекеттік қызметті зерттеудегі теориялық негіздерін талдау мемлекеттік қызмет көп аспектілікпен сипатталатын, күрделі көп функционалды институт болып табылатыны туралы қорытынды жасауға болады:


- саяси аспектіде – мемлекет пен қоғамдағы саяси консенсустың маңызды факторы болып табылатын, саяси-билік мақсаттары мен мәселелерге қол жеткізу бойынша саяси күштерді жасақтаған, мемлекеттік саясатты жүзеге асырудағы лауазым, оның тиімділігі мен қызмет көрсетуіне әлеуметтік-саяси қатынастардың тұрақтылығы тәуелді;

- әлеуметтік – мемлекет тапсырысы бойынша, мемлекеттік ұйымдарда қызметтегі тұлғалардың қоғам үшін пайдалы лауазымды кәсіби іске асыру;

- құқықтық – мемлекеттік қызметті өту, қызметшілердің лауазымын ынталандыру, олардың жауапкершілігін, шектеулерін, тыйымдарын реттейтін, құқықтық нормалар

ретіндегі міндеттердің, құқықтардың және мемлекеттік-қызметкерлік қатынастардың заңды орнатылған тұжырымы;

- бұқаралық – бұқаралық-құқықтық ұйым түрінің бірі әкімшілік ұйым шеңберінде формалды орнатылған мақсаттар мен ұйымдастырылған адамдар - қызметшілер біртұтастығынан көрініс табады;



Ескерту - [2] әдебиет негізінде құрастырылған.

Сурет 1 - Мемлекеттік әкімшілік қызметшінің қызметтік нұсқаулары.

- ұйымдастырушылық – мемлекеттік аппараттың ұйымдастырушылық және процессуалды негіздерінің қалыптасуы, лауазым иерархиясының құрылуы мен құқықтық сипаты, қызметкерлердің жауапкершілігі, ынталандырылуы, бағалануы сияқты элементтерден тұратын жүйе;

- арнайы – кез-келген мемлекет лауазымға конкурстық іріктеу, мемлекеттік қызметшінің мансабын анықтайтын, арнайы кәсіби дайындықтың кең желісін көздейді;

- этикалық – мемлекеттік қызметшінің этикалық кодексінің немесе басқаша айтқанда «ар-намыс кодексі» бар болуын көздейді.

Жалпы, демократиялық, құқықтық мемлекеттің мемлекеттік қызметі, өзінің мақсаттары, саяси-билік қатынастар жүйесіндегі ұйымдастырылу қағидасы мен функцияларымен бірге, саяси жүйесінің ажырамас элементі болып табылады.

Осылайша, жоғарыда аталған отандық ғалымдардың еңбектерін және тараушаны қорытындылай келе, мынадай тұжырым жасауға болады: мемлекеттік қызмет - динамикалық, дамушы және саяси және әлеуметтік-құқықтық институт болып табылады. Мемлекеттік басқару органдары мен мемлекеттік мекемелер жүйесін, ең біріншіден, ғылыми теориялық негізделген жағдайда, өз потенциалын ашатын, қоғам мен мемлекет арасында белгілі типтегі қатынастарды орнату ретінде концептуалды жағынан қарастыру керек. Қазіргі Қазақстан мемлекеттік қызмет институтының қалыптасуы концептуалды, саяси-құқықтық және ұйымдастырушы сипаттағы бірқатар мәселелерді туындатты. Өткізіліп жатқан реформалар процесінде, оларды түсіну мен өту Қазақстан Республикасының әрі қарай дамуының кепілі болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Вильсон В. Государство. Прошлое и настоящее конституционных учреждений – М., 2005. – 508 с.; 25 см. Библиогр.: с. 506-507. – Предм. указ.: с. 450. – 2000 экз. – ISBN 3-85246-345-2.

2. «Мемлекеттік қызмет туралы» ҚР Заңы. / Егемен Қазақстан.- 2000.- қаңтар.-3 б.
3. Шоманов А.Ж., Реформирование системы государственного управления: Зарубежный опыт и Казахстан/А.Ж.Шоманов, С.Т.Бельгибаев. -Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2013.- 276 с.; 70х88.-3000 экз.- ISBN 2-234-35648-7.

ӘОЖ 338.48

ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ ТУРИЗМНІҢ РӨЛІ

А.К.БЕКХОЖАЕВА, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент,

Д.М.ЖАРКЕТКЕНЕВА, магистрант

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Қазіргі таңда туризм – құлдырауды білмейтін, әлемдік экономиканың саласы. Туризмнің дамуы - өнімді сатудан айырмашылығы ұзаққа созылатын, экономикалық тиімді келешегі бар сала. Мақалада туризмді әртүрлі белгілеріне қарай классификациялары және туризмнің жіктелуі қарастырылған. Туристік қызмет инфрақұрылымының қалыптасуы мен дамуын жеделдете отырып, еліміздің сәйкес өңірлерінде халық шаруашылық салаларының дамуына жағымды әсер етеді. Ол көлік пен байланыс, сауда, құрылыс, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп және т.б. секілді шаруашылықтың басты секторларына айтарлықтай әсер етіп, әлеуметтік-экономикалық дамудың катализаторы ретінде көрінеді. Ғалымдардың айтуынша, туристік қызмет аясының тікелей немесе жанама әсері астында экономиканың 32 саласы қалады, мұның өзі туристік қызметпен жұмылдырылған жұмыскерлер санының нақты бағалануын қиындатады. Туристік қызметпен ұштасатын салалар қатарында халық кәсібі де көрінеді. Халық кәсібін қолға алу тәжірибесін туристік қызметке маманданған елдердің барлығында дерлік байқауға болады. Халық кәсібін дамытудың, іскер қолшеберлердің жаңа ұрпақтарының пайда болуының экономикалық мәселелерді шешуге көмектесуімен қатар, әлеуметтік маңыздылығы ерекше. Тұлғаның шығармашылық дамуын ынталандыра: адамдардың өзіндік шығармашылық әлеуетін байқауға, оны сақтауға және толықтыруға мүмкіндік беретін жағдайларды қоса, туристік қызметтер аясы ұлттың рухани жандануына септігін тигізеді. Осы төңіректе оралмандардың ішінде айқын сақталған ата-бабамыздың қолөнер мұрасын ұрпақтарымызға беруінің маңызын ерекше атап, бұған жағдай жасау арқылы, оларды жұмыспен қамту, олардың қоғамымызда өз орнын тауып, елімізге сіңісуі, тұрмыс жағдайын жақсарту мәселелерін шешуге болатындығын алға тартамыз.

Кілт сөздер: туризм, турист, саяхат, халықаралық туризм, оралман.

Аннотация

В настоящее время туризм – сфера мировой экономики, не знающая спада. Развитие туризма – является наиболее выгодным для экономики, чем прибыль от продажи продукции. В статье описана классификация туризма по различным критериям. Формирование и развитие инфраструктуры туристской деятельности ускоряет темпы развития отраслей народного хозяйства. Туризм, оказывая влияние на транспорт и связь, торговлю, строительство, сельское хозяйство является катализатором социально – экономического развития. Как говорят ученые, под прямым или косвенным воздействием туризма остаются 32 отрасли, что осложняет подсчет численности работников. В числе сопряженных профессий в туристской отрасли можно считать народную деятельность. Опыт народной деятельности необходимо учитывать всем странам,

возлагающим надежды на развитие туризма. Народная деятельность наряду с положительным экономическим влиянием, оказывает и большое социальное воздействие на государство. Воздействуя на творческое развитие индивида, народная деятельность дополняет и сохраняет духовные и нравственные достоинства нации. Здесь можно выделить почитание традиций оралманами, обеспечение рабочими местами, улучшение их бытовых условий.

Ключевые слова: туризм, турист, путешествие, международный туризм, оралман

Annotation:

Now tourism – the sphere of world economy which isn't knowing recession. Tourism development – is the most favorable to economy, than profit on sale of production. In article classification of tourism by various criteria is described. Formation and development of infrastructure by the tourist of activity accelerates rates of development of branches of a national economy. Tourism, having impact on transport and communication, trade, construction, the agriculture is the catalyst socially – economic development. As scientists speak, under direct or indirect impact of tourism there are 32 branches that complicates calculation of number of workers. Among the interfaced professions in the tourist of branch it is possible it is possible to consider national activity. All countries laying hopes for tourism development need to consider experience of national activity. National activity along with positive economic influence, makes also big social impact on the state. Influencing creative development of the individual, national activity supplements and keeps spiritual and moral advantages of the nation. Here it is possible to allocate honoring of traditions of an returnhome , providing with workplaces, improvement of their living conditions.

Key words: tourism, tourist, travel, international tourism, returnhome

Қызметті рационалды тауарлы формасына ие игілік ретінде, серпінді даму үстіндегі тауарлы шаруашылықтың маңызды элементі ретінде қарастыру үшін, «қызмет» категориясының экономикалық табиғатын қарастырайық.

Табиғи игіліктер және адаммен ұдайы өндірілетін бейтабиғи игіліктердің тұтыну жүйесіндегі маңыздылығы бірдей болады. Дегенменде, адамның бейтабиғи (жасанды) игіліктер өндірісінен байланыстылығы екі қалыпта көрінеді: затты игіліктердің өндірісі және қызметтердің өндірісі. Екіншісінің біріншісінен айырмашылығы заттылығының болмауынан бұрын, ол игіліктің әлеуметтену дәрежесінен байқалады. Басқаша айтқанда, затсызданған игілік – қызметтер бұл қоғамдық қатынастар, «игілік-қатынасты » білдіреді. Еңбектің қоғамдық бөлінуінің дамуына, әлеуметтік-экономикалық ұйымдастырудың жетілуіне қарай қызметтердің көлемі ұлғайып, сапасы мен жиынтығы жетілдіріледі.

XIX ғасырдың соңындағы кембридждік мектептің көзқарастарында дамыған классикалық экономикалық мектептегі бейзатты игіліктер ой өріс түрлі, тіптен қарама-қайшы, үйлеспейтін тұжырымдарға ие болған. Қызметтер «материалды игіліктерден» ерекше «бейматериалды игіліктер» ретінде анықталған. Классикалық экономикалық теориясындағы игіліктердің материалды және бейматериалды деп ажыратылуы, оның затталуы немесе ондайдың болмауы тұрғысынан қарастырылатын игіліктер болмысының түрімен түсіндіріледі. Қызмет көрсету кезіндегі еңбек нәтижесінің сезілмеушілігі, затсыздығы классиктердің ой толғаныстарындағы қызмет ету облысын анықтаудың негізгі белгісі болғандықтан, қызмет игілігінің тауарлы формасының рационалды мазмұнын мойындамауында, қызметтердің экономикалық, рыноктық категорияларының талдаулары қатарынан орын алмауына әкелді.

Игіліктерді затпен теңестіру, сәйкесінше, «экономикалық қызмет» түсінігі, ертеден экономикалық теорияны қызметтердің өндірілуі, айырбасы мен тұтынылуының жүзеге асатын аясының талдауынан алшақтатты. Бейзатты еңбек өнімін түсіндіру келістердегі қарама-қайшылық, ұзақ уақыт бойы марксистік қызмет өндірісі концепциясын пайдаланып келген отандық экономикалық ғылымда өз бейнесін алады [1, 24 б.].

Қазіргі таңдағы теория өндіргіш еңбек және бейматериалды игілік түсінігіндегі жоғарыда келтірілген ой толғаулардан алыстап алға басты. Экономистердің бейөндіргіш еңбек туралы талдауламалары, соңына таман еңбек нәтижесінде заттық форманың болмауы, қызметтер үшін негізгі айқындаушы белгі болу керек деген бұрмаланған көзқарастың қалыптасуына әкеледі. Соның нәтижесінде, денсаулық сақтау, басқару, мәдениет, білім беру, ғылым секілді қызмет түрлері бейөндіргіш еңбек нәтижелеріне, ал материалды затты формада көрінетін басқа игіліктер (қоғамдық тамақтандыру, сауда, жеке жоба бойынша үй құрылысы, жөндеу, көлік және байланыс қызметтері) өндіргіш еңбек нәтижелеріне енгізіліп, материалды игіліктер ретінде ЖІӨ-де есепке алуға жатқызылды. Дегенмен де, әлеуметтік-мәдени аясының қызметтері секілді олар да, көрсетілетін қызметтер нәтижесі болып келеді және мазмұны бойынша экономикалық субъектілердің нақты қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған еңбектің бейзатты пайдалы әсерін білдіреді. Сонымен, нақты индивидуалды қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін әзірленетін бейзатты да, материалды затты формада көрінетін игіліктерді нақтылайды. Материалды және бейматериалды игіліктер (қызметтер болып шартты түрде бөлінуімен келісе кетсек те, біз теория тұрғысынан адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік беріп, қандай да нәтижеге әкелетін мақсатқа жетуде) кез келген еңбек, өндіргіш еңбек болатынын алға тартамыз.

Әлеуметтік экономикалық категория ретінде қарастырылатын қызметтер түсінігі бейэкономикалық, рухани әлеуетке бай және де ол қазіргі экономиканың даму үрдісін және қоғамның «заттардан шегінуі» ретінде көрінетін өмірін сипаттауға мүмкіндік береді. Экономикалық игілік ретінде қызмет, түбінде адамның қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ғана көрсетілмей, ең алдымен, қоғамның функциялануын қамтамасыз ету үшін әзірленетіндіктен, субстанционалды әлеуметті болып келеді.

Статистикалық бақылауға алынған халыққа көрсетілетін ақылы қызметтер құрылымында, адамның қажеттіліктері мен тіршілігін қанағаттандырудың түрлі тәртіптерін қамтамасыз ететін қызметтердің екі тобын ажыратуға болады. Бірінші топқа тұрмыстық, тұрғын үй коммуналды қызметтерін, адам тасымалдау көлігі, байланыс, медициналық қызметтерді жатқызылады. Аталмыш қызметтер, негізінен, адамның әлеуметті қажетті қажеттіліктерінің қанағаттандырылуын қамтамасыз ететіндіктен, бірінші кезектегі қызметтер болып табылады. Екінші топқа білім беру, мәдениет, туристік-рекрециялық қызметтер, заңгерлік қызметтер және т.с.с жатады. Бұл топтағы қызметтер адамның тұлға ретінде дамуы қажеттілігінің жоғары деңгейін бейнелейді, сондықтан әлеуметті дамытатын қызметтер болып аталуы мүмкін. Шын мәнісінде, кез келген қызмет түрі, орын және уақыт жағдайына, өзектілік дәрежесіне байланысты, экономикалық қалаулардың қандай-да бір тобына алатындықтан, осылайша бөлу шартты өз бейнесін алады және де осы өзгермелі факторлар, қызметтердің орналасуында орын алатын өзгерістердің салдары да бола алады.

Жұмыс уақытына қарағанда маңыздылығы жағынан кем келмейтін жұмыстан бос уақытты бөлу және пайдалану мәселесі әлеуметтік-мәдени қызмет салаларында шешілуі тиіс. Мұнда табыс көзі, іс-әрекеттер үлгісін табыстың сапаға әсері, сондай-ақ, тауарлар және қызметтердің уақытпен орын ауыстыруымен шартталатын таңдау сапасын төмендете немесе көтере отырып, түзетіп отыратыны қызықты жайт. Қазақстанның экономикалық конъюктурасындағы, халықтың түрлі топтарына көрсетілетін сервисті қызметтердің іріктелуі, жұмыс уақытының демалу уақытына ауыстырылу бағдарының болмауы, ЖІӨ-нің өсуі мен валюта түсімінің қайнар көзі ретінде көрінетін отандық экономикадағы туристік қызметтер секторының функциялану әлеуетін төмендетеді. Тап осы сала жұмысы орнын құр, жаңа сервистік қызмет орындары мен кәсіпорындардың дамуына, өңірдің дамуына оңды әсер ететін мультипликативті әсерге ие.

Қызмет аясының өсу қарқыны мен қызмет көрсетудің тиімділігі экономикалық базистің кеңеюіне септігін тигізіп, қоғамдық өндірістің нәтижелерін жетілдіруге әсер ететін еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды факторы болып табылады.

Мұның барлығы қоғамның барлық мүшелерінің қоғамдық қажеттіліктерін толығырақ және жан- жақты қанағаттандырудың алғы шарты. Қызметтер аясы дами түсе, адамдардың тұрмыс -салтының қалыптасуына әсер етеді. Ол еліміздің материалды, еңбек және қаражат ресурстарын үнемдеуге, жұмыскерлердің бос уақытын ұлғайтуға, олардың еңбегінің шығармашылық мазмұнын толықтыруға, әйелдер мен еркектердің шынайы әлеуметтік теңестігіне қол жеткізуге, қоғам мүшелерінің саяхаттану мен араласу қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді және де қоғам мүшелерінің әлауқатын көтеруге қомақты маңыздылық алады. Сонымен қатар, рыноктық шаруашылықтану жүйесінде жаңа өндірістік қатынастардың қалыптасуына септігін тигізетіндігін де атап кетеміз. Рухани өсу мен үйлесімді даму жолында кең мүмкіндік беру, қызметтер аясының әлеуметтік бағыттылығын айқындаушы аспектілерінің бірін білдіреді. Сөйтіп, қызметтер аясы халықтың тұрмыс деңгейін көтере, халық шаруашылығының экономикалық өсуінің маңызды факторы ретінде көрінеді.

Қызметтер аясының рыноктық трансформациясын қарастыру кезінде, біз халық шаруашылығының жеке салалық сегменттеріндегі, соның ішінде туристік қызметтер нарығының жағдайы мен болашағына назар аудару қажет. Бос уақыт ұзақтылығының артуы мен қоғамның тұлға дамуындағы, денсаулықты сақтау мен жақсартуындағы, халықтың әлеуметтік еңбекті әлеуетін жақсартуындағы оның пайдалану маңыздылығын түсінуі, туристік қызмет аясы және онымен байланысты қызмет түрлерінің функциялануларына негіз салады [2, 270 б.].

Туристік қызмет инфрақұрылымының қалыптасуымен дамуын жеделдете отырып, еліміздің сәйкес өңірлерінде халық шаруашылық салаларының дамуына жағымды әсер етеді. Ол көлік пен байланыс, сауда, құрылыс, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп және т.б. секілді шаруашылықтың басты секторларына айтарлықтай әсер етіп, әлеуметтік-экономикалық дамудың катализаторы ретінде көрінеді. Ғалымдардың айтуынша, туристік қызмет аясының тікелей немесе жанама әсері астында экономиканың 32 саласы қалады, мұның өзі туристік қызметпен жұмылдырылған жұмыскерлер санының нақты бағалануын қиындатады. Туристік қызметпен ұштасатын салалар қатарында халық кәсібі де көрінеді. Халық кәсібін қолға алу тәжірибесін туристік қызметке маманданған елдердің барлығында дерлік байқауға болады. Халық кәсібін дамытудың, іскер қолшеберлердің жаңа ұрпақтарының пайда болуының экономикалық мәселелерді шешуге көмектесуімен қатар, әлеуметтік маңыздылығы ерекше. Тұлғаның шығармашылық дамуын ынталандыра: адамдардың өзіндік шығармашылық әлеуетін байқауға, оны сақтауға және толықтыруға мүмкіндік беретін жағдайларды туристік қызметтер аясы ұлттың рухани жандануына септігін тигізеді. Осы төңіректе оралмандардың ішінде айқын сақталған ата-бабамыздың қолөнер мұрасын ұрпақтарымызға беруінің маңызын ерекше атап, бұған жағдай жасау арқылы, оларды жұмыспен қамтып, олардың қоғамымызда өз орнын тауып, елімізге сіңісуі, тұрмыс жағдайын жақсарту мәселелерін шешуге болатындығын алға тартамыз.

Саяхаттың ұзақтығына қарай уақытша келушілер «таза» туристтер және экскурсанттар болып бөлінеді. Турист – бұл бір тәуліктен артық және бір жылдан кем уақытта, өзінің тұрғылықты жеріне тыс жерде жүрген адам. Экскурсант – ол күндізгі уақытта, түнеуге қалмайтын бір жерге баратын адам.

ҚР 2001жылғы 13 маусымындағы «Туристік қызмет туралы заңында», «Туризм ұғымына берген анықтамасында, Туризм – жеке тұлғалардың бір жерлерде ұзақтығы жағынан жиырма төрт сағат бойы бір жылға дейін болса, немесе жиырма төрт сағаттан аз уақытша болған елде, жерде оған қызмет көрсетілгенде ақы төлейтін болса, немесе тұрақты тұрмауына байланысты мақсатты көпкүндік саяхат жасаса, демалысын ұтымды ұйымдастырып, білім, біліктілік және ынтазарлығын арттыруға мүмкіндік жасалуын айтамыз». Сонымен бірге туризм – мемлекеттік экономикалық қоржына қаржы түсіріп, халықтың әлеуметтік және мәдени қарым – қатынастарында дүниетанымдық деңгейін көтереді.

Туризм, басқа да халық шаруашылығы сияқты бірнеше шағын салалардан тұрады: емдеу, сауықтыру-спорт, танымдық; сондай-ақ ішкі және халықаралық туризмге бөлінеді. Бірнеше басқару органдарының болуы да осыған байланысты; бұрынғы КСРО-да бұлар орталық курорттарды басқару кеңесі, орталық туризм және экскурсия кеңесі, халықаралық жастар туризмінің бюросы - «спутник», бүкілодақтық акционерлік қоғам – «Интурист» және басқалары. Осындай конструктивті ғылым, кешенді зерттеулерге сүйенетін жаратылыс, техникалық, экономикалық және әлеуметтік, табиғи мәселелерді қамтуға туризм географиясының ғана шамасы келеді.

Қазіргі туризм классификациясы бәрінен бұрын территориялық туристік шаруашылық пен қозғалыстың дамуын жоспарлау үшін қажет. Бұл классификациясының мәні туризмнің жеке түрін бөліп көрсету. Қазіргі уақытқа дейін туризмге нақты классификация жасалған. Оны тәжірибеде туризмнің нақты бір түрін бөлудің мүмкін еместігін түсіндіреді. Туризмді әртүрлі белгілеріне қарай классификациялауға болады (кесте 1):

1. Мақсатына қарай;
2. Саяхаттың мерзімі мен ұзақтығына қарай;
3. Қозғалу түрі бойынша;
4. Орналасу жолына байланысты;
5. Саяхатқа қатысуының құрамының сапасына және т.б.

Кесте 1-Туризм түрлерін жіктеу.

Жіктеу белгілері	Туризм түрлері
Сапар мақсаты	Рекреациондық, релаксациондық, экскурсиялық, іскерлік, спорттық, білімдік, діндік.
Маусымдық белгі	Жазғы, қысқы, маусым аралық
Сапарды ұйымдастыру нысаны	Ұйымдастырылған, өз жоспары бойынша, ұйымдастырылмаған.
Жас аралық белгі	Балаларға арналған, жастарға, орта жастағыларға, үшінші жастағыларға.
Сапарда болу ұзақтығы	Қысқа мерзімді(3-6күн), Орта мерзімді(7-14күн), Ұзақ мерзімді(15 және одан жоғары)
Туристің тұрғылықты жері	Ішкі, кіру және шығу
Мобилділік деңгейі	Қозғалмалы, стационарлық, аралас.
Сапар географиясы	Континентаралық, халықаралық, аймақтық, жергілікті, шекарааралық.
Қатысу нысаны	Индивидуалды, топтық, отбасылық.
Орын ауыстыру	Жаяу, дәстүрлі көлік түрлерін қолдану арқылы, экзотикалық көлік түрлерін қолдану арқылы.
Пайдаланылатын ресурстар	Таудық, теңіз/өзендік, қалалық, дачалық, экскурсиялық, ормандық, далалық.
Әлеуметтік-экономикалық статусы	Бизнес-туризм, конгресстік, білімдік, шоппинг.
Туристердің қажеттіліктері мен мотивациялары	Бұқаралық, конвейерлік, жаппай, сараланған.
Қаржыландыру көздері	Әлеуметтік, инсенти -турлар, жеке турлар.
Қызмет көрсету деңгейі	Элиталық, пэкидж-турлар
Қызмет көрсету бағдарламасы	Эксклюзивті, инклюзивті.
Е с к е р т у – [3] әдебиет негізінде құрастырылды.	

Бірақ, шешуші рөлді атқаратын саяхаттың мақсаты, нысаны мен классификациядан айырмашылығы – туризм әртүрлі болып келеді. Олар бірқатар факторлаға байланысты. Олардың ішіндегі негізгілері:

- 1) Бос уақыттың болуы мен ұзақтығы;

2) Жасы, жынысы, денсаулығы, рухани дамуының деңгейі, адамдардың жеке талғамы, материалдық жағдайы;

3) Табиғи жағдай мен мезгілдің әртүрлілігі;

4) Қозғалу мүмкіншілігінің болуы және т.б.

Сапардың мақсатына, шарттарына, бағытына қарай туризмді жіктеуге, түрлерге бөлуге болады. Қоғамдық функциясы мен өндірістік технологиясына қарай туризмнің 3 негізгі түрін қарауға болады:

1) емдеу;

2) спорттық – сауықтыру;

3) танымдық.

Демалысты дұрыс ұйымдастыру оны өзіне тиімді пайдалану адам организмін жақсы шынықтырады. Өсіп келе жатқан жастар үшін спорттың және сауықтырудың маңызы зор. Онсыз жұмыс істейтін адамның қоғамдық және еңбек іскерлігін көтеру мүмкін емес.

Туристтік ағымымен оның бағыттарына қарай және құқықтық статусына байланысты туризм 2 түрге бөлінеді:

1. Ішкі (ұлттық);

2. Халықаралық (шетелдік).

Ішкі туризм – азаматтың өз елі ішіндегі саяхаты.

Халықаралық туризм - өз елінен тыс жерлерге саяхаты. Туристтердің бір елден екінші елге сапары немесе бірнеше елдерге сапарлар.

Шетелдік туризм – шетелдік азаматтардың туристтік мақсатпен басқа елге келуі.

Бұлай бөліну халықаралық туризмнің 2 басқа түрімен тығыз байланысты – кіру және шығу. Бұлар туристтік ағымының бағыты арқылы айырмашылықта болады. Туристтік саяхат жасау мақсатына қарай оның шыққан елін және баратын елін анықтайды. Туристтің шыққан елі шығу туризмі делінсе, ал баратын елі кіру туризмі деп аталынады. Бір турист бірден шығуда және кіруде турист бола алады.

Ұлттық туризм ішкі және сыртқа шығу туристтік ағымдардан құралады. Бір елдің ішіндегі туризм – ішкі және келетін туристтік ағымдарды қамтиды.

Ішкі туризм дегеніміз демалу, спортпен айналысу және басқа да мақсаттар үшін адамдардың өз елінің ішіндегі қозғалысы. Бұндай саяхаттарда елдің шекарасынан өтпейді, туристтік құжаттарды толтырмайды.

Халықаралық туризмде турист өзінің елінен шығып басқа бір шетелдік елге барады. Кеденнен өту үшін туристтік құжаттарды толтырады (паспорт, виза жасау), валюта және медициналық бақылаудан өтеді. Бұл халықаралық туризмнің ерекшелігі болып саналады және ішкі туризмнен ең басты айырмашылығы.

Халықаралық туризмнің тағы да бір ерекшелігі – елдің төлем балансына тигізетін әсері. Сондықтан да шетелдік туристердің келуін «белсенді» туризм деп атайды. Оған қарсы, туристердің шетелге кетуі ұлттық ақша мөлшерінің азаюына әсерін тигізеді. Мұндай туризмді «белсенді емес» дейді. Осындай едәуір айырмашылығына қарамастан, ішкі және халықаралық туризм бір-бірімен үнемі тығыз байланыста болады. Шынында да олар бір бүтін туризмнің екі бөлігі. Ішкі туризм халықаралық туризмнің дамуының негізін жасайды, ішкі туризмсіз халықаралық туризм дамымайды. Ішкі туризм халықаралық туризмнің катализаторы. Ол жаңа рекреациялық ресурстар мен аудандарды игеруге, туристтік инфрақұрылымының базасын құруға әсерін тигізеді, сондай-ақ бірте-бірте халықаралық туристтік қозғалысқа, халықаралық туризм индустриясына енуге мүмкіндік тұғызады.

Туризм классификациясының, оның саяхатқа шығу мақсатына қарай бөлінуі осы уақытқа дейін көптеген пікір-таластар тудыруда. Көп авторлар оның басты мәселесін бір ауыздан мақұлдайды және саяхатты мақсаты жағынан демалыс пен көңіл көтеру десе, басқа жағынан іскерлік туризм деп бөледі. Демалу мен көңіл көтеру мақсатындағы саяхат (рекреациялық туризм) туризмнің дамуындағы ең негізгі бағыт болып саналады. Оның еншісіне дүниежүзілік туризмнің 70 % -ы келеді. Олар сауықтыру, спорттық, танымдық

сапарларын біріктіреді, шоп-тур және т.б. Көптеген зерттеушілер туристтік қозғалыстың дамуында басты рольді танымдық туризмге береді.

Соңғы уақыттарда жеке сапарлар дамуда немесе этникалық туризм - туыскандарына, таныстарына немесе ата-бабаларының туған жеріне қыдыруы: олар дүниежүзілік туристтік ағымының 10 % құрайды.

Іскерлік туризм – бұл саяхат, жұмыс мақсатымен ақшалай кіріссіз іс-сапарларға бару. Мұндай сапармен съезге, ғылыми конгресске, конференцияға, сипозиумға; өндірістік семинарда бас қосуға; жәрменке, көрме және халықаралық салондарға қатысуға барады және тағы басқалар. Іскерлік туризм – бұл болашақтағы мол және тиімділігі жоғары туризмнің бір саласы.

Әдебиеттер:

1.Мусин К.Н. Международный туризм: современная тенденция в мире и Казахстане. - Алматы, 2013.-24с.; 60х80.– Предм. указ.: с. 15. – 1000 экз. – ISBN 1-32549-826-7.

2.МожаеваН.Г., Богинская Е. В. Туризм: учебник для студентов системы СПО/Н.Г.Можаев, Е.В.Богинская.Под. ред. проф. А.А. Скамницкого.- М.: Гардарики, 2010.-270 с.;70х80.– Библиогр.: с. 268-269. – Предм. указ.: с. 250. -2000 экз. – ISBN 3-52314-685-9 (в пер.).

3.Смыкова М.Р. Туризм: экономика, менеджмент и маркетинг. Учебник. -Алматы: Нур-пресс, 2011.-220с.;60х90.-700 экз.- ISBN 9965-620-63-6.

ӘОЖ 339.13.017

ШАҒЫН БИЗНЕСТІҢ МӘНІ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

И.В.ТАРАНОВА, экономика ғылымдарының докторы, профессор,
Ставрополь мемлекеттік аграрлық университеті, Ресей Федерациясы

Қ.Н.БЕКЕТОВА, экономика ғылымдарының кандидаты,

Е.И.ЖЕТПІСБАЙ, магистрант

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Мақалада Қазақстан Республикасында шағын бизнестің дамуы көрсетілген. Шағын бизнес – бұл шаруашылық жүргізуші субъектілердің толық экономикалық жауапкершілігіне, ынталы, инновациялық қызметіне негізделген, қаржы қорларының шектелген жағдайларында жұмыс істейтін, қауіптің және белгісіздіктің жоғарғы үлесімен жанасатын, табысты алу мақсатымен өндірістің барлық факторларын қозғалысқа келтіретін және меншік иесінің өндіріс пен басқару процесіне жеке қатысуын талап ететін, өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі жаңарту процесі. Қазіргі уақытта бизнесті жандандыру процесі экономикалық және инвестициялық дағдарыстармен; білікті мамандардың жоқтығымен; нормативті-құқықтық базаның жетілдірілмеуімен, коррупциямен, тікелей шаруашылық-коммерциялық қызметпен, тұрақты қауіппен; капиталдың тапшылығымен; шаруашылық жүргізуші субъектілердің моралды және табиғи тозған материалдық базасымен байланысты қиын жағдайларда өтуде. Осыған қарамастан Республикада шағын кәсіпкерлік қызметтің алғашқы жемістері бар, бірақ оның көпшілігі сауда мен делдалдық қызметтерде. Нарыққа негізінен миллиондаған айналымы бар корпорацияларға жол ашық. Ал шағын бизнес құрылымдарына кіруге мүмкіндік жоқ деген пікір бар. Басты дәлел шағын фирмалардың жақсы жетілген ірі компаниялармен бәсекелес бола алмауы. Шын мәнінде, шағын бизнес бірнеше себептерге байланысты ірі компаниялармен сәтті бәсекелес бола алады. Мысалға, ірі компаниялардың стратегиясын өзгерту үшін 6 жыл уақыт керек, ал оған жаңа стратегия

енгізу үшін 10 жыл қажет. Ал шағын фирмалар үшін бұл уақыт жарты жылдан бір жылға дейін уақытты алуы мүмкін.

Кілт сөздер: шағын бизнес, шаруашылық, монополия, фирма, компания

Аннотация

В статье рассмотрено развитие малого бизнеса в Республике Казахстан. Малый бизнес - это бизнес, осуществляемый в малых формах, опирающийся на предпринимательскую деятельность частных предпринимателей, небольших фирм, малых предприятий. Малый бизнес характерен для некоторых видов и форм производства, торговли, сферы услуг. В настоящее время развитие бизнеса связано с экономическим и инвестиционным кризисом, отсутствием квалифицированных специалистов, несоответствием нормативно – правовой базы, коррупцией, нехваткой капитала, устаревшей моральной и материальной базой. Несмотря на эти трудности, в стране есть первые плоды малого бизнеса, но они, в основном, сосредоточены в сфере торговли и посредничества. На рынок открыта дорога корпорациям с миллионным капиталом. И малому бизнесу дорога туда закрыта. Но малый бизнес, в действительности, может создать конкуренцию крупным компаниям. Например, для изменения стратегии крупной компании необходимо 6 лет, а для внедрения новой стратегии 10 лет. А мелким фирмам необходимо время от полугода до 1 года.

Ключевые слова: малый бизнес, хозяйство, монополия, фирма, компания

Annotation

In article development of small business in the Republic of Kazakhstan is considered. Small business is the business which is carried out in small forms, relying on business activity of business owners, small firms, small enterprises. Small business is characteristic for some types and modes of production, trade, a services sector. Now development of business is connected with economic and investment crisis, absence of qualified specialists, discrepancy is standard – legal base, corruption, shortage of the capital, outdated moral and material resources. Despite these difficulties, in the country there are first fruits of small business, but they, are generally concentrated in the sphere of trade and mediation. On the market the road is open for corporations with the million capital. And to small business the road is closed there. But small business, actually, can create the competition to the large companies. For example, change of strategy of the large company requires 6 years, and for introduction of new strategy of 10 years. And small firms need time of half a year till 1 year.

Key words: small business, economy, monopoly, firm, company

Шағын бизнес – жеке және заңды тұлғаның өз күш-қабілетін танытуының, белгілі бір мақсаттарды жүзеге асырушының іс- әрекетінің тиімді тәсілі. Ол адамдардың өзіне сенімін арттырады, іскерлігін қалыптастырады. Кәсіпкерлік қызметке талдау жасау – оның жалпы экономикалық ой-пікір сияқты ұзақ тарихы мен терең тамырының бар екендігін көрсетеді.

Нарықтық экономикасы дамыған елдерде әрбір азаматтың кәсіпкерлікпен айналысуға құқығы бар. Алайда оны жүзеге асыру қоғам мүшелерінің кез-келгенінің қолынан келе бермейді. Сондықтан, кәсіпкерліктің шын, нақты субъектісі – бұған дейін алғышарттары бар, ең бастысы капитал иемдену құқығы бар субъектілер жатады.

Кәсіпкерліктің соңғы нәтижесі өндірілген өнім мен көрсетілген қызмет және ең бастысы – әр кәсіпкер оның тек өзіне тиімдісін, пайдалысын ғана жасайды. Міне, осы себептен кәсіпкерлердің басты мақсаты – өз кәсіпорынының пайдасын барынша жоғарылату немесе шығындарын барынша азайту болып табылады.

Ал, кәсіпкердің табысы көбіне оның бизнесті ұйымдастыруына тікелей байланысты. Қызметінің бастапқы кезеңінде кәсіпкер қатаң бәсеке жағдайында нарықтан шығып

қалмас үшін өндіріс факторларын жүйелеудің жаңа жолдарын іздейді, яғни, бұл кәсіпкерліктің ең басты мәселесі [1, 244б.].

Шағын бизнес – бұл шаруашылық жүргізуші субъектілердің толық экономикалық жауапкершілігіне, ынталы, инновациялық қызметіне негізделген, қаржы қорларының шектелген жағдайларында жұмыс істейтін, қауіптің және белгісіздіктің жоғарғы үлесімен жанасатын, табысты алу мақсатымен өндірістің барлық факторларын қозғалысқа келтіретін және меншік иесінің өндіріс пен басқару процесіне жеке қатысуын талап ететін, өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі жаңарту процесі.

Мейірбеков Б.К. пікірі бойынша, шағын бизнес өзінің табиғаты жағынан монополияға қарсы, ол оның қызметінің әртүрлі жақтарында көрінеді. Бір жағынан ол, монополияны қалыптастырушы элементтердің сирек және қозғалыс жылдамдығының жоғары деңгейде болатындығынан монополиялауға аз ұшырайды. Екінші жағынан, тар мамандану және жаңа техниканы пайдалану барысында шағын және орта бизнес ірі корпорациялардың монополистік позицияларын бұзатын, қауіпті бәсекелес ретінде болады [2, 159б.].

Шағын бизнес басқа артықшылықтарынан, авторлар айналымдылықтың жоғары жылдамдығымен, құрылыс мерзімдерінің қысқартылуымен, негізгі қорлардың жалпы құнындағы белсенді бөлігінің жоғарлауымен, басқару персоналдарын ұстау шығындарының төмендігімен, ірі капиталды тарту қажеттігінің жоқтығымен қамтылған күрделі және ағымдағы шығындардың тиімді қолданылуынан көреді.

Қазіргі уақытта бизнесті жандандыру процесі экономикалық және инвестициялық дағдарыстармен; білікті мамандардың жоқтығымен; нормативті-құқықтық базаның жетілдірілмеуімен, коррупциямен, тікелей шаруашылық-коммерциялық қызметпен, тұрақты қауіппен; капиталдың тапшылығымен; шаруашылық жүргізуші субъектілердің моралды және табиғи тозған материалдық базасымен байланысты қиын жағдайларда өтуде. Осыған қарамастан Республикада шағын кәсіпкерлік қызметтің алғашқы жемістері бар, бірақ оның көпшілігі сауда мен делдалдық қызметтерде.

Нарыққа негізінен миллиондаған айналымы бар корпорацияларға жол ашық. Ал шағын бизнес құрылымдарына кіруге мүмкіндік жоқ деген пікір бар. Басты дәлел шағын фирмалардың жақсы жетілген ірі компаниялармен бәсекелес бола алмауы. Шын мәнінде, шағын бизнес бірнеше себептерге байланысты ірі компаниялармен сәтті бәсекелес бола алады. Мысалға, ірі компаниялардың стратегиясын өзгерту үшін 6 жыл уақыт керек, ал оған жаңа стратегия енгізу үшін 10 жыл қажет. Ал шағын фирмалар үшін бұл уақыт жарты жылдан бір жылға дейін уақытты алуы мүмкін.

Шағын бизнесті сипаттаудың көптеген критерийлері бар. Олар: өндірістің көлемі, жұмысшылардың саны, негізгі өндіріс құралдарының актив бөлігінің өлшемі, басқару әдісі және кіріс мөлшері. Осылардың ішіндегі көп тараған жұмыс істеушілердің саны.

Кейбіреулер жұмысшылар санының 100-ге, 50-ден 1000-ға дейін немесе 100-ден 1500-ге дейін жететін кәсіпорындарды шағын бизнес кәсіпорындары деп те санап жүр. Германияда ереже бойынша жұмыспен қамтылған адамдар саны 1-ден 500-ге дейін жететін кәсіпорындарды шағын бизнеске жатқызады.

Қазіргі кезде Қазақстанда қабылданған заңдарға сәйкес, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің орта жылдық жұмыскерлер саны 50-ден және жылдық активтердің жалпы құны 60 еселік есептік көрсеткіштен аспайтын кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке және заңды тұлғаларды жатқызады.

Нарықтық қатынастарды енгізуші ТМД республикаларының біразында, соның ішінде Қазақстанда, шағын кәсіпкерлік кеңінен тарады, «өйткені шағын бизнесіз нарықтық экономика не қызмет ете алмайды, не дамымайды». Нарықтың әр түрлі аймақтарын жеңіп алу және көптеген елдердегі шағын кәсіпкерліктің әлемдік нарықта өркендеуі, экономиканың осы сферасының шаруашылық жүргізуші субъектілерін мақсатты түрде мемлекеттік қолдау, ғалым зерттеушілерді оның негізгі сипаттамаларын

негіздеуде, ұлттық экономикадағы ролі мен орнын анықтауда қызығушылығын тудырмай қоймады.

Шағын бизнестің өзіне тән ерекшеліктері келесі сапалық сипаттамалармен анықталған:

- шаруашылық жүргізуші субъектілердің меншік иелері, жалдамалы жұмыскерлермен және клиенттермен үнемі байланыста бола отырып, өндіріс пен басқару процесіне тікелей қатысады;
- өндірісті қайта жабдықтауға, өндірісті басқару мен ұйымдастыруға байланысты, шешімдерді қабылдаудағы жоғары икемділік, шапшаңдық;
- бәсекелестік ортаны құрайды;
- өндірістік және басқарушылық жүйелерде жаңалықтарды қабылдау қабілеті;
- ағымдағы қаржылардың айналым жылдамдығы жоғары, басқару персоналын ұстау шығындары төмен;
- орташа және ірі кәсіпкерлік субъектілерімен салыстырғанда «тіршілік әрекеті» төмен;
- белгісіз жағдайларда, шектелмеген жауапкершілікте ресурстардың барлық түрлерінің тапшылығына негізделген қауіптің жоғары деңгейі;
- өзінің дамуы үшін қажетті қаржы құралдарының болмауы.

Берілген анықтама шағын бизнес процесін толық көлемде сипаттайды, оның мәнін инновация ретінде анықтайды, кәсіпкерлер қызметінде қауіп және белгісіздік элементтерінің болатындығын білдіреді; кәсіпкерлік процесс өндірістің барлық факторларының өзара әрекеттесуі арқасында мүмкін болатындығын көрсетеді, өндіріс пен басқару процесінде меншік иесінің ролін анықтайды және ең бастысы кәсіпкерлік қызмет ынталандырушысы алынатын табыс екендігін айтады.

Шағын бизнес өнеркәсіптің экономиканың және әлеуметтік өмірінде маңызды ролі атқарады. Мысалы: АҚШ – та орта және шағын компаниялар жалпы өнімнің өңдеу өнеркәсібінде 21 пайыз, құрылыста 80 пайыз, көптеп сатуда 80 пайыз, қызмет көрсету саласында 81 пайыз өндіреді. Өзгеде дамыған елдерде жағдай осындай (кесте 1).

Кесте 1- Елдер экономикасындағы шағын бизнестің ролі.

Мемлекет атауы	Шағын және орта кәсіпорындар саны		Жұмыс істейтін адамдар, млн.	Шағын және орта кәсіпорындардың үлесі, %	
	Мың бірлік	1 мың тұрғынға есептегенде		Жалпы жұмыс істейтіндердің ішінде	ЖІӨ ішінде
Ұлыбритания	29302	461	199,6		
Германия	22905	372	152,5	46	50-54
Италия	39206	683	161,8	73	57-60
Франция	19801	351	115,2	54	55-62
ЕС елдері	157773	459	168,0	72	63-67
АҚШ	193007	944	270,2	54	50-52
Жапония	64509	907	239,5	78	52-55
Ресей Федерациясы	8371	535	218,1	10	10-11
Беларусь Республикасы	2723	131	98,3	8	7-8

Экономикасы енді дамып келе жатқан елдерде шаруашылық механизмнің трансформациясы жалғасуда, сондықтан да бұл елдердің экономикалық дамуында шағын бизнестің ролі төмен.

Қазіргі уақытта шағын кәсіпорындар экономиканың барлық саласында ұсынылған. Олар тек қана жеңіл және тамақ өнеркәсібінде ғана емес, сонымен қатар машина құрау, оптикалық құралдар өндіруде, химиялық және электротехникалық өнеркәсіпте де кездеседі.

Өнеркәсіптегі шағын компаниялардың сандық жағынан өсуі өндірістің дифференциациясы мен арнайыландырылуының тереңдеуімен, өндірістің көптеп

шығарылудан бас тартуымен анықталады. Шағын кәсіпкерлікті ірі кәсіпкерліктен ажырататын ерекшелік – бұл операция аумағы емес, бизнесті ұйымдастыру жолы.

Шағын кәсіпорындарда атқарылатын қызмет түрлері айқын ажыратылмайды. Себебі қызметкерлер саны аз болады. Мысалы, ұжымда 10 адам жұмыс атқарса, кадрлар бөлімін құру қажетсіз. Оперативтік және стратегиялық басқару қызметінің басым көпшілігін меншік иесі атқарады. Сондықтан басқару шешімдері бір ғана ортада жүзеге асырылады. Басқару ресурс көмегінің аздығынан, жоспарлау кезеңі де қысқа болады, әдетте бір жылдан аспайды.

Шағын кәсіпорындарда келесі байланыс байқалады: кәсіпорын көлемі аз болған сайын, басқару шешімін қабылдау мерзімі де аз болады. Шағын кәсіпорынның ресурстары аз болғандықтан, үнемі шығын деңгейінің өзгерісіне сезімталдығы оның ерекшелігі болады [3, 412б.].

Кәсіпкерліктің спецификалық секторы болғандықтан шағын кәсіпорынның келесі ерекшелігі – бұл банкроттық жағдайының көлемі көп болуы. Қызметінің алғашқы 2 жыл ішінде шағын кәсіпорындардың 50% банкротқа ұшырады, тек 15% жетістікке жетеді. Ал банкроттық – бұл экономикалық механизмнің бөлінбес бөлшегі, яғни экономикаға тиімсіз кәсіпкерлерден арылуға мүмкіндік туғызады. Экономикалық жүйенің бірқалыпты қызметін қамтамасыз ету үшін, мемлекет мүмкіншілігі бар кәсіпкерлердің өз бизнесін ашуға деген ынтасын арттыруға тиіс, сондықтан көптеген елдерде банкроттық жағдайы кәсіпкерлер үшін ауыртпашылық әкелу жағдайын қарастырады.

Шағын кәсіпорынның жоғарыда қарастырылған ерекшеліктері шағын бизнестің қызметінің маңызды ерекшеліктеріне мінездеме береді. Жалпы ұлттық экономикадағы шағын кәсіпорындардың рөлін төмендегідей бағыттар бойынша талдау қажет.

Шаруашылық механизм аумағында шағын кәсіпорындар монополизммен күреседі, қоғам қажеттілігінің өзгерісін тез сезетіндіктен монополизмнің қажетті икемділігін қамтамасыз етеді. Нарықтық ортаның бөлінбес бөлшегі шағын кәсіпорындар – үлкен кәсіпорындарға бәсекелестікпен қысым көрсетеді, сол арқылы олардың инновациялық қызметін жетілдіреді. Қоғамдық психология аумағында шағын кәсіпорындар оған қатысушы және онымен байланысты адамдардың меншікті психологиясын тәрбиелейді, өз еркімен шешім қабылдап, өзіне ғана сенуге бағыттайды, экономиканы бәсекеге қабілетті етеді. Бизнеспен айналысатын адамды ол өзін жеке тұлға ретінде жүзеге асыруға, өзін тәуелсіз сезінуге, қиын мәселені шешу қабілетін арттыруға тәрбиелейді.

Қоғамның әлеуметтік құрылымы аумағында шағын кәсіпорындар орта топтың қалыптасуына негіз болады, қазіргі кезде орта топ нарықтық типтегі қоғамның негізі болып табылады.

Шағын кәсіпорындар қазіргі кезде либералды экономиканың негізі болып табылады: олар салықтық түсімдердің, жалақының, жинақталған қаржының негізгі бөлігін құрайды, тұрғындардың көпшілігін өмір сүру қаражатымен қамтамасыз етеді. Шағын кәсіпорындар қызметінің арқасында жаңа жұмыс орындары пайда болады, материалдың, қаржылық және табиғи ресурстардың жұмылдырылуын қамтамасыз етеді.

Жалпы шағын кәсіпорындарды ірі компаниялармен салыстырғанда, төмендегідей артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Шағын кәсіпорындардың бәсекелес артықшылықтарының ішінде төмендегілерді атауға болады:

индикаторлар мен көрсеткіштерді біріктіреді: аймақтағы табиғи ресурстардың болуын: орман, су, пайдалы қазбалар және т.б., олардың материалдық және материалдық емес салада қолданылуы, табиғи ресурстардың экология-экономикалық пайдалану сипаттамалары. Еңбек ресурстарының саны мен сапасы. «Еңбек ресурстары» блогі өзіне халықтың әлеуметтік және демографиялық жағдайын сипаттайтын көрсеткіштерді қосады: халықтың саны мен құрамы, орналасуы мен қозғалуы; халықтың дамуын айқындайтын көрсеткіштер: еңбек өнімділігі және миграция, жұмыссыздық, номиналды және нақты жалақы, халықтың кірістері мен шығыстары, білім беру, ғылым, мәдениет, денсаулық сақтау салаларының жағдайы. Өндірістік әлеуетін пайдалану деңгейі. Өндірістік әлеуетін пайдалану деңгейі өзіне негізгі капиталдың деңгейін сипаттайтын көрсеткіштерді қосады: экономика салаларының негізгі қорлары, өндірістік қуаттар, капитал салымдарының көлемі және т.б. Осы көрсеткіштер өндірістің техника-технологиялық сипаттамасын анықтауға көмектеседі.

Кілт сөздер: экспорттық әлеует, әлемдік шаруашылық, импорттау, экспорттау, ашық экономика.

Аннотация

В статье говорится, что понятие «экспортный потенциал» достаточно часто встречается, как в экономической литературе, так и практике хозяйствования. Практически, говоря о реализации деятельности республики за пределами её границ в литературе используется понятия «внешне-экономический», «экспортный». Сегодня, по мнению авторов, когда идёт процесс индустриального развития страны, надо речь вести именно о регионе и его возможностях в укреплении экспортного потенциала всей страны. Поэтому авторами, исследовавшими это явление, в качестве основных элементов выделены следующие три блока: - количество и качество природных ресурсов. Блок «Природные ресурсы» объединяет показатели и индикаторы, которые характеризуют: наличие природных ресурсов в регионе, принадлежность к компонентам природы: лесные, водные, полезные ископаемые и прочие, их использование в материальной и нематериальной сфере, эколого-экономические характеристики эксплуатации природных ресурсов; - количество и качество трудовых ресурсов. Блок «Трудовые ресурсы» включает показатели, характеризующие социальное и демографическое состояние населения: численность и состав, размещение и движение населения региона; показатели, определяющие закономерности развития населения, к которым относятся показатели воспроизводства и миграции, уровень безработицы и производительность труда, номинальная и реальная заработная плата одного работника; структура потребительских доходов и расходов населения; состояние сферы образования, науки, культуры и здравоохранения; - уровень использования производственного потенциала. Уровень использования производственного потенциала включает показатели, характеризующие состояние основного капитала: основные фонды отраслей экономики, производственные мощности, объем капиталовложений и др., которые дают комплексную характеристику технико- технологического уровня производства.

Ключевые слова: экспортный потенциал, мировое хозяйство, импорт, экспорт, открытая экономика.

The entry into the world economy of any country is determined by the degree of openness and the development of its economy, the content of the export potential, the efficient use of economic and trade relations between those or other resources. Therefore, at the present stage is the problem of its best use and application in accordance with the approaches to the formation of export potential adopted in developed countries. Becoming an "open" economy in Kazakhstan determined the need for its further development. The results of ongoing industrialization of the country to a greater extent allowed the process of import substitution, did not realize the potential export opportunities [1,20s]. Moreover, as the authors say, trade and economic relations

between Kazakhstan and other countries indicate that it is currently not implemented fully the existing potential of the republic.

The concept of "export potential" is quite common, both in economic literature and practice of management. Practically speaking about the same, ie, implementation of activities of the Republic outside its borders in the literature uses the term "foreign-economic", "export" potential and abroad usually mean a country or a company stakeholders. Less common article about the experience of foreign trade of an area, region. In today's economy, when the process of industrial development of the country as never before, in our opinion, it is necessary to keep it on the region and its potential to strengthen the export potential of the whole country [2,245s]. Meanwhile, in the course of this study, there was a need of a monographic study of the essence of the matter. In Soviet economic literature, especially in the development of socialism, the problem is also widely used in conducting economic research. The meaning of the phenomenon was limited to the fact that under it is understood the aggregate ability of the economy to produce industrial sectors, agricultural products, to carry out capital construction, transport goods, provide services to the population, etc. . It seems that the concept as a whole hThe study of scientific literature has shown that under the economic or socio-economic potential is meant the total characteristic of the resource potential in a particular field of management [3,131s]. Taken together, form a potential economic resources or the national economy, the region of the world or the world economy. The economic potential is a synthetic concept that characterizes the economic development of the productive forces and economic relations and consists of a total potential depending on the particular level of economic entities, which, in turn, is determined by the characteristics of such production systems, such as the scope and nature of the activity [42].as not undergone significant changes in the conditions of market economy.

Thus, we can say that a part of the concept of "economic potential" in economics included the factors of production (natural and climatic, fixed assets, human resources) in a quantitative and qualitative assessment. The specific content and scope of the economic potential, both as a whole and its component parts - the social infrastructure, can not be given formal definitions and disclosed in the course of the study of social production. Accordingly, the economic potential of the production scope includes qualified personnel, production facilities and natural wealth, and in non-productive activity - the number of employees, material resources, accumulated wealth. Based on the above authors who studied this phenomenon, as the basic elements highlighted in the following three blocks: - the quantity and quality of natural resources. Block "Natural Resources" 101 combines and indicators that characterize: the availability of natural resources in the region belong to the components of nature: forest, water, minerals and other, their use for the material and non-material sphere, ecological and economic characteristics of the exploitation of natural resources; - The quantity and quality of labor resources. Block "Human resources" includes indicators characterizing social and demographic status of the population: size and composition, arrangement and movement of population in the region; indicators that determine the patterns of population development, which include indicators of reproduction and migration, unemployment and labor productivity, nominal and real wage per employee; Consumer structure of income and expenditure; the state of education, science, culture and health; - The level of use of production capacity. The level of use of industrial potential includes indicators that characterize the state of fixed capital: fixed capital industries, production capacity, capital investment, etc., which give a comprehensive description of the technical and technological level of production.. How rationally selected and connected to the system and used elements of economic nature: the resources, property, personnel, funds, scientific achievements, as well as determined and satisfied the need for them to reach and development of economically significant to society results show the analysis of the economic potential of Kyzylorda region.

Any company interested in building economic capacity to meet their needs and further expand on a large scale reproduction of a more qualitative basis. This is consonant primarily with economic growth, etc. The higher the value and growth potential of the country, the faster, ceteris paribus should increase national income, its funds of consumption and accumulation of

predetermining the level of the consumer and the rate of expansion of reproduction. Summing up the possibility of economic growth, US scientists McConnell KR and Bru SL wrote that "economic growth is defined and measured by two related ways: as an increase in real GNP or NNP for a certain period of time or as an increase for a period of time of real GNP or NNP per capita. Can be used both definitions. For example, if the focus is on issues of military-political potential, seems to be more appropriate first definition. But when comparing living standards in different countries and regions is clearly more preferable is the second definition. " The many facets of the phenomenon of economic potential requires a separate quantitative and qualitative of comparing and assessing. The level of economic development and the use can be defined as a potential welfare gains due to improved standards of living, all-round development of all members of society in the rational use of the existing total capacity of the national economy. However, it can be implemented completely or partially in general not be realized. Therefore, it is hardly legitimate to consider the richness of phenomena inseparably from the level of its use in the public interest. Tangible predetermination resource approach involves subdividing it into aspects: technical, scientific, intellectual personnel, investment, information, spiritual, infrastructure building, organizational and sectoral in nature. The latter involves the allocation of industrial, transportation, construction, agricultural potential. At the same time it must be said that if the economic literature there is still no specific definition of the economic potential, the situation is even more difficult to deal with 102 the definition of export potential. This study allows the export potential to provide as part of the economic potential, since foreign-economic sector of any country - independent subject of economic activity. At the same time, whether it is industry, agriculture or other sectors of the economy, the export potential is an organic part of each of them. From here you can see the connection and interdependence of the export potential of the basic elements of the economic potential of the country and its productive forces, the economic indicators of the development of society. In the economic literature to date, there is no clear definition of "export potential", it can be argued that it arose almost with the appearance of foreign trade. Along with the evolution of the global economy gradual deployment of scientific and technological progress and the expansion of the scope of his achievements, and improved methods for the promotion and development of export potential [4,13s].

The majority opinion of scientists is to ensure that the need for studies of the export potential is related to the issue of its impact to the greatest possible socio-economic impact on the development and liberalization of foreign economic relations of the country. Hence the need to push off from the views of modern economists engaged in the study of foreign trade.

References:

1. Arzhenovskiy I.V. Regional market: reproductive aspect. - Nizhni Novgorod, 2010. - S.111.
2. Ihdanov J. Development and improvement of economic planning in Kazakhstan. - Alma-Ata, Kazakhstan, 1990. - P. 131-132.
3. Mamyrov N.K. Scheduling concentration in the industry. - Alma-Ata, Kazakhstan, 2010. - S. 245.
4. Tekenov W.A. Improving regional mechanism of participation in foreign economic relations of Kazakhstan: the strategy, methodology, tools / Author..dis.dokt. Economy. Sciences: 08.00.14. KazEU. T.Ryskulov. - Almaty, 2004. - S. 13

ӘОЖ 37.016:950 (574)

АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ЖӘДИТШІЛДІККЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

ХУЛИЯ КАСАПОГЛУ ЧЕНГЕЛ, доктор PhD профессор, ГАЗИ университеті,
Түрік Республикасы,

Ж.Т.БОТАБАЕВА, филология магистрі, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік
университеті, Қазақстан Республикасы

Андатпа

Мақалада XX ғасыр басындағы жәдитшілдік құбылысының қазақ жеріндегі орны қарастырылады. Бұл қазақ әдебиетінде Алаш қозғалысымен сабақтастырыла зерделенсе, өзбек ғылымында «жәдит» қозғалысы аясында қарастырылды.

Жәдитшілдік қоғамдық қозғалыс ретінде Ресей отарында болған барлық мұсылмандардың отаршылдыққа қарсы қорғаныс күші ретінде қалыптаса бастады. Әдебиетте «Жәдит» деген термин XIX ғасырда әл-Курсави, А.Дониш және Ш.Маржанидің исламдық танымды қасандықтан тазалау мен мұсылмандық оқу жүйесін заман талабына сәйкестендіріп қайта құру туралы көзқарастары негізінде пайда болды. Жәдитшілер өз идеяларын баспасөз арқылы, жаңа әдісті мектептер ашу арқылы насихаттады.

Ал, Қазақ зиялыларының жәдитшілдік қозғалысқа араласуына татар зиялыларының зор ықпалы болды. Бұл түркі халықтарына ортақ құбылыс. Жәдитшілдік қозғалысы алғаш Қырым мен Еділ бойы татарлары арасында қалыптасса, кейіннен қазақ жеріне таралды.

Зерттеушілердің айтуынша, XX ғасыр басында қазақ ұлты таңдау жолайрығында тұрды. Отар езгісіндегі ұлттың жұтылып кету қаупі болды. Сондықтан қазақ ұлтының алдында азаттықтың жолына, саналы рухани, саяси күрес жолына түсу таңдауы тұрды және ұлттық құндылықты сақтап қалуға, қазақ қоғамының құлдырауына жол бермеген, елдің әрі қарай дамуына жол көрсеткен қазақ зиялылары болды.

Алаш ұранды ақын-жазушылардың барлығы жаңаша оқуды яғни жәдитшілдікті қолдады. Олар ағартушылық негізге сүйене отырып, дәуірдің өзекті күйлерін өлеңмен, қара сөзбен өрнектеп, қазақ ұлтының жанын оятуда бар күш-жігерлерін аямай төкті.

Қорыта айтқанда, алаш қайраткерлері ұлттық, мұсылмандық, түркілік бірлік идеясы негізін ұстаған діндес, бауырлас мұсылман халықтарының өкілдерімен бірлесе отырып, азаттық жолында күреске шығып, өз ойларын ашық түрде мерзімді басылымдарда жариялап, халық арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, жәдитшілдік қозғалысына өзіндік қолдау көрсетіп отырды.

Кілт сөздер: Усил-и жәдит, Гаспыралы, жаңа әдіс, кадим, дыбыстық әдіс

Аннотация

В статье рассматриваются, явление и место жадитизма на казахской земле в начале XX века. В казахской литературе это явление рассматривалось наряду с движением «Алаш», тогда как, в узбекской науке его связывали с движением «жадит».

Жадитизм, как общественное движение, вначале сформировалось в виде борьбы всех мусульман против завоевательской политики российской империи. В литературе XIX века, в трудах Аль-Курсави, А. Дониш и Ш. Маржан термин «Жадит» рассматривается как метод очищения и средство защиты исламской религии от посягательств извне, а так же вид преобразования мусульманской системы обучения в соответствии с требованиями того времени.

На казахскую интеллигенцию, при участии в движении жадитизма, большое влияние оказала татарская интеллигенция. Движение жадитизма, начавшееся среди крымских татар и на берегах Волги, распространилось и на казахскую землю. Жадитизм стал всеобщим явлением для тюркских народов.

По мнению исследователей, в начале XX-го века казахский народ стоял на перепутьи. Из-за завоевательской политики империи возникла опасность полного исчезновения казахской нации. Поэтому, перед нею стояла задача стать на путь освободительной, политической борьбы, сохранения национальных ценностей. Представители казахской интеллигенции явились той силой, которая не позволила исчезнуть казахскому обществу и указала путь его дальнейшего развития.

Писатели и поэты Алаш восприняли новое учение, то есть жадитизм, с большим энтузиазмом. Взяв за основу просветительскую деятельность и написав слова на известные современные кюи, не покладая сил старались разбудить национальное сознание.

В заключении отметим, что алашординские деятели на основе идеи тюркского единства нации, мусульманства, братства, религии, вместе с представителями мусульманских народов, встав на путь освобождения, открыто выражали свои мысли в средствах печати, проводили пропагандическую работу среди населения, выражали поддержку движению жадитизма.

Ключевые слова: Усул-и джадид, Гаспыралы, новый метод, кадим, звуковой метод.

Annotation

The article deals with the phenomenon and the place of jadidism on the Kazakh land in the early twentieth century. In the Kazakh literature this phenomenon was seen in the activity of «Alash», whereas, in the Uzbek science it was associated with the activity of «jadidism».

Jadidism, as the social activity, first it was formed as the form of struggle of all Muslims against the policy of conquest of the Russian Empire. In the nineteenth century literature, in the writings of Al-Kursavi, A. Donish and Sh. Marshan, the term «Jadit» is considered as the method of cleaning and remedy of the Islamic religion from the attacks of outside, as well as the kind of transformation of the Muslim education system in accordance with the requirements of time.

On the Kazakh intelligency, with the participation of the jadidism activity, the Tatar intelligency greatly influenced. Jadidism activity which began among the Crimean Tatars, and on the banks of the Volga River, spread on the Kazakh land. Jadidism has become universal phenomenon for the Turkic people.

According to the researchers, in the early twentieth century Kazakh nation was at the crossroads. Because of aggressive policy of the empire there was a risk of complete disappearance of the Kazakh nation. That's why there was a task to take the way of liberation, the political struggle, and preservation of national values. The representatives of the Kazakh intelligence were the force that didn't allow disappear Kazakh society and pointed the way for its further development. Writers and poets of Alash accepted new doctrine, which was Jadidism, with the great enthusiasm. As the basis, taking educational activities and had written the words on the well-known modern kui, without putting their best to awaken national consciousness.

In conclusion we note that Alash Orda leaders based on the idea of Turkic unity of the nation of Islam, brotherhood, religion, together with representatives of Muslim nations, embarked on the way of liberation, openly expressed their thoughts in the press, conducted advocacy work among the population, and expressed their support for the activity of jadidism.

Key words: Usul-i Jadid, Gaspıralı, the new method, kadım, sound method.

Жәдитшілдік (арабша-жаңа, жаңа тәсіл) – XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Повольже, Қырым және Орта Азия мұсылмандарының мәдени-реформаторлық, саяси-қоғамдық қозғалысы. Бұл сол уақыттағы мұсылмандардың қоғамдық саяси өміріндегі негізгі қозғалыс [1,133].

XX ғасыр басындағы жәдитшілдік құбылысының қазақ жерінде ерекше орны бар. Бұл қазақ әдебиетінде Алаш қозғалысымен сабақтастырыла зерделенсе, өзбек ғылымында «жәдит» қозғалысы аясында қарастырылды.

Жәдитшілдік қоғамдық қозғалыс ретінде Ресей отарында болған барлық мұсылмандардың отаршылдыққа қарсы қорғаныс күші ретінде қалыптаса бастады. Әдебиетте «Жәдит» деген термин XIX ғасырда әл-Курсави, А.Дониш және Ш.Маржанидің исламдық танымды қасандықтан тазалау мен мұсылмандық оқу жүйесін заман талабына сәйкестендіріп қайта құру туралы көзқарастары негізінде пайда болды. Бұл ағымның екі сипаты бар: біріншісі, әрі негізгісі – ағартушылық идеяларға сүйенген саяси сипаты болса, екіншісі – әдебиетте ерекше орын алған рухани сипаты. Жәдитшілдіктің саяси сипаты қазақ пен қырғыз жерінде – Алаш, өзбек елінде – Жадид, әзірбайжанда – Мусават, татарда – әл-Муслимин мен Милли-фирқа, оғыз түріктерінде – Танзимат пен Бірлік пен даму сияқты қозғалыстарды тудырып, ағартушылық идеяларды дамытқан тұжырымдама ретінде отаршылдардың тамырсыздандыру әрекетіне қарсы ұлттық болмысқа сай тәлім-тәрбие ошақтарын ұйымдастырды [2].

Жәдитшілер өз идеяларын баспасөз арқылы, жаңа әдісті мектептер ашу арқылы насихаттады. Бұл қозғалыстың негізін жандандырушы И.Гаспринский Бақшасарайда «Тәржіман» газетін шығарып, осы газет арқылы мұсылман дінін көтермек болды және дін мен өркениеттіліктің бір-бірімен тығыз байланысты екенін дәлелдеуге тырысты.

Қазақ зиялыларының жәдитшілдік қозғалысқа араласуына татар зиялыларының зор ықпалы болды. Бұл түркі халықтарына ортақ құбылыс. Жәдитшілдік қозғалысы алғаш Қырым мен Еділ бойы татарлары арасында қалыптасса, кейіннен қазақ жеріне таралды.

Зерттеушілердің айтуынша, XX ғасыр басында қазақ ұлты таңдау жолайрығында тұрды. Отар езгісіндегі ұлттың жұтылып кету қаупі болды. Сондықтан қазақ ұлтының алдында азаттықтың жолына, саналы рухани, саяси күрес жолына түсу таңдауы тұрды және ұлттық құндылықты сақтап қалуға, қазақ қоғамының құлдырауына жол бермеген, елдің әрі қарай дамуына жол көрсеткен қазақ зиялылары болды.

Ағартушылардың ірі өкілі, ойшыл ақын Абай қара сөзінде («Отыз сегізінші сөзі»): «Құдай тағала ешбір нәрсені хикметсіз жаратпады, ешбір нәрсеге хикметсіз тәклиф қылмады. Бәрінің хикметі бар, бәрінің себебі бар, біздің ғауам былай тұрсын, ғылымға махаббаты балаларға себеп – парыздарды білмекке ижтиһат ләзім, сіздер әрбір ғамал қылсаңыз, ізгілік деп қыласыз, ізгілікке бола қасд етіп, ниет етесіз», - десе, халықты қайткенде де ағартам деген позиция ұстаған Ы.Алтынсарин «Шараит ул-ислам. Мұсылманшылықтың тұтқасы» атты еңбегінде: «Ей, дін қарындастарым, пайғамбарымыз бен оған жақын жақсылардың бәрі де тынбай жүріп, дүние һәм ахиреттің ғылымын үйреніп һәм халыққа неше түрлі кітаптар, үлгілер қалдырып кеткен болса, бізге де жалқаулыққа салынып еш нәрсені білмей жүруіміз, әрине, адамшылығымызға лайық емес», - деп жазғаны мәлім.

Ағартушылардың ішінде Абай айтқан ізгі жол мен Ыбырай көрсеткен адамшылық жәдитшілдікке алып келді.

Дихан Қамзабекұлы өз еңбегінде жәдитшілдік ұғымының екі асудан өтті деп пікір білдіреді. Бірінші асу – 1890-1911 жылдар үйрену, тәжірибе жинау шағы. Екінші асу – 1911-1920 жылдар – жәдитшілдік кең өріс алып, Алаш қозғалысына ұласу шағы деп көрсетеді [3,79]. Екінші асудан өткен қазақ жәдитшілдігінің өкілдері 20-шы жылдары қалыптасқан қазақ интелегенциясының қаймақтары болды деп айтуға болады.

Қазақ зиялылары саяси күрес жолында ұлттық, мұсылмандық, түркілік бірлік идеясы негізін ұстаған бір діндес, бауырлас, тағдырлас елдердің алдыңғы қатарлы өкілдерімен бірлесті. Белгілі тарихшы Санжар Асфендияров: «Жәдитшіл болып, пантуркизм қозғалысымен байланысып жүрген қазақтың интелегенттері «Айқаптың» айналасына жиналды (мысалы, М.Сералин, Б.Қаратаев, Ж.Сейдалин), бұл топқа татар зиялы интелегенттерінің әсері болды», - деп жазған болатын.

Зиялылардың арасында Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Ақбаев және тағы басқалар жәдитшілік қозғалысты қолдаушылар болды. Олар өздерін «жәдитшілерміз» деп атамаған. Аталмыш зиялылар қазақ халқына «ағартушылар» ретінде белгілі болды. Ағылшын тілінде шыққан «Средняя Азия: столетие русского правления» деп аталатын ұжымдық еңбек авторлары Ахмет Байтұрсыновты Қазақстандағы жәдитшілдік қозғалыстың лидері деп таныды.

1911 жылы А.Байтұрсынов төте жазу негізінде жәдитшілдік қозғалысты насихаттаған «Қазақ» газетін шығарып, бұл қозғалысқа өзіндік қолдауын көрсетті. Мыржақып Дулатов «Торғайдағы мұсылманша оқу» атты мақаласында жаңа жәдитшілдік оқуға шықырып, «жәдит» пен «қадим» сөздерінің мағыналырын түсіндіруге тырысқан [4,77-78].

Ағартушылықтың көшбасшыларынан қарапайым оқыған азаматтарға дейін елдің ендігі алар биігін жәдитшілдікпен байланыстырды. Айталық, Ахмет Байтұрсынұлы: «Усул жәдит, яки төте оқу жолы бар екенін білеміз, бірақ сол жол қазақ арасында аз тараған соң, біздің мақсатымыз да – сол оқуды қазақ арасына жаю», - десе, баспасөзбен қарым-қатынаста болған қарапайым оқыған Шахмұрат Түлекұлы бір өлеңінде: «Әне, қадим қара бұлт үстін басқан, Міне, жәжит бұл дүниеге нұрын шашқан», - деп жазады [3,89].

Ағартушы-ғалым осылай деп қана қоймай, араб жазу емлесін қазақ тілінің табиғатына лайықтап, дыбыстық жүйеге ыңғайлады. Сөйтіп, жәдитшілдік негіздегі қазақ балаларының сауатын ашатын «Әліпби» («Төте жазу») мен тіл үйрететін «Тіл құралы» еңбектерін жазды. Ана тіліміз бен әдебиетіміздің реформаторы қазаққа қандай мектеп керектігі жайын өзекті мәселе ретінде көтеріп, жұртшылықтың назарын үнемі соған аударуға тырысты. Мәселен: Ахмет Байтұрсынов «Қазақ» газетіндегі «Жазу жөндеу» («Қазақ», 1913, №43), «Мектеп керектері» («Қазақ», 1914, №52) т.б. мақалаларында сол кезеңнің көкейкесті проблемаларын көтеруді алға қойды [5,26].

Әрине, бұл мәселелер жөнін сөз еткен бір А.Байтұрсынов қана емес. Ұлт келешегі үшін аса қажетті оқу-ағарту мәселелері зиялы қауым өкілдерін түгел толғандырды. Ұлты үшін ұлардай шулаған ұландар өздері шығарған газет-журнал беттері мен кітаптарда бұл мәселені бірінші кезекке қойып, «жаңа әдістің» қажеттігін насихаттайтын мақалалар жазды.

Жәдитті жақтап, халқын өнер-ғылымға, іргелі ел болуға үндеген Алаш ардақтыларының бірі – Ғұмар Қараш болатын. Ол «Айқап», «Мұғалім», «Шура», «Қазақстан» газет-журналдарында заманының көкейкесті мәселелерін көтерген өлең, мақалаларында: «Ұлтымыздың дамуына байлық- игіліктің әсері қандай?» деген ғылыми-публицистік еңбегінде ұлт келешегіне пайдалы іс - жаңа типті мектептердің көбеюін қолдайды: «Русия мұсылмандарының байлары қаражаттарын көрінген жерге мешіт, медресе салуға жұмсайды. Бұл мәселе сырттай қарағанда ұлттың өсуі-оянуы сияқты көрінгенмен, шындығында даму белгісі емес... Мешіт салдырғаннан гөрі бір ұлттық мектеп салдырып, соған сабақ беретін мұғалімдер даярланса, қажетті кітаптар алынса, газет, журналдар шығарып, арзан бағамен сатса ... пайдалы іс болар еді»- дейді [6,27].

Жәдитшілдіктің алаш үшін пайдасы зор екенін түсініп, оны насихаттаған ақынның бірі – Сұлтанмахмұт Торайғыров «Анау-мынау» өлеңінде:

Мынау жерде хадим тұр,
Қарқарада жаны тұр.
Ана жерде жәдиттер,
Оданда біздер үміткер.
Олардан тәлім алмасаң,
Көрген күнің болар тар,- дейді.

Дін-исламды уағыздап, қатарластарынан қалыспай жұртты жаңалыққа жұмылдырмақ ниетпен өз тарапынан өзгеше пікір қосақтағандардың бірі – Мақыш Қалтаев. М.Қалтайұлы жәдитті ұлықтап, «Бар уақиға» атты кітабында:

Жәдитпен балаларға тап осы күн,
 Екі-үш жылда мұкамал танытар дін.
 Өзіміздің түрікше тілімізбен,
 Тез білдіру болады қай жері мін.
 ...Түрік тілде жәдит пен «Ғылым халды»,
 Білсек қабыл болмай ма тағатымыз.
 Құран, хадис тәржіме етуші бар,
 Жете ме бәріміздің тафуатымыз,- деп жырлайды.
 Ал кейінге мұрасы қолжазба түрінде жеткен Бисен Жәнекешұлы есімді қаламгер:
 Мен жәдитті жақтаймын,
 Жақсы жағын мақтаймын.
 Қарсы шығып қадімге,
 Молда – ишанға жақпаймын, - деп бір ауыз өлең арқылы қазақ жастарын жаңа оқуға жетеледі.

Жәдитті қазақ өнерінің жаңғыруына балаған ақындардың ішінде Ғалиолла Ғалымжанұлы және Кенжеғали Қабдоллаұлы есімді қаламгерде бар. Ақын, бірлік пен білімнің нашарлығы халық дамуына бөгет болып отырғанын айта келе жаңа оқудың қажеттігіне көңіл аударады.

Көрінсе дұрыс халыққа,
 Тағы бір кеңес жазамын.
 Пайдалы болып көрінсе,
 Сөйлеген әрбір ғазалым.
 Арқаламай обалын,
 Балаңды оқыт, қазағым! – деп қозғау салады [3,115-124].

Алаш ұранды ақын-жазушылардың барлығы жаңаша оқуды яғни жәдитшілдікті қолдады. Олар ағартушылық негізге сүйене отырып, дәуірдің өзекті күйлерін өлең сөзбен өрнектеп, ұлттың жанын оятудан тайынған жоқ.

Қорыта айтқанда, алаш қайраткерлері ұлттық, мұсылмандық, түркілік бірлік идеясы негізін ұстаған діндес, бауырлас мұсылман халықтарының өкілдерімен бірлесе отырып, азаттық жолында күреске шығып, өз ойларын ашық түрде мерзімді басылымдарда жариялап, халық арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, жәдитшілдік қозғалысына өзіндік қолдау көрсетіп отырған.

Әдебиеттер:

1.Жалмырза А.А. «Отаршылдыққа қарсы Түркістан әдебиеті: қалыптасуы, даму ерекшеліктері және көркемдік сипаты»// Филол. ғылымд. канд... авторефераты. - Астана, 2010.- 24 б. - Библиогр. 23 б.

2.Жораева Г.Т. XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ-татар зиялыларының өзара қарым-қатынасы: тарихи талдау. Тарих ғылымд. канд... авторефераты / Г.Т. Жораева – Алматы: [б.ж.], 2007. 30 с. - Библиогр.: 29 б.

3.Камишева Г.А., Сайғы Г.Б. Сыр бойындағы жәдит мектептері. //Қорқыт Ата атындығы ҚМУ Хабаршысы. – Қызылорда, 2014. - №2 (43). – 149 б.

4.Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет. – Астана: Фолиант, 2002. – 474 б. - (Отырар кітапханасы). - ISBN 9965-612-17-X

5.Сүтжанов С.Н. XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі қазақ және түркі халықтары әдебиетінің типологиялық сипаты [Текст] : Филол. ғылымд. канд... авторефераты: 10.01.02 : 10.01.07 / Сүтжанов С.Н. - Алматы : б.ж., 2006. - 63 б. – Библиогр.: 61 б.

6.Сүтжанов С.Н. Рухани алмасу арналары. Монография / С.Н.Сүтжанов. – Павлодар, 2003. - 186 б.- Библиогр.: 184-185 б.

HULIYA KASAPOGLU, professor of Gazi university, Republic of Turkey,
U.N.ZHANBERSHIYEVA, candidate of philological science, professor, Korkyt Ata Kyzylorda State University, Republic of Kazakhstan

Annotation:

The article is told about the researches of Kazakh literature, driven to labours of Kaim Myhamedhanyli. In the work of scientist there is a lot of information about history, criticism, questions of theory of Kazakh literature.

The contribution of science of Kazakh literary criticism is criticized to aAbay's introduction, such valuable labours are analysed on deep scientific basis as "Poetry school of Abayi", "Textology of Abay's work", "Poets of surrounding Abay", "Poet Magauya Kunanbayev", "Abay's followers".

The small contribution brought in by a scientist is examined, in the study of questions of history of Kazakh literature, his scientific prognoses over, judgements, sanctified to works of Aseta Naimanbaeva, Aripa Nanirbergenova, of Byhar Zhiray are brought.

The before not published, scientific works over of Kaim Myhamedhanyli are brought, devoted Zhakarimobedeniw.

In labours of literary researcher, scientist, laureate of государственных and international bonuses of Kaim Myhamedhanyli a value and maintenance of his literary-theoretical approach open up fully.

Key words: poetic school, textual criticism, абаетедение, nationalism, intellect, scientific turn, zhakarimobedeniw.

Андатпа

Мақалада Қайым Мұхамедханұлының қазақ әдебиетін зерттеудегі еңбектері сөз болады. Ғалымның қазақ әдебиеті тарихы, сыны, теориясының мәселелері туралы жазған еңбектерінің мазмұндылығы мен материалдарының молдығы айтылады.

Қазақ әдебиеттану ғылымында абайтануға қосқан үлесі сарапталады. «Абайдың ақындық мектебі», «Абай шығармалырының текстологиясы», «Абай айналасындағы ақындар», «Ақын Мағауия Құнанбаев», «Абайдың ақын шәкірттері» сияқты құнды еңбектері ғылыми жүйеде талданады.

Ғалымның қазақ әдебиеті тарихының мәселелеріне де қосқан үлесі, ғылыми болжам, пайымдаулары қарастырылады. Әсет Найманбаев, Әріп Тәңірбергенев, Бұхар жырау шығармаларына жасаған терең ойлары беріледі.

Қайым Мұхамедханұлының шәкәрімтануға арнаған ғылыми зерттеулері бойынша тың деректер дәйектеледі.

Әдебиет зерттеушісі, ғалым, Мемлекеттік сыйлықтың, халықаралық сыйлықтың лауреаты Қ.Мұхамедханұлы зерттеулерінің мәні мен мазмұны әдеби-теориялық тұрғыдан толық ашылды.

Кілт сөздер: ақындық мектеп, текстология, абайтану, ұлтшыл, бағзы заман, интеллект, ғылыми айналым, шәкәрімтану.

Аннотация

В статье рассказывается об исследованиях казахской литературы, приводимых в трудах Кайыма Мухамедханулы. В работах ученого приводится большое количество сведений об истории, критике, вопросах теории казахской литературы.

Рецензируется вклад науки Казахского литературоведения в абаетедение, проанализированы на глубокой научной основе такие ценные труды как «Абайдың

ақындық мектебі», «Абай шығармаларының текстологиясы», «Абай айналасындағы ақындар», «Ақын Мағауия Құнанбаев», «Абайдың ақын шәкірттері».

Рассматривается лепта, внесенная ученым, в изучение вопросов истории казахской литературы, приводятся его научные прогнозы, суждения, посвященные произведениям Асета Найманбаева, Әрипа Танирбергенова, Бухара Жырау.

Приводятся ранее не публиковавшиеся, научные работы Кайыма Мухамедханулы, посвященные Шакаримоведению.

В трудах литературного исследователя, ученого, лауреата государственных и международных премий К. Мухамедханулы полностью раскрывается значение и содержание его литературно-теоретического подхода.

Ключевые слова: поэтическая школа, текстология, абаеведение, национализм, интеллект, научный оборот, шакаримоведение.

More than half of the life of KaimMukhamedkhanulywas devoted to the study of Kazakh Literature. While he was a director of the AbayMuseum and worked as a teacher at a High School, he had written such articles as “Abay’s school of poets ” in 1951, “The textology of Abay’s works” in 1959, “Poets surrounding Abay”, “Poet MagauyaKunanbayev” in 1959,

4-volumed “Abay’s follower” in 1997, “Hard times of Mukhtar’s life”, “Shakarim” and etc.

Having worked continuously for 58 years in the field of history of literature, theory of literature, literary criticism, it can be noticed the richness and contentfulness of the materials in the works of the scientist.

There are many scientists who studied Abay such as: M.Auezov, S.Mukhanov, B.Kenzhebayev, E.Ismailov, M.Silchenko, A Tazhibayev, K.Zhumaliyev, T.Alimkulov, A.Zhirensin, A.Nurkatov, Z.Akhmetov, H.Suinshaliyev, M.Myrzametov.

Thereby we can mention Kaim (Gabdulkaim) as one of the main persons who had been showing an adequate opinion in the field of Abay studyand been studying productively.In the 40-th years of the Soviet Era, studying Abay and his poetic school were the key issues.M.Auezov said: "It should be noted the spiritual wealth of Abay’sEra, the connection with the people of art and the value given to themshould be comprehended” [1,126 p.]. Atthat time several scholarsunder the guidance ofM.Auezovstarted considering this topic. The complicated issue "Abay’s poet followers" was charged to K.Mukhamedkhanuly by M.Auezov.Kaim disclosedmany issues of this subject and implemented it into the scientific turnover. At the same time, this subject also appeared in the works of E.Ismailov and M.Silchenko.In the "Abay" monograph of M.Silchenko, whereone chapter is devoted to Abay’s followers. When there had occurredsome pressure on the poets around Abay he stopped expressing is ideas. The reports, prepared for the meeting in Almaty Pedagogic Institute in honor of the 100-th anniversary were discussed on the Scientific Board.Some reports were planned by M.Auezov, S.Mukhanov, K.Zhumaliyev, A.Tazhibayevand M.Silchenko. Unfortunately, the reporters were far from the subject and could not disclose the key issue. There were also discussed aitys of poetsof Abay’ Era such as: Birzhan, Aset, Shortanbai, Shozhe, Balta and Kempirbai. The reporters didn’t say a word about Abay’s followersbut his works as: “MedgatKasym”, “Dagistan”, “Zulys”, “Enlik-Kebek”, “Kalkaman-Mamyr”. Even M.Auezov slightly touched the school of Abay. At those times it was impossible to object the totalitarian system that Abay hardly accepted. Even though, KaimMukhamedkhanuly made the topic scientifically popular and wrote about Abay’s children: Akylbai and Magauiya, grandsonAubakir and his poet friends AripTanirbergenov, Aset, Hayolla, Kakitai, Beisenbai and Kokbai.

As well as at that time Shakarim and Turagulwere admitted as “Nazi” their works were not considered. In 1954 he publishes the article “The literature school of Abay” in the newspaper “Ekpindi” and appropriately discussed Abay’s followers by giving the exact facts. The article became valuable as well as it contained the information about all the art people around Abay. He writeste that they were as poets Akylbai and Magauiya –poems writers, following the European

method focused on the feeling, love, sense of purpose, dreaminess. He also said that Kakitai and Turagul lyrical songs and words of edification paved the way to translation. And he refers Kokbai, Arip and Imanbagar to the writers of historical songs. He also maintained that Aubakir and Kiyasbaimyskyl were the new song writers. The main thing is the existence of a big culture on the Kazakh Land.

In the year of 1951 under the guidance of M. Auezov he defended his dissertation on the theme "Poetic school of Abay". Even though Shakarim and Turagul are no more "Enemies of the people" in the article they are still described as in negative image. The Red Empire's sight of view makes a big dissension for labour respect.

There was conducted a meeting in the Institute of language and literature where the dissertation was the core issue to be discussed. Famous scientist S. Mukhanov made a report on "Some issues of the Abay's heritage". In case in both two volumes of "History of Kazakh literature" feudalism glorifies the old life, if the dissertations in which the old life is praised which were managed by Auezov and if these praised lasted for several years, it was considered as Nazi actions and the dissertations might spoil the mind of the youth. [2, 54 p.]. In his report S. Mukhanov says "K. Mukhamedkhanov's dissertation was devoted to praising Abay's followers, mentioned by Auezov, one of them is Turagul, so called "Enemy of the people" " [2, 57 p.].

The defended dissertation by K. Mukhamedkhanuly was criticized as contradictory to the Soviet ideology and Abay's followers were claimed as "Old minded, East-focused, Nazi and religious". S. Mukhanov said: "It is nonsense to think that Poetic school only belongs to Abay".

After this event, M. Auezov was dismissed from the membership in the Academy of Sciences. Kaim Mukhamedkhanov was considered as the "Enemy of the people" and was sent to prison for twenty five years. The dissertation was vanished. He had been in the prisons of Semipalatinsk and Almaty. K. Mukhamedkhanuly says about his times at prison: "There were four of us who were judged, well-known Yermukhan Bekmukhanov, Yesmaganbet Ismailov and Bekzhan Suleimenov, after us Kazhym Zhumaliyev was also imprisoned. Within eight months of prison I had changed eight different interrogators. I was insisting on my one. They asked me to betray Mukhtar "Say that he pressured you to write the dissertation, give away your scientific works, then your punishment will be facilitated", they used to say. But my answer was it is better to die than being a liar [3, 30p.]", with these words he concluded his speech. Once released from prison in 1959 Kaim defended his first dissertation by changing its title as "Poets around Abay". Thereby he contributes to the study of Abay.

After Abay's studies K. Mukhamedkhanuly's productive work was connected with the history of Kazakh literature. The works devoted to the poesy of Zhyraucan be considered as one of the special works of his researches. He is a scholar, who made a deep analysis on the works of Bukhar Zhyrau.

Among the historical events, period Abylay's and Bukhar's songs regarding unity of people have been considered in complex.

The literature from Bukhar period till Abay proves that there is a link and completely uninterrupted great road.

His another valuable opinion are the given different facts about Asset Naimanbayev. He made a detailed creative biography about his relation with Abay which had started from his 3 years of study at the art school. Making different researches he mentions that Abay blessed Asset Naimanbayev and writes creative biography about Asset. He deeply studied the works of Asset Naimanbayev and made conclusion that there were many words of edification addressed to the people.

The master made an analysis that the works of Arip Tanirbergenov, who appeared in Kazakh Literature in a special way had connection with the poesy of Abay.

Shakarim who was claimed as the "Enemy of the people" and had been ignored for over half a century time, plays a special role in Kazakh History.

The big part of the serial scientific collection "The issues of Shakarim's studies" of the year of 2006 was devoted to the Kaim Mukhamedkhanuly's works about Shakarim.

KaimMukhamedkhanuly say: “It is appropriate to put Shakarim on the first place when we mention famous and honoured Kazakh poets. Since he is one of the eminent followers of Abay”. [4, 27 p.]

In his work KaimMukhamedkhanulywritesabout Shakarim’s life, that the grandson of Kunanbai was left orphan at the age of 7 and a punch of poetry at the age of 15. He also wrote that although Shakarimwas a student of Abay, he visited Mecca not for the sake of the pilgrimage but to visit Stambul and Paris with the purpose to learn languages. He then gives the exact facts about the acquaintance ofShakarim with the works of famous scientists. He says that he is pretty familiar withthe works of Arab scholar Tabari as: “TarihiGumulgen”, Zh.Balasagun’s “Kuttybilik”, Abilgazi’s memorials. He makes analysis on the works of Shakarim “Turkik, Kyrgyz, Kazakh, the khans” published in 1911 in.

The value of the study is that it was divided into subdivisions and contained previously unmentioned information about the Kazakh historyabout language and literature,legends and khans's. The historical stories in Shakarym’s memorial give description to the words for the 1723 year’s “Aktabanshubryndy,alkakolsulama”. Due to people who had been walking for a long time injured their heels and the heels became white (which means aktaban), after which they found a lake and fell on the coast of the lake (which means alakol, sualama). Then an old man among those people said that this event will stay in the history. It was Shakshakuly Zhanibekbatyr and it was approved that the lake was Saumalkol. The scholar paid much attention on the words’ meanings.

Мыназаманқайзаман, бағызаман,
Басымызданбақ-дәулетұшқанзаман.

Myna zamankaizaman, bagyzaman,
Basymyzdanbak-dauletushkanzaman.

Theabovementioned word “bagy” is an Arabic word [5, 320 p.] which meant “long ago”the expression was considered as describing the difficult life that Kazakh people were living at those times. Kaimalso distinguishes that in such works of Shakarim as: “Kalkaman-Mamyr”, “Enlik-Kebek””Nartaylakand Aisulu” there exist historical data along the whole poems.

Such story is told in poem “Enlik-Kebek”. It is said that “Enlik-Kebek” was found in 1934 in the archive of MukhtarAuezov. And Shakarimin his poem “Kalkaman-Mamyr” addressed to this memorial. Kalkamanbatyr was born by tokal (the second wife) of Kazybek Bi.

K.Mukhamedkhanuly also gave information about the publications of Shakarim’s works.

“The Kazakh mirror” in 1912, Semei, “Enlik-Kebek” in 1912, Semei, “The Muslim conditions” in 1911, Orenburgh, “Lyaili-Mazhnun” in 1921, Tashkent, was published on several terms of the magazine “Sholpan” and the novel “AdilMariya” in 1925.

Along with this, he demonstrated the articles and poems publications on such magazines as “Kazakh Tili” (1924), “Tan” (1925), “Sholpan” (1921). Being compositionally talented Shakarim showed the list of more than 20 songs.

In the end of the work there is written the pain and sufferings Shakarim had. His elder son Gafur and Bayazit were prisoned. And Gafur who could not stand this commit suicide. Then Akhat was jailed in Semei. Shakarim wrote a sorrowful song which was not published anywhere and Kaim enclosed this song to Shakarim’s collection.

The writer G.Belger says: “Kaim had introduced the moraland the intellectual image of his nation. The life of theintroducer of Abay - the son of Alash deserves to be executed not only in a book but in a film as well”. This is undoubtedly the right opinion about the intelligence of KaimMukhamedkhanuly.

In 1996 KaimMukhamedkhanuly was awarded for the contribution to Abay studies and in 2016 on the eve of his One-hundredth Anniversary the scholar was given Title of the Laureat of the International Award.

References:

- 1.Auezov M. Auezov and the issues of Abay Studies. – Almaty: Zhazushy, 1980.-p 328.

2. Mukhamedkhanuly K. Tagdyrzhan Karlag. – Almaty, 2008.-p.279
3. Mukhamedkhanuly K. Voluminous collection of poems. – Almaty: Alash, 2005.-p.320.
4. Mukhanov S. About Abay's followers.// Adebietzhane iskusstvo.-1957.-#7/-p. 54-65.
5. Rustemov P. Kazakh-Russian dictionary of Arabic-Iran loan words. – Almaty, 1989.-p.320.
6. The issues of Shakarim Studies. – Semei: Taler-Press. 2006.-p.270.
7. Yerdembekov B. Abay Studies. – Semei: Intellect. 2009.-p.180.

ӘОЖ 37.035.6(574)

ЖАСТАРДЫ ОТАНСҮЙГІШТІК РУХТА ТӘРБИЕЛЕУДЕ ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ПАЙДАЛАНУ

ХУЛИЯ КАСАПОГЛУ ЧЕНГЕЛ, доктор PhD профессор, ГАЗИ университеті,
Түрік Республикасы,

Х.Е.НҰҒМАНОВА, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор,
М.Ж.БОЖАНОВА, магистрант, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік
университеті, Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Қоғамымыздың патриотизм идеясын зерттеу қазіргі кезде ең өзекті мәселелердің бірі болып табылатыны белгілі. Себебі бұл мәселе жастарға білім, тәрбие берудегі мемлекеттік қағида. Бұл жұмыста көп ұлтты мемлекетімізде халықтар арасындағы өзара түсіністік, ынтымақтастықты нығайтуда оқу орнындағы патриоттық тәрбие қызметінің аса маңыздылығы көрсетіледі.

Зерттеу жұмысында қазақ батырларының туған жерінің, ата-баба әулетінің жерленген жерін аса ардақтап, елінің бостандығы үшін жан аямай күрескенін нақтылы мысалдармен көрсеткен. Халқымыз халық батырлары ерліктері туралы мақал-мәтелдер, аңыз-әңгімелер шығарып отырған: «Құлдық ұрлап дұшпанға, еркек болып туды деп мына сені кім айтар?», «Басқа елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол», «Атадан жаксы ұл туса, елінің қамын жейді» т.б.

Отансүйгіштік – халықтың салт-дәстүрлері, тарихы, наным – сенімі, мәдениеті, тілі, ұлттық менталитеті - нағыз ұлттық құндылықтардың ішіндегі алтын діңгегі десек артық айтқандық болмайды.

Патриоттық ұстаным ол жеке тұлғаның отанына, азаматтылығына, мәдениеті мен тіліне, ұлттық дәстүріне эмоциялық күйзелісінің айрықша түрі деп анықтауға толық келеді. Әлемдік тәжірибе мен бұл орайдағы теориялық тұжырымдар аясында патриоттық сезім этнос пен ұлттық мемлекеттің қалыптасу жағдайында қоғамдық сананың маңызды құрамдас бөлігіне айналуы негізінде жалпыұлттық тынысты сипаттайды.

Осы орайда, ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде», «Тарих толқынында» атты еңбектерінде мемлекет, этностарға ортақ бір мақсат аясына топтасудың кезек күттірмейтін міндет екенін атап, бұл міндетті абыроймен күнделікті өмірге дарытуда отбасы, білім беру орындары, еңбек ұжымы сияқты дәстүрлі институттардың маңызды рөл атқаратынын, олардың ықпалы аса тиімді болатынын баса айта отырып, «Біздің тағы бір аса маңызды идеологиялық міндеттеріміз – қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу, әрбір азаматтың өзін-өзі айқын билеуі» деген ойы қоғам мүшелеріне бағдарламалық бағыт болар.

Жұмыста орта оқу орындарында жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеудің әдіс-тәсілдері көрсетілген.

Кілт сөздер: қоғам, патриоттық тәрбие, қазақ батырлары, мемлекет, халық.

Аннотация

Известно что, в наше время общество идеи патриотизма является одним из самых актуальных вопросов. Потому что - это принцип государства в воспитании и образовании молодежи. Поэтому в многонациональном государстве имеет важную роль патриотическое воспитание в университетах для укрепления сотрудничества и взаимопонимания между народами.

В исследовательском работе были указаны примеры с места рождения казахских героев, родовое захоронение родителей династии, самые заветные и упорные борьбы за свободу страны. Были пословицы и поговорки, мифы о подвигах героев народа: "В гостях хорошо, а дома лучше", «Джигита доля – за Родину стоять» и т.д.

Любовь к Родине -это обычаи и традиции народа, история, вера и доверие, культура и язык, и национальный менталитет- это и есть «золотая» опора настоящих национальных ценностей.

Патриотическое воспитание молодежи - это часть государственной молодежной политики страны. Быть патриотом своей страны - всегда большая честь для любого человека, имеющего гордость и собственное достоинство. Но патриотами не рождаются, ими становятся. Причем патриотическое воспитание в уверенно развивающемся государстве не следует оценивать только как творческий процесс. Это еще и борьба за молодежь, будущее страны, борьба против таких негативных явлений, как вынужденная миграция, рост преступности, наркомании, алкоголизма и экстремистских настроений

В этой работе указаны методы патриотического воспитания молодежи средних учебных заведений.

Ключевые слова: общество, патриотическое воспитание, казахские герои, государства, народ.

Annotation

It is known that presently society of idea of patriotism is one of the most topical issues. Because it is the principle of the state in education and formation of youth. Therefore, in a multinational state it has an important role in the patriotic education of the universities to strengthen cooperation and understanding between nations.

In research to work examples from the birthplace of the Kazakh heroes, patrimonial burial of parents of a dynasty, the most treasured and persistent fight for freedom of the country were specified. There were proverbs and pogovorok, myths about feats of heroes of the people:

"There is no place like home", "The Dzhigita a share – to stand up for the Homeland", etc.

In this work methods patriotic education of youth of average educational institutions are specified.

The love to motherland is customs and traditions of people, history, believe, culture, language and national mentality is a gold base of real national values.

Patriotic training of young people is part of the state youth policy. To be a patriot of the country is always a great honor for any man who has pride and dignity. But the Patriots are not born , they become. And patriotic training in steadily developing state should not be evaluated only as a creative process. It is also the country's fight against negative phenomena such as forced migration, increased crime, drug addiction, alcoholism and violence.

Key words: society, patriotic education , Kazakh heroes, states, people.

Тәуелсіздік алған алғашқы жылдардың өзінде-ақ Елімізде білім беру, жастарға ұлттық тәрбие беру ісіне үлкен мән беріліп жатқаны белгілі. Қоғамдағы келелі өзгерістер-білім беру жүйесінде жастарды азаматтылық пен елжандылыққа, өз - Отаны Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке тәрбиелеу, жаңа іскер адамды қалыптастыру, дамытуға бағытталған міндеттердің жүзеге асырылуын талап етіп отыр. Аталмыш міндеттерді орындауда қазақ халқының асыл қазыналарын жастар тәрбиесінде жүйелі пайдаланып отырудың маңызы зор.

Жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу дегеніміз-ол жастардың өзін байтақ елдің азаматы екенін сезінуі, өз Отанына деген шексіз сүйіспеншілігі, халықтың тарихын, мәдениетін, салт – дәстүрін,әдет ғұрыптарын жетік білуі және мемлекеттік рәміздерін құрметтеуі. Отансүйгіштік ұғымы- қоғам дамуының, өркендеуінің негізгі шарты болып табылады. Бұл жөнінде ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан 2030 » жолдауында былай делінген:

« ...Жастардың Қазақстандық патриотизм мен шығармашылық жағынан дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеу аса қажет. Бүгіннен бастап ұлттық мінез-құлық, биік талғампаздық, тәкаппарлық, тектілік, білімділік, биік талғам, ұлттық намыс қасиеттерін сіңіріп қалыптастыруымыз керек». Президент еңбегіндегі тұжырымдамаға сүйене отырып, егеменді Еліміздің Жастарын Отан мүдделерін қорғауға оның тарихи өткеніне және одан қалған мұраларға, салт- дәстүрлерді құрметтеуге, өз еңбегін, күш қайратын, қабілеттерін Отанының дамып, гүлденуіне арнау, тілін, дінін құрметтеу.

Ұлттық патриотизмді қалыптастыруда ата-бабаларымыздың ұлағатты ойлары мен тәлімдік тәрбиесінің атқаратын орны ерекше. Ұлттық патриотизм дегеніміз – ең алдымен, белгілі бір ұлттың өкіліне сүйіспеншілікпен қарау, оның ұрпақтан-ұрпаққа үзілмей жалғасып келе жатқан құндылықтарын бойына сіңіру. 2004 жылдың 7 шілдесіндегі Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңында қазақстандық патриотизм мен азаматтықты қалыптастыру, жастарды адамгершілік және рухани дамыту басты міндеттер ретінде белгіленген. Осындай басымдық мына стратегиялық маңызды құжаттарда да көрініс тапқан. Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарының «болашаққа инвестиция» басты бағытында мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық түрленулерге белсене араласатын бәсекеге қабілетті жастарды тәрбиелеуге бағытталған. Патриоттық сана-сезім мен азаматтық жауапкершілікті жоғарылатуға, белсенді қоғамдық ұстаным мен салауатты өмір салтын қалыптастыруға, кәсіпкерлік және инновациялық басымдықтарды дамытуға және жас таланттарды тауып, оларды қолдауға бағытталған жас ұрпақпен әрекеттесудің тиімді үлгісі құрастырылатын болады. 2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту мемлекеттік бағдарламасының мақсаты «Тәрбие жұмысы мен жастар саясаты» бөлімінде жастардың бойында белсенді азаматтық ұстанымын, әлеуметтік жауапкершілігін, патриотизм сезімін, жоғары адамгершілік және көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыру мәселелері зор маңызға ие. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін мынадай мақсатты индикатор құрастырылған: «Жалпы жастардың ішінен жастар саясатымен патриоттық тәрбиелеу саласындағы шараларды жүзеге асыруға белсенді түрде қатысатын жастардың үлесі» (2010ж. – 25%, 2015ж. - 27%,2020 ж. - 55%).

Біз көздеген мақсаттарға жету үшін алдымен мына мәселелерді шешіп алу қажет: Жастар саясатын жүзеге асыру қазақстандық патриотизмді рухани-адамгершілік мәдениетті тәрбиелеу, ұлттық құндылықтарды қалыптастыру негізінде орындалатын болады. Қазақстан педагогикасындағы сапалы білім өз мәні жағынан студенттердің ішкі дүниесін, оның рухани–адамгершілік келбетін қалыптастыруға бағыттала алуы мүмкін және солай бағытталуы тиіс. Өйткені оның мазмұнында ұлттық құндылықтар жарасымды үйлесім тауып жатады. Мұның өзі қазақ халқының өзіне тән ұлттық ерекшелігін терең танып, көре білуге мүмкіндік береді.

Қазақстанның белгілі ғалым педагогтары Р.А.Жанабаева, С.Иманбаева, Д.Құсайынов, Қ.Ә.Ибрагим, А.Иманбетов т.б. ғалымдар жастарға патриоттық тәрбие берудің көкейкесті мәселелерін зерттеген.

Отансүйгіштік – халықтың салт- дәстүрлері, тарихы, наным – сенімі,мәдениеті,тілі, ұлттық менталитеті- нағыз ұлттық құндылықтардың ішіндегі алтын діңгегі десек артық айтқандық болмайды.

Қазақстан Республикасының білім беру жаңа бағдарламасында қоғамның бүгінгі күнгі талабы алдағы уақытта да әрбір адамды өз Отанын сүюге, кіндік қанын тамған жерін

күрметтеуге, ата – бабалардың ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырған салт- дәстүрлерін мақтаныш етуге бағыттайды.

Тәуелсіз Қазақстан жағдайында жастарды Отансүйгіштікке тәрбиелеуде қазақ халық педагогикасының құндылықтарын қолдануды тиімді деп ойлаймыз. Себебі, Егемендік алғаннан кейінде де біз батыс елдеріндегі тәрбие үлгілерінен жағдайда бой алып жүр. Өр елдің өзінің жастарды тәрбиелеуде ұлттық, қоғамдық ерекшеліктері бар.

Қазақстанның көрнекті ғалым философы Ә.Нысанбаев былай дейді : «Қазақ жырларындағы отаншылдық пен ерлік, ізгілік пен әдептілік, сабырлылық пен төзімділік- біздің бәріміздің ата-бабаларымызды қандай қиын сыннан да алып шыққан түркілік қанымызда бар асыл қасиеттер. Осы болмысымыз бен дүниетанымымызды келер ұрпақтарымыз да мәңгілікке жалғастырып, адамзат өркениетінің тарихында лайықты орнымызды иеленуіміз қажет.

Қазақ халқы ғасырлар бойы атадан балаға мұра етіп келе жатқан елі мен жерін көзінің қарашығындай сақтай отырып, ұрпақтан ұрпаққа аманат етіп қалдырып отырған.

Халқымыз тәуелсіздіктің арқасында өзінің небір асыл қазыналарын қайта жаңғыртып, жас ұрпақты өз Отанын сүюді, оған адал қызмет етуді- борышымыз деп санап, олардың тәрбиесінде ұлттық құндылықтарды жүйелі пайдаланға үлкен бетбұрыс жасап отыр. Қаз дауысты Қазбек би қалмақ ханына елшілікке барғанда, өз халқын, елін былайша таныстырған екен: «Біз қазақ деген мал баққан елміз, атадан ұл туса құл боламын деп тумады, анадан қыз туса күң боламын деп тумады», - деп елінің болашақта көктеп көгеруін, болашақ ұрпағының еркін, өркениетті елде өмір сүретінің көрегендікпен болжай білген.

Қазақстан жастары өз елінің бай тарихын, кең байтақ жерімізді қорғап, халық үшін толарсақтан су кешіп, бостандықпен тәуелсіздік жолында жауға бір сүйем де жерін бермей күрескен батырларымыз Қабанбайды, Бөгенбайды, Наурызбайды, Исатайды, Жанқожаны, Бұхарбайды, Қасым хан мен Абылай ханды қадірлеп, қастерлеп, олардың өз халқына туған жеріне сүйіспеншілігін үлгі-өнеге етіп көрсетуден жалықпауымыз керек.

Жоғары оқу орнындағы педагогика курсының бағдарламасындағы «Патриоттық тәрбиенің мазмұны әдістерін өткенде» туған халқы байтақ жерінің бостандығы үшін қасық қаны қалғанша күрескен батырларымыздың ерлігінен мысалдар келтіріп, аңыз-әңгімелер мен мақал-мәтелдер пайдаланып отыру қажет деп ойлаймыз: « Басқа елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол», «Ер жігітке жарасар қолына алған найзасы», «Отан үшін отқа түс күймейсің».

«Қорқыт Ата» кітабындағы жырлардың негізгі идеясы –Ел қорғауда батырлық көрсету. Мысалы, «Қазан солардың тұтқынға түсуі және оның баласы Ораздың азат етуі» атты жырды Қазан ержүрек адам ретінде жауға берілмей қасқайып тұратын батыр болып суреттеледі. Өкінішке орай, жастар Қорқыт баба туралы аз біледі. Бұл ойды біз педагогикалық тәжірибе жинақтау кезінде мектеп оқушыларымен әңгіме барысында білдік.

Қазақ халқында үлкендерден бата алу, бата беру тәрбие құралдары болып есептелетіні белгілі. Бата көп жағдайда өлең түрінде, елге аманшылық, бірлік, жастарға бақыт, ұзақ өмір, тілек ретінде айтылады.

Қорқыт бабаның батасын келтірейік:

Қарлы заңғар тауларың күйремесін,
Басыңа көлеңке болған бәйтеректеріңе балша тимесін,
Мәңгі гүрілдеп аққан сұлу өзендерін шөлге айналмасын,
Астыңа мінген ақ боз атың шабысынан таймасын.
Құдайдың өзі берген бағың өшпесін, үмітің өлмесің!

Қорқыт Ата жастарды елін қорғауға, шыншыл болуға, бір сөзді ер болуға, қонақжайлылыққа шақырғанын мына сөздерден байқауға болады:

«...Қолыңа өткір қылыш алып, соны жұмсай білмеген қорқаққа қылыш сермеп, күшінді сарп етпе. Батыр туған жігіттің садағының оғы да қылыштай кесіп түседі. Қонағы

жоқ қараша үйден, құлазыған түз артық. Атаның атын, елін былғаған ақылсыз баланың әке омыртқасынан жаралып, ана құрсағынан тумағаны жақсы, өтірік сөз өрге баспайды. Өтірікші болғаннан жарық дүниеге келмегенің көп артық». Бұл қазыналы сөздердің әр қайсысы жастармен өткізетін этикалық әңгімелер тақырыптары бола алады.

Қорқыт Ата жырларындағы патриоттық пен ерлік, ізгілік, әдептілік, сабырлылық, төзімділік ата-бабаларымызды Ел басына төнген небір қиын сындардан алып шыққан түркілік қанымызда бар қасиеттер деуге болады. Осы қасиеттер мен дүниетанымымызды қазіргі жас ұрпақтарымыз жалғастырып, Қорқыт атаның асыл ойларын ұқыптылықпен жинап, зерделеп, жастарға үлгі өнеге етіп ұсынуымыз керек дейміз.

Еліміздің тәуелсіздік алуына байланысты ұлттық құндылықтар мен ұлы дала даналарының бізге мұра еткен ой-пікірлерін біліп қана қоймай, оларды жастар тәрбиесінде тиімді пайдаланып отыру қажеттілігі туындап отыр.

Егемендіктің көк байрағын желбіретіп отырған Елімізде Қорқыт бабамыздың тәуелсіздікке, ауызбіршілікке шақырған ұрандары жастардың бойында отансүйгіштік сезімдерін ұялатады десек артық айтқандық болмас.

Көрнекті философ Ә.Нысанбаевтың пікірінше, жастарды отандық халықтық мәдениет дәуірінде тәрбиелей отырып, оларға тек адамды сыйлау ғана емес туған жер топырағын, табиғатын, әрбір бөлшектерін, мәселен бір тамшы суын, тасын, ағашын, ауасына дейін аялауды үйретуіміз қажет. Бұл ойды құптай отырып, туған табиғат отансүйгіштік сезімді оятатын нағыз құрал деп есептейміз.

Қазақтың «сөз мәйегі-мақал» дегендей оны жастардың экологиялық, патриоттық сезімдеріне әсер ететін күшті құралдар ретінде мынадай мақал-мәтелдерді келтіруді жөн көрдік: «Су ішетін арығы жоқ елдің, сүзіп алатын балығы жоқ», «Жер қазына, су-алтын», «Су ішкен құдығыңа түкірме», «Су - тазалық кепілі, тазалық - денсаулық кепілі», т.б. Бұл мақалдарды «Экологиялық» тәрбие тақырыбын өткенде ғана емес, «Патриоттық тәрбие» тақырыбын өткенде де пайдалану білім алушылардың қызығушылығын тудырып, туған өлкеге деген сүйіспеншілік сезімін оятатыны сөзсіз.

Бүгінде қоғамның әлеуметтік-рухани сұранысын қанағаттандыру, білім алушылардың қазақ халқының сан ғасырлар бойы мысқалдап жиналған тәлім-тәрбие тағылымдарын ой елегінен өткізіп, тұтас педагогикалық процеске жүйелі ендіру қажет деп санаймыз. Табиғаттың өмірдегі мәнін түсініп, тіпті туған жердің шөбінің өзі адамға емдік маңызы зор екенін бұдан 500 жылдай бұрын шипагер ғұлама Өтебойдақ Тілеуқабылұлы: «Ауруды адамның туған жерінің шөбімен емдеу керек» деген екен.

Халқымыздың біртуар ақын – жыраулары Асанқайғы, Шалкиіз жырау, Ақтамберді жырау, Бұқар жырау, Махамбет Өтемісұлы, Дулат Бабатайұлы шығармаларының жастардың Отансүйгіштік санасын дамытуда алатын орны ерекше дейміз.

«XV ғасырдағы қазақ ақын жырауларының көрнекті көшбасшылары – Асанқайғы мен Қазтуған. Туған жерге, қолпаштап өсірген елге деген ыстық ықылас, ел қамы, ар, намыс үшін күрес, әділдікті, туралықты құдірет тұту олардың шығармаларынан өзекті орын алған».

Ел қамын көп ойлап, көп толғанған Асанқайғы өзінің толғау- жырларында не жақсы, не жаман, не ғаріп деген мәселелер төңірегінде ой толғап, заманы жайында философиялық пікірлерін айтқан:

«Мүритін тауып алмаса,

Азғын болса пір ғаріп.

Ата жұрты бұқара

Өз қолында болмаса,

Қанша жақсы болса да,

Қайратты туған ер ғаріп» - деп, ел басқарып отырған көсемнің әділ болуын, қол бастаған батылдық соңына сарбаздары мен халқының еруін қалайды.

Асанқайғы жастарды Отанын, туған жерін, елін сүйуге, қадірін білуге, қиыншылық туған кезде қорғай білуге үндейді.

Қазақтың жыраулық поэзиясының алыбы Шалкиіз жырларының бірінде ер жігіттің ерлікпен аты шығатынын, нағыз батыр туған ердің қиындық біткенге шыдап, бағып, халық қамын жеуге, ел үшін белін буып, күреске шығу керектігін айтады. Жырау өзінің осы ой- пікірін тереңдей түсіп:

Ғаділ төре ел бастар,

Шешен адам сөз бастар,

Аға жігіт қол бастар,- деп жігіт «сегіз қырлы, бір сырлы» халыққа қамқоршы болса екен дейді.

Елім деген еңіреген жыраулардың бірі - Ақтамберді жастарға былайша өсиет қалдырыпты:

Балаларыңа өсиет:

Қылмаңыздар кепиет,

Бірлігіңнен айрылма,

Бірлікте бар қасиет.

Татулық болар береке,

Қылмасын жұрт келеке

Елін, жерін, ауыл аймағын, бала-шағасын, жаудан қорғау әрбір саналы азаматтың парызы деп есептеген:

Асқар бір тауды жайласам,

Желілеп бие байласам,

Күнде жиын, күнде той

Қыз- бозбала ойнатсам.

Тентегін түзеп байқа деп,

Ішінен биді сайлатсам,-деп елдің бірлікте, бостандықта болуын, жастардың жарасымды өмір сүруін армандаған.

Сөз соңында қазіргі тәрбиенің басты ұстанымдарының бірі - ол халықтық салт-дәстүрлерін, ұлттық өнерді дәріптейтін, ана тілі мен дінін қадір тұтатын, өз Отанын шексіз сүйетін, жан –жақты жетілген, саналы, намысқор азамат тәрбиелеу.

Әдебиеттер:

1.Джанабаева Р.А. Қазақ ақын жыраулары мұраларының патриоттық тәрбиедегі тәлімі. // Білім берудегі менеджмент.-2006. -№3.-32б.

2.Жарықбаев К.Б. Қазақ тәлім тәрбиесі: Оқу құралы / Қ. Жарықбаев, С. Қалиев.- Алматы: Санат, 1995.-352 б.- 7000 дана.- ISBN 5-7090-0100-7

3.Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Хабаршысы.- 2013. -№1(40). -44 б.

4.Назарбаев Н.Ә. Қазақстан - 2030: Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы: Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы [Мәтін] = Казахстан - 2030: Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев: Послание Президента страны народу Казахстана / Н. Назарбаев.- Алматы: Білім, 1997.- 256 б. : 60х84 - ISBN 5-7404-0249-2

5.Нысанбаев. Ә. Қорқыт - түркі әлемінің ғұлама ойшылы және гуманист. // Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Хабаршысы . -1999. -№3.

ӘЛ-ФАРАБИ МЕН АБАЙДЫҢ ТӘРБИЕЛІК ОЙ-ПІКІРЛЕРІНІҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Х.Е.НҰҒМАНОВА, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор,

Ж.С.ЕРДЕНБАЕВА, магистрант

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Андатпа

Біз зерттеулерімізде Әл - Фараби мен Абай Құнанбаев еңбектеріндегі тәлім-тәрбиелік ойлардың сабақтастығын талдай келе екі ғұламаның оқытудағы аса қажетті біліктердің, тәрбие түрлерінің жүйелілігінің үндестігін анықтадық. Бұл үндестікті көлемді кесте салып, ғұламалардың негізгі ойларын, пікірлері мен мысалдарын көрсеттік. Осы кесте арқылы Әл-Фараби мен Абайдың ой-пікірлері бір жерден шығатынын көре аламыз. Сондықтан, ғұламалардың тәлім - тәрбиелік ой-пікірлері бүгінгі күні болашақ педагогтардың кәсіби дайындығында табысты пайдаланудың жолдарын көрсеттік.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен типтік оқу бағдарламасын және кейінгі кездегі педагогика оқулықтарының мазмұнын басшылыққа ала отырып, Әл-Фараби мен Абай Құнанбаев еңбектеріндегі педагогикалық ой - пікірлерінің сабақтастығын анықтап, оларды болашақ мамандарды кәсіби жағынан даярлаудың нақтылы жолдарын көрсетуге тырыстық.

Арнаулы орта білім беру мекемелерінде ғұламаларымыздың тек өмірі мен еңбектерімен таңысып қоймай, ұлыларымыздан қалған сол ұлы мұраларымыздың әр қайсысының мағынасын ашып талдай білуі қажет. Мақалада екі ғұламаның мына ойларын келтірдік: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың қас жауы» (Әл-Фараби); «Адамның адамшылдық жағын көре білу және дамыту ақылды, білімді адамды жоғары бағалау бүкіл адамзатты, адамды сүю, құрметтеу» (Абай). Жұмыста екі ғұламаның ой-пікірлерінің үндестігі осы секілді көптеген мысалдармен келтіріледі. Сол келтірілген мысалдарға сүйене отырып, болашақ мамандардың тәрбиесінде ұтымды пайдалану арқылы, ұрпағымызды нығайтамыз. Мақалада ғұламаларымыздың ой-пікірлерінің сабақтастығын көрсетілді.

Кілт сөздер: тәрбие, білім, педагогика, білікті.

Аннотация

И аль-Фараби и Абай присущи культ знания и вера в её силу для развития общества и каждого человека. И аль-Фараби и Абай сходятся на идее «Востребованного совершенствования личности». В работе приводятся мысли обоих мыслителей о том, что «Главный воспитатель-труд, и оно разумное воспитание».

В ходе проведенного исследования можно утверждать, что изучение и использование педагогических исследований Великих сыновей казахского народа имеет важное значение в период независимого Казахстана. Поэтому в работе указаны преемственность к их идей и внедрения их в учебно-воспитательный процесс в высшей учебной заведении, готовивших будущих педагогов.

В работе дана научно-педагогическая характеристика педагогических взглядов великих мыслителей в их взаимосвязи и единстве. Выявлению педагогических идей в их взаимосвязи единстве посвящена таблица, указывающая конкретные пути для использования в профессиональной подготовке специалистов. Смотря на эту таблицу можете увидеть что идеи и воспитательные примеры аль - Фараби и Абая говорит о одном и том же. Поэтому, мы показали что можем использовать воспитательные идеи Великих мыслителей в профессиональной подготовке будущих специалистов.

Во многих высших и средних учебных заведениях изучают только биографию и труды великих мыслителей, но это мало для развития учащихся. Они должны понимать и внедряться в смысл каждого слова их трудов. И поэтому в статье мы хотели показать совместно воспитательные примеры из трудов аль-Фараби и Абая.

Ключевые слова: воспитание, знание, педагогика, образованный.

Annotation

Al-Farabi and Abay inherent cult of knowledge and belief in its power for the development of society and every individual. Al-Farabi and Abay converge on the idea of "Perfection demanded identity". We are both thinkers thought that the "Main caregiver-labor, reasonable upbringing."

In the course of the study it can be argued that the study and use of teaching the great sons of Kazakh people is important in the period of independent Kazakhstan. Therefore, in the given continuity to their ideas and their introduction into the educational process in higher educational institutions train future teachers.

In the work the scientific and educational characteristics of pedagogical views of the great thinkers in their relationship and unity. Identification of pedagogical ideas of unity in their relationship is dedicated to a table indicating the concrete ways for use in the training of specialists. Looking at the table you can see that the educational ideas and examples of Al - Farabi and Abay says the same. Therefore, we have shown that we can use the ideas of the great thinkers of the educational professional training of future specialists.

In many higher educational institutions and schools study only biography and the writings of great thinkers, but it is not enough for the development of students. They need to understand and implement the meaning of each word of their labors. And so in the article, we wanted to show the educational examples from the writings of Al-Farabi and Abay.

Key words: Upbringing, knowledge, pedagogies, educated.

Қазақ халқының көрнекті тұлғалары Әл-Фараби, Абай Құнанбаев Ш.Құдайбердіұлы, М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов шығармаларының тәлім-тәрбиелік ой-пікірлері аз зерттелмегені белгілі, дегенмен Тәуелсіздіктің ақ таңы атқаннан бері халқымыздың тәрбие, білім туралы тәжірибесіне қажеттілік туып отыр. Бүгінгі Қазақстанда, халықтың тәлім-тәрбиелік ойларды зерделеп, оларды жас ұрпақ тәрбиесінде жүйелі пайдалануға көңіл бөлініп отыр.

Халық педагогикасының бай тағылымдарын зерттеп, жинақтауда көп еңбек сіңірген ғалымдарды атамасқа болмайды. Олар: Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, Ә.Табылдиев, С.Ұзақбаева, А.Көбесов, К.Қожахметова, С.Тәжбаева, т.б. Біз аты аталған ғалым-педагогтардың еңбектеріне сүйене отырып Қазақ халқының ғұламалары Әл-Фараби, Абай Құнанбаев еңбектеріндегі этнопедагогикалық ой-пікірлердің сабақтастығы жөнінде зерттеген жұмысымызды көрсетуге тырыстық.

Әл-Фараби мұрасын алғаш зерттеген ғалымдар, олар: Ақжан Машанов, Ауданбек Көбесов. Әл-Фараби бұл ғалымдардың пікірінше, тек ғалымдығымен ұлы емес, ол көп қырлы ғұлама, өнерпаз ақын да. Біз қосар едік ұлы ұстаз. Ал Абай қазақтың ұлы ақыны, ойшылы. Бұл екі ғұламаның шығармашылықтарында көп ұқсастық бар екенін байқадық. Халықтың айтуы бойынша ұлы адамдар дүниеге мың жылда бір-ақ келеді екен. Бұл жөнінде ғалым Ш.Әбдіраманов былай деп жазыпты: «Заманымыздың ойшылы М.Әуезов Абай нәр алған рухани үш қайнар көзі бар дегенді. Олар біріншісі-қазақ халқының көнеден келе жатқан мәдениеті мен өнері, екіншісі –орыс мәдениеті, үшіншісі-шығыс мәдениеті мен өнері. Осының біріншісі, әсіресе үшіншісінің Абайға да, Әл-Фарабиге де ортақ екендігі талас тудыра қоймас».

А.Машанидің Абай мен Әл-Фарабиді білді, оның мұрасынан, тағлиматтық ғибрат алды. Енді, соны ашу қажет деген қорытындыға келген ғалымның «Әл-Фараби және Абай» зерттеуінің бағыты анықталған кезең еді: Маған енді, қалам ал да екі ұлы дананың

рухани жазуға отырғызған, ендігі бір жәйтті және оның алғашқы ой толқынын қағазға түскен күннен анықтамас алдында «Әл-Фарабиді Абай білді» деген үшінші деректі айта кету ләзім. Ол: Шәкәрім қажының, үлкен ұлы Ахаттың мына хаты: «Ақжан! әл-Фарабиді еңбек етіп, ол дінші деп таласқандардан, оның ғылымдығы күшті деп, ақтап шығып, түріктің, оның ішінде Қазақтың әл-Фарабиін тірілттің. Сол әл-Фарабиді оқыған, тағылым алған Абай мен Шәкәрім туралы үн қатпай келесің, бұл қалай? Ахат».

1976 жылы 8 маусымда дәптер бетінен жыртып алынған қағазға араб әрпімен жазылған сол тілдей хатты Әз аға маған қойын кітапшасының арасынан алып көрсеткенді. Бұл әлемнің екінші ұстазын Абайдың білгендігіне дәйекті дерек болды (Жақша ішінде айта кетейік: бұл «әл-мұғалім, әл-сани» араб елінде әл Фарабиді Мұхамед с.с. кейінгі ұстаз ұғымда беретін атақ. Әсте, бұл ұстаздықты бірінші басқышына Аристотельді қою емес. Тіптен, Аристотельді ұстазға балайтын ұстанымның өзі болғанда емес!). Енді, өз пайымдауындағы Ақжан Машани хазіреттің «Әл Фараби және Абай» монографиясын жазуды қашан бастап еді деген дерекке келейін. 1973 жылы Ақан хазірет ұстаздық ететін, әрі өзімнің білім алған Қарашаңырақ – Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-ке ауысқан күннен бастап, Ақжан сынды рухани ұстазымен жетісіне кем дегенде бір рет кездеспеген кезіміз болған жоқ. Кейде кезектен тыс «келіп кетші» деп шақырып алатыны да бар-тын. Мынамен таныс, машинкаға бастыр, деп қолжазбасын беретін, кейде «карамат... карамат... ғажап... ғажап...» деп тамсана отырып, бабасының ғылыми болмысын ашатын жаңалығын, ол туралы өзінің пікірін айтып шығатын. Бұл Әз ағаның ұлы бабасын танудағы, жаңалығын сүйіншілеу болып жататын. Бірде келіп кетші деген хабарды естіген бетте «Маркшейдерлік іс» кафедрасының меңгерушісі профессор А.Машани отыратын кабинетке келдім. Отырар отырмастан, Әз аға мынаны оқып шықшы деп, парақтарының беті толық жазылған жұқа дәптерді ұстата берді. Әріптері иректелмей өзінің дербестігін сақтап, анық жазылатын, Әз ағаның жазуына әбден үйреніп алғанмын. «Әл Фараби мен Абай» деп тақырып тағылған дәптер бетін оқып шығу маған онша көп уақытты қажет етпеді. Қысқасы, Қолжазба мәгіні: «Қорыта келгенде айтарымыз біздің халқымыздың шыққан, бүкіл адамзатқа ортақ ұстаз болған, екі тамаша дананы өзіміздің үңіле қарайтын, олардың ұлағатты мұраларын халыққа көрсететін мезгіл жетті. Қазіргі жағдайда біз, солардың әрбір өсиетіне, фазилаттық лебізіне құмар болып, сусап отырмыз. Нан молшылығымен қатар жан өрісі де кеңейетін болсын. Дүниеде сыңаржақтық жаман. Өмірдің хақиқаты осында», деп аяқталып, оның түйінделетіні соңында, әдетінше 31.X - 1987ж. – деп көрсетіп және оған Машани деп қол қойыпты. Сол жолы-ақ ағаның «Әл Фараби мен Абай» мақаласы қазақтың абайтану тарихында ренессанстық маңыз алатын зерттеудің аңдатпасы екендігіне күмәнім қалмады. 1987 жылдың қазан айының 3 мен үшін «Әл Фараби мен Абай» монографиясында айтылар ой-толғаныстың әбден пісіп, қағазға түсе бастаған күні деп санауыма болатын еді. Себебі, болашақ еңбектің мазмұнын бірінші естіген де мен болатынмын. Архивімде Ақанның қолы бар сарғыш ренді қағазға машинкамен басылған осы мақаланың бір данасын тұмардай сақтау себебім де осыдан...

Бұл еңбекте ғалым А.Машанов ұлы бабалар арасындағы рухани сабақтастықты зерделей отырып, Абай, Әл-Фараби шығармаларында білім-тәрбие мәселелері жөнінде ұқсастық бар екендігін айтады. «Екі дананың қағидаларын тарқата отырып, ұрпаққа қажет ұғымдарды жаңғырта, жаңадан мағынасын ашып, өніп-өсуге меңзейтін дүние».

Әл-Фарабидің «қайрат», «ақыл» және «жүрек» жайындағы философиялық ой-пікірлерін Абай өзінің «Әсемпаз болма әрнеге» атты өлеңінде де әрі ойшыл-кемеңгер, әрі аса дарынды сөз зергері ретінде оқырманға зор шеберлікпен жеткізген. Ислам дәуірі әдебиеті мен қазақ ақын-жыраулары поэзиясы арасындағы көркемдік дәстүр жалғастығын сөз еткенде, мықтап ескеретін бір жәйт бар. Кез келген халық әдебиетіндегі дәстүр жалғастығы сол қоғамдағы тарихи жалғастықтың құрамдас бөлігі болып табылады. Ал тарихи жалғастық дегеніміздің өзі, ең алдымен, ақыл-парасат жалғастығы екені белгілі. Мәселен, Әл- Фарабидің философиялық, әлеуметтік-этикалық ой-тұжырымдары өзінен

кейінгі дәуірлердегі ойшыл қаламгерлердің шығармаларынан өзінің дәстүрлі жалғастығын тапты.

Мәселен, Әл-Фараби өзінің «Интеллект (сөзінің) мағынасы жайында» деп аталатын зерттеуінде адамның ақыл-парасат мүмкіндігіне жан-жақты талдау жасай келіп, оны «потенциалды интеллект», «актуальды интеллект», «жүре келе дарыған интеллект», «әрекетшіл интеллект» сияқты философиялық категорияларға бөліп-бөліп талдайды. Әл-Фараби «жүре келе дарыған интеллект» туралы айта келіп, адам туғаннан ақылды, білімді болып тумайтынын, интеллекттің өзі жүре келе, естіп, көріп барып қана дамидынын ескертеді. Сондай-ақ Әл-Фарабидің «Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері» атты еңбегінде адам бойындағы жақсы және жаман қасиеттердің бәрі жаратылысынан емес, жүре келе, өзін қоршаған қоғам өміріне сәйкес өзгеріп отыратынын айта келіп, төмендегідей тұжырым жасайды: «Адамның әуелден тоқымашы немесе хатшы болып тумайтыны сияқты, қайырымдылық пен жаман қылық та адамға әуел бастан жаратылысынан дарымайды. Бірақ қайырымдылықпен немесе жаман қылықпен (байланысты) күйге жаратылысынан бейім болуы мүмкін, оған қандай да болсын басқа әрекеттерден гөрі әлгі (күйден) туатын әрекеттерді істеу оңайырақ болады... Өнер біткеннің бәріне жаратылысынан бейім адамның болуы шындыққа сыймайтыны сияқты, қайырымдылықтың, этикалық және интеллектуалдық бәріне жаратылысынан толық бейім адамның болуы шындыққа сыймайды, ол мүмкін емес». Әл-Фарабидің интеллект жөніндегі осы философиялық ой-тұжырымын араға тоғыз ғасырдай уақыт салып барып, қазақ қауымының жаңа тарихи жағдайында Абай Құнанбаев зор білгірлікпен жалғастыра түскен сияқты.

Абай өзінің «Он тоғызыншы сөзінде»: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды танидыдағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің сөздерін естіп жүрген кісі өзі де есті болады. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады», – деп жазады. Сондай-ақ Әл-Фарабидің ғылым-білімді меңгерудегі интеллект рөлі жайындағы философиялық тұжырымын Абай өзінің «Он тоғызыншы сөзінде» мейлінше айқындай түскен. Абай өз ойын: «ғылым-білімді әуел бастан бала өзі ізденіп таппайды. Басында зорлықпен яки алдаумен үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздегендей болғанша. Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады», – деп тұжырымдайды. Әл-Фараби өзінің жоғарыда аталған еңбегінде «жан қуаты» жөнінде қолданған ұғымдар мен термин сөздер сол қалпында Абай қара сөздерінде (7, 17, 27, 38, 43-сөздер) қайталануы кездейсоқ құбылыс емес. Әл-Фараби: «Ақыл-парасат күші – адамның ойлауына, пайымдауына, ғылым мен өнерді ұғынуына және жақсы қылық пен жаман қылықты айыруына көмектесетін күш» деп көрсетеді. Әл-Фараби өзінің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты философиялық трактатында «Қайрат», «Ақыл» және «Жүрек» сияқты ұғымдарға түсінік бере келіп: «Жүрек – басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұл да басты мүше, бірақ мұның үстемдігі бірінші емес», – дейді. Әл-Фарабидің «Қайрат», «Ақыл» және «Жүрек» жөніндегі осы философиялық тұжырымы Абайдың «Он жетінші сөзінде» өзінің логикалық жалғасын тапқан сияқты. Абайдың осы сөзінде «Қайрат», «Ақыл» және «Жүрек» үшеуі әрқайсысы өзін мықты санап, айтысып, таласып, ақыры «ғылымға» келіп жүгінеді. Сонда «ғылым» бұл үшеуінің де айтқандарын рас, үшеуің де қажетсің: «Ей, Қайрат, сенсіз ешнәрсенің болмайтұғыны да рас, бірақ қаруыңа қарай қаталдығың да мол, пайдаң да мол, бірақ залалың да мол, кейде жақсылықты берік ұстап, кейде жамандықты берік ұстап кетесің, соның жаман», – депті. Бұдан кейін «ғылым» өз шешімін «Ақылға» айтыпты: «Жаратқан тәңіріні де сен танытасың. Жаралған екі дүниенің жайын да сен білесің. Бірақ сонымен тұрмайсың, амал да, айла да – бәрі сенен шығады. Жақсының, жаманның-екеуінің де сүйенгені, сенгені – сен; екеуінің дегенін тауып беріп жүресің, соның жаман», – депті. Бұдан кейін Абай осы үш категория жайында түйін жасап,

Әл-Фарабидің жоғарыда айтылған пікірін өз оқырманының ұғымына лайықтап жеткізеді. Абай «Осы үшеуің басыңды қос, бәрін де «Жүрекке» билет, – деп ұқтырып айтушының аты «ғылым» екен. – Осы үшеуің бір кісіде менің айтқанымдай табысқандар, табанының топырағы көзге сұртерлік қасиетті адам сол. Үшеуің ала болсаң, мен «Жүректі» жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, құдай тағала қалпыңа әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы», – депті деген қорытындыға келеді. Әл-Фарабидің «қайрат», «ақыл» және «жүрек» жайындағы философиялық ой-пікірлерін Абай өзінің «Әсемпаз болма әрнеге» атты өлеңінде де әрі ойшыл-кемеңгер, әрі аса дарынды сөз зергері ретінде оқырманға зор шеберлікпен жеткізген. Абай ақыл мен қайраттың иесі болған адамды «жарты адам» дейді. Өйткені ондай адам тек «суық ақыл» мен «жүгенсіз қайраттың» ғана өкілі болып табылады. Ал бойына осы екі қасиетпен қоса-қабат әділет-шапқат (жүрек) біткен адам ғана «толық адам», яғни ол енді «нұрлы ақылдың» өкілі деп танылады. Сөйтіп, Абайдың «нұрлы ақыл» жайындағы тұжырымының қайнар-бастаулары Әл-Фарабидің интеллект туралы ілімінде жатқанын аңғару қиын емес. Әл-Фарабидің әлеуметтік-этикалық көзқарастарын білдіретін зерттеулері де баршылық. Олар: «Бақыт жолын сілтеу», «Азаматтық саясат», «Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері», «Бақытқа жету жолында» деп аталатын ғылыми еңбектері. Әл-Фараби өз зерттеулерінде этика, мораль мәселелеріне ерекше назар аударып отырған. Этиканың зерттеу объектісі – мораль, мінез-құлық, әдептілік нормалары екенін жан-жақты дәлелдеген. Әл-Фарабидің айтуы бойынша, этиканың ең жоғары категориясы бақыт болып табылады. Сондай-ақ ол адам бойындағы ақыл-парасатты этикалық-адамгершілік қасиеттерден бөліп қарауға болмайды дегендей пікір айтады. Ақыл мен адамгершілік, қайырымдылық өзара табиғи түрде байланысып жатқан құбылыстар екенін түсіндіреді. Әл-Фарабидің айтуы бойынша, адам өзінің мінез-құлқын жетілдіре түсу үшін, ең алдымен, ол өзіне-өзі мейлінше адал болуы тиіс. Сонда ғана адам өз бойындағы ізгілікті қасиеттерді барынша жетілдіре түсуге мүмкіндік алады. Әл-Фараби «қандай шебер әдістің жәрдемімен жақсы мінез-құлыққа жететінімізді қарастыруымыз керек» дей келіп, әзіл мен күлкі сияқты құбылыстарға моральдық-этикалық тұрғыдан баға береді. Қоғамдағы әрбір құбылыс шектен шығып кеткен жағдайда адамға теріс әсер ететіні сияқты адамның мінез-құлқындағы шамадан асып кеткен көріністер де ізгі қасиеттерге кері ықпалын тигізеді. Осы пікірін түйіндей келіп, Фараби: «әзілқойлық-әзілді шектен тыс қолданудан болады. Ал әзілдеу оңай болғандықтан, біз соған бейім бола бастаймыз. Енді бізге қалғаны бір шеткеріліктен екінші шеткерілікке немесе орташа мөлшерге ауысуды жеңілдету үшін қандай амалдар бар екенін білу» деп жазады. Әл-Фарабидің осы моральдық-этикалық тұжырымын Абай өзінің «Төртінші сөзінде» жалғастыра түседі: «Күлкіге салынған кісі не шаруадан, не ақылдан, не бір ұят келерлік істен құр, ғафил көп өткізіп отырса керек»... Әл-Фараби мен Абай арасындағы даналық ой-пікір сабақтастығы жайындағы нақты деректер осылайша өз жалғасын табады.

Біз өз шағын мақаламызда ұлы бабаларымыздың білім, тәрбие жөніндегі ойларын кесте арқылы нақтылап беруді де жөн көрдік

Кесте 1- Екі ғұламаның педагогикалық ой-пікірлерінің сабақтастығы.

Әл-Фарабидің педагогикалық идеялары	Абай Құнанбаевтың педагогикалық идеялары
Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне опат әкеледі;	Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім;
Ақылды адам ғана жаңа білімдерді меңгереді. Ол өзінен бұрынғы ұрпақтардың тәжірибесін қабылдай алады және қолдана алады;	Ақыл парасаты биік, ойы кең құдіретті азамат ізгі ниетін тереннен толғап, таразылап барып, асқан қайратымен жүзеге асырады;
Тәрбиелеу дегеніміз халықтардың бойына	Білікті кісі сөзге алданбайды, өнердің бағасын

білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерлерді дарыту деген сөз;	бойлай ұғады да, азамат ең алдымен білім теріп, көкірек көзін кең ашады;
Ғылым-білімді үйренемін деген адамның ақыл-ойы айқын, ерік-жігері, тілек-мақсаты ақиқат пен шындық жолында болуы қажет;	Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез. Тіршіліктің тұтқасы ақыл-білімде. Адам болам десеңіз талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым ойлап қой;
Адам сезіміне ерекше әсер ететін, оның жан күйін баурап алатын нақыл сөздермен адам дұрыс бағытта, ізгілікті мінез-құлыққа тәрбиелеуге болады;	Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуге балаға. Адам баласы бір-бірінен ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады;
Мінезділік- бақытты болудың басты шарттарының бірі. Кейбір адамдар қолдағы бақытынан оп-онай айырылады, тіпті бақытсыздыққа ұшырап та қалады. Оны мұндай күйге түсіретін оның нашар мінезі;	Асқақтап кеудем соқтыққа салынып, кердендегендер қайсы еңбектің саласында да кері кетеді, қажырайды. Тек ғылыммен олқысын толтырып, біліміне білім қосқандар ғана озады;
Адамды өз мінезіндегі теріс қылықтарды жеңуге үйрету және оның әдеттерді қалыптастыруға қабілетті ету, ол үшін адамға жас кезінен мектепте этикалық тәрбие беру арқылы жетуге болады;	Ел болу үшін қала салып, отырықшылықты болу керек, мектеп салып, оқу оқып, білім алу қажет, тіршіліктің тұтасы еңбек пен білімде ғана тұр;
Тәрбиелеу кезінде халықтар мен қала тұрғындарына білімге негізделген қасиеттерден тұратын іс-әрекеттер дағдысы үйретіледі. Тәрбие арқылы адам игілікті істерге толтырылады;	Пайда ойлама, ар ойла Талап қыл артық білуге. Артық білім кітапта Ерінбе оқып көруге;
Нақыл сөздерді қолдану арқылы адамдарды өз еркімен игілікті істер жасауға жігерлендіруге болады;	Түбінде баянды еңбек егін салған, Жасынан оқу оқып, білім алған; Би болған, болыс болған мақсат емес Өнердің бұдан өзге бәрі жалған;
Ұстаз баланы тәрбиелесе, қала басшысы барша халықты тәрбиелейді, олай болса, мұның екеуі де «Сегіз қырлы, бір сырлы» халыққа қай жағынан болса да үлгілі адамдар болуы тиіс;	Егіннің ебін Сауданың тегін Үйреніп, осылай, мал ізде Адал бол-бай тап, Адам бол-мал тап Қуансаң қуан сол кезде;
Ұстаз тарапынан барынша ынталылық пен табандылық қажет. Ұстаз, өз шәкіртінен адамдық, сыпайылық, ізгілік, әділдік сияқты қасиеттерді көргісі келсе, оның өзі де осы айтылғандар болуы шарт;	Бірің қазақ, бірің дос Көрмесең, істің бәрі бос; Ұстаздық еткен жалықпас, Үйретуден балаға; Әр бір ғұламаның басқан ізінде бір-бір медресе жатады;
Адам алдымен алғашқы жаратушыны мойындап, аспан әлемінің және табиғат құбылыстарының заңдарын білуі, өзінің және басқалардың жан-дүниесін түсінуі қажет.	Адамды ақылдылығына қарай ардақта. Адам болам десеңіз бес нәрсеге ғашық бол: талап, еңбек, қайрат, терең ой, қанағат.

Әл-Фараби мен Абайды жақындататын ғылым - ол философия. Абай қара сөздері ғылыми ойға, философияға тұнып тұр. Ал Әл-Фарабидің ілімін Абайдың қара сөздерінен аңғаруға болады.

Әл-Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың қас жауы». Абай: «Егер мен қолымда закон бар адам болсам, тәрбие арқылы адамның мінезін өзгертуге болмайды,-деген адамның тілін кесер едім». Міне бұлар бір жерден шыққан ой десек артық айтқандық болмас.

Әдебиеттер:

1. Абдраман Ш. Әл-Фараби және Абай. - <http://el.kz>
2. Көбесов, А. Әбу Насыр әл-Фараби / А. Көбесов; әл-Фараби атын. ҚазҰУ.- Алматы: Қазақ ун-ті, 2004.- 174, [2] б. - 500 дана.- ISBN 9965-12-684-4
3. Машанов А. Әл-Фараби және Абай. –Алматы: Қазақстан, 1994. — 192 бет, ISBN 5-615-01499-7
4. Сұлтанова Н.К. М.Әуезов шығармаларындағы педагогикалық идеялардың сабақтастығы.// П.ғ.к. дәрежесін алу үшін дайындаған авторефераты / Сұлтанова Н.К. А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердиев – Қарағанды, 2007. – 28 б.
5. Хаметова І.Р. Абай Құнанбаевтың мұрасын оқу-тәрбие процесіне енгізудің педагогикалық негіздері. –Алматы: РИК, 1997

МАЗМҰНЫ

ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

Машкин Н.А., Абдикерова У.Б. Использование бетона в гидротехническом строительстве с применением местных сырьевых ресурсов

Әйтімова Ұ.Ж., Төлегенова Г.С. Бұлттық технологияны медиабілім беруде қолдану

Гусев Б.В., Крылов Б.А., Бисенов К.А., Аруова Л.Б., Даужанов Н.Т. Пути сокращения парниковых газов при производстве цементов и бетонов в Республике Казахстан

Жұмағұлов Т.Ж., Абжаев М.М., Сахитжанов М.Ш., Мүсіәрепханова М. Тұтқырлығы жоғары мұнай қалдықтарынан дайындалған қоспаны араластыру қондырғысын есептеу жолдары

Жұмағұлов Т.Ж., Абдрахман А.А., Әлиакбар Е.Т., Темірбек С.Т. Қабаттың сулануынан кейінгі мұнай өндіру коэффициентін жоғарылату технологиясы

Коренькова С.Ф., Сактаганова Н.А. Неавтоклавный ячеистый бетон с добавками поверхностно-активных веществ

Любчик А., Шигенова А.С., Абызбекова Г.М., Аппазов Н.О. Микротолқындық химия-зертханалық оқыту процесінде: карбон қышқылдарының күрделі эфирлерін микротолқындық активациялау арқылы алу

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҒЫЛЫМДАРЫ

Рахатов С.З., Ділімбетов М.Х., Оразалиев Б.А. Қызылорда облысының жайылымдық жерлерін тиімді пайдалану

Уджуху А.Ч., Таутенов И.А., Бекжанов С.Ж., Зайров С.Д. Күріш ауыспалы егісі жағдайында құмай дақылын жалға жүйектеп егудің тиімділігі

Ысқақ Е.Н., Мұстафа Л.К., Еділ А. Қатырып балқытудың технологиялық параметрлерін негіздеу

ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫ

Баканов Н.Г. Перспективы кластерного подхода для развития индустрии туризма в Казахстане

Бекхожаева А.К., Базыл А.Е. Мемлекеттік басқару жүйесіндегі мемлекеттік қызмет

Бекхожаева А.К., Жаркеткенева Д.М. Қызмет көрсету саласындағы туризмнің рөлі

Таранова И.В., Бекетова Қ.Н., Жетпісбай Е.И. Қазақстан Республикасындағы шағын кәсіпкерліктің дамуы

Таранова И.В., Бекетова Қ.Н., Мухтарова А.М. Жергілікті өзін – өзі басқарудың қызметтері мен міндеттері

Жакашева Г.К. Роль банков второго уровня во внешнеэкономической деятельности страны

Taranova I.V., Rysmahanova G.Zh., Tungyshbaeva L.K. Economic nature and summary of the export of capital

ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫ

Хулия Касапogлу Ченгел, Ботабаева Ж.Т. Алаш қайраткерлерінің жәдитшілдікке қосқан үлесі

Huliya Kasapoglu, Zhanbershiyeva U.N. Kaim Mukhamedkhanuly is a literature scholar

Хулия Касапogлу Ченгел, Нұзманова Х.Е., Божанова М.Ж. Жастарды отансүйгіштік рухта тәрбиелеуде халық педагогикасының құндылықтарын пайдалану

Нұзманова Х.Е., Ерденбаева Ж.С. Әл-Фараби мен Абайдың тәрбиелік ой-пікірлерінің сабақтастығы

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің **ХАБАРШЫСЫ**

1999 жылғы наурыздан бастап шығады

Издается с марта 1999 года

Жылына екі рет шығады

Издается два раза в год

Редакция мекен-жайы:
120014,
Қызылорда қаласы,
Әйтеке би көшесі, 29"А"
Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда
мемлекеттік университеті

Телефон: (7242) 26-17-95

факс: 26-27-14

E-mail: ksu@korkyt.kz

Адрес редакции:
120014,
город Кызылорда,
ул.Айтеке би, 29 "А",
Кызылординский
государственный
университет
им. Коркыт Ата

Құрылтайшысы: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті
Учредитель: Кызылординский государственный университет им. Коркыт Ата

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі
берген 450-Ж бұқаралық ақпарат құралын есепке алу куәлігі, 29 қазан, 1998 ж.

Техникалық редакторы: **С.А.Кұлманова**

Корректоры: **Қ.Жұмабаева**

Теруге 21.12.2015 ж. жіберілді. Басуға 28.12.2015 ж. қол қойылды.
Форматы 60x84¹ 8. Көлемі 15,25 шартты баспа табақ. Таралымы 500 дана.
Тапсырыс 115. Бағасы келісім бойынша.

Сдано в набор 21.12.2015 г. Подписано в печать 28.12.2015 г.
Формат 60x84¹ 8. Объем 15,25 усл.п.л. Тираж 500 экз. Заказ 115. Цена договорная.

*Жарияланған мақала авторларының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.
Мақала мазмұнына автор жауап береді.
Қолжазбалар өңделеді және авторға қайтарылмайды.
"ХАБАРШЫДА" жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.*

*«Ақмешіт Баспа үйі» ЖШС баспаханасында басып шығарылды.
120014, Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, 31.*